



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі



Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Жастар саясаты жөніндегі кеңес



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – 2015» ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ

АЛМАТЫ - 2015

УДК 329 (574) (061)
ББК 66.75 (5 Қаз)
Қ 18

ISBN 978-601-04-1609-3

«Қазақстан жастары – 2015» Ұлттық баяндамасы. Сәлімгерей А.А., Әбдірайымова Г.С., Абдикерова Г.О., Айдарбаев С.Ж., Булатбаева А.А., Веревкин А.В., Ибраева А.С., Лифанова Т.Ю., Мәсәлімова А.Р., Межибовская И.В., Мыңбаева А.К., Ким А.М., Насимова Г.О., Оспанов С.И., Үсеинова Г.Р., Шапинова С.А. – Алматы: «Қазақ Университеті», 2015.

Аударма: қазақ тіліне – А.А. Маулен.

Көркемдеу және беттеу: А.Ш. Алдашева, А. Колесников, Р. Шангараев, Р. Скаков, А. Маханбетжанова; корректор Г. Бекбердиева, Е. Жайнаков.

«Қазақстан жастары – 2015» Ұлттық баяндамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен дайындалды.

Ұлттық баяндама жастардың ахуалын және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының жай-күйін талдауға арналады.

Баяндамада ғылыми зерттеулердің, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық және басқа да деректер негізінде қазақстандық жастардың әлеуметтік-демографиялық құрылымы сипатталады; білім және ғылым, денсаулық сақтау, еңбек және кәсіпкерлік, жастардың әлеуметтік-саяси үрдістерге және жастар субмәдениетіне қатысуы және т.б. салалардағы жастардың жай-күйіне толық талдау жасалады.

Ұлттық баяндама мемлекеттік органдарға, оқу орындарына, қоғамдық бірлестіктерге, жастар ресурстық орталықтарына, БАҚ – мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға мүдделі барлық тұлғаларға арнап әзірленді.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015 ж.

Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2015». Салимгерей А.А., Абдирайымова Г.С., Абдикерова Г.О., Айдарбаев С.Ж., Булатбаева А.А., Веревкин А.В., Ибраева А.С., Лифанова Т.Ю., Масалимова А.Р., Межибовская И.В., Мынбаева А.К., Ким А.М., Насимова Г.О., Оспанов С.И., Усеинова Г.Р., Шапинова С.А. – Алматы: «Қазақ Университеті», 2015.

Перевод: каз. яз. – А.А. Маулен.

Дизайн и верстка: А.Ш. Алдашева, А. Колесников, Р. Шангараев, Р. Скаков, А. Маханбетжанова; корректор Г. Бекбердиева, Е. Жайнаков.

Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2015» подготовлен по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Национальный доклад посвящен анализу положения молодежи и состояния государственной молодежной политики в Республике Казахстан.

На основе научных исследований, официальных статистических и иных данных государственных органов в докладе представлена социально-демографическая структура казахстанской молодежи; проведен детальный анализ положения молодежи в сферах образования и науки, труда, здравоохранения, занятости и предпринимательства, участия молодежи в общественно-политических процессах, молодежных субкультурах и др.

Национальный доклад адресован государственным органам, учебным заведениям, общественным объединениям, молодежным ресурсным центрам, СМИ – всем, кто заинтересован в эффективной реализации государственной молодежной политики.

© КазНУ имени аль-Фараби, 2015 г.



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1-тарау. Қазақстан Республикасы жастарының демографиялық сипаттамасы	6
1.1. 14-29 жас аралығындағы жастардың саны	7
1.2. Жастардың жыныстық-жас ерекшелік құрылымы	9
1.3. Жастар арасында туылым, неке, ажырасу және өлім	11
1.4. Жастардың сыртқы және ішкі көші-қоны	16
2-тарау. Жастардың құқықтық мәртебесін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы	21
2.1. Жастардың құқықтық жағдайы мен жастар саясаты негіздерінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының тұжырымдамасы	22
2.2. Жастар саясаты саласындағы халықаралық-құқықтық нормалар мен шетелдік заңнама	25
2.3. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру	29
3-тарау. Жас ұрпақ денсаулығы мен бос уақыты.....	36
3.1. Жастардың әлеуметтік маңызы бар ауру түрлері	37
3.2. Салауатты өмір салты және жастар арасындағы спорттық-сауықтыру жұмыстары	40
3.3. Жастардың бос уақыты	43
4-тарау. Жастар өміріндегі білім және ғылым	49
4.1. Білім беру кеңістігі: қамтылуы, мүмкіндіктері және қол жетімділігі	50
4.2. Білім сапасы және жастардың кәсіби стратегиясын іске асыру	57
4.3. Ғылымдағы жастар: әлеуеті және даму стратегиясы	59
4.4. Жаңа кәсіпқой ұрпақты қалыптастырудағы «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасы	61
5-тарау. Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы	64
5.1. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және шешім қабылдау процесіне жастардың қатысуы	65
5.2. Жастар және еңбек нарығы	69
5.3. Жастарды әлеуметтік қолдау	79
6-тарау. Жастар ортасындағы қылмыстылық пен өзге де қоғамға қарсы құбылыстар	86
6.1 Жастар қылмыстылығы: құқық бұзушылық пен олардың алдын алу	87
6.2. Жастар ортасындағы қоғамға қарсы әрекеттер	92
6.3 Жастар арасындағы суицид	95
7-тарау. Қоғамдық-саяси үдерістегі жастар.....	99
7.1. Жастар елдің қоғамдық-саяси өмірінде	100
7.2. Жастардың сайлауға қатысуы	101
7.3. Жастардың наразылық белсенділігінің деңгейі	104
7.4. Жастар және дін	107
8-тарау. Жастармен жүргізілетін әскери-патриоттық жұмыстар.....	112
8.1. Жастардың әскери-отансүйгіштік тәрбиесін мемлекеттік реттеу	113
8.2. Қазақстандық отансүйгіштік және қазіргі жастардың азаматтық борышты түсінуі	116
ҚОРЫТЫНДЫ	121
ҰСЫНЫСТАР	124



КІРІСПЕ

Қазіргі жастар – Қазақстан халқының белсенді бөлігі. Оның дамуы мемлекетіміздің және қазақстандық қоғамның ерекше назарындағы тақырыпқа ие. Олар тәуелсіз жаңа Қазақстанда туып-өскен және тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы онжылдықтардағы елде болған барлық әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістердің алғашқы нәтижелерінің дәмін татқан әлеуметтік топ. Жастардың даму деңгейі (физикалық, ақыл-ойы, білімі, рухани дамуы, мінез-құлық мотиві, әлеуметтік белсенділігі, құндылықтық ұстанымдары, әлеуметтік белсенділігі) Қазақстанның болашақтағы адам капиталының іргетасын құрады. Жастардың қоғам өмірінің барлық саласына бейімделгені және белсенді араласу деңгейінен қоғам мен жастардың даму қарқыны анықталады. Сол себепті, жастар дегеніміз кімдер және жастардың потенциалы қаншалықты маңызды деген сауалдар қазіргі Қазақстан үшін өте өзекті болып табылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қарқынды дамып келе жатқан жаһанда стратегиялық артықшылыққа басты тасымалдаушылары жастар болып табылатын адами және инновациялық капиталды жемісті жүзеге асырушы және тиімді дамытушы елдер ие болады.

2015 жыл – ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданған, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік Жастар саясаты Концепциясының екінші кезеңін жүзеге асыру басталған жыл. Сондықтан дәстүрлі ұлттық баяндаманы дайындау бір жағынан өткен кезеңнің қорытындысын шығаруға, екінші жағынан болашақтағы даму үшін есептің жаңа көзқарастағы координатының сатысы болып табылады.

Оның негізгі мақсаты мемлекеттік мүдде тұрғысынан жастардың жағдайын шынайы бағалау, жастардың негізгі беталысын айқындау және мемлекеттік жастар саясатының ауқымды мәселелерін шешудің тиімді жолдарын анықтау болып табылады.

«Қазақстан жастары – 2015» ұлттық баяндамасы Білім және ғылым министрлігінің

тапсырысы бойынша ҚР «Қазақстан Республикасының жастар саясаты туралы» Заңының 6 тармағына сәйкес дайындалған және осы тәрізді дайындалған үшінші баяндама.

Ұлттық баяндама Қазақстан Республикасы жастарының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасын, өсім динамикасын, жастық құрылымын, жастар арасында туу және өлім тенденциясын қарастыратын 8 тараудан тұрады. Адами капиталдың басты элементі білім мен ғылым болып табылады, сол себепті, авторлар басты назарды жастардың сапалы білімге қолжетімділігін, жастардың ғылымға қызығушылығын талдауға аударған.

Жеке тарау дәстүрлі түрде жастар денсаулығының жағдайына, оның ерекшеліктеріне, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және спорттық-сауықтыру істеріне арналған. Сонымен бірге, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында жастардың рөлін, еңбек нарығындағы жағдайын, жастардың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық көлемін, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін талдауға басты назар аударылған. Алғаш рет Қазақстандағы жастардың кәсіподақтық қозғалыстары, ауыр, зиянды және қауіптілігін есепке ала келе еңбек нарығында жастардың әлеуметтік қолдау табуы сарапталады.

Жастардың әлеуметтік-саяси процестерге қатысуына арналған тарауда жастардың саяси белсенділігі, азаматтық ұстанымдары, шешім қабылдауда, қоғамдық өмірге қатысуда наразылық белсендігін анықтауға арналған жағдайлар қарастырылған. Отанды қорғауда азаматтық және әскери міндетін орындауға жастардың дайындығын қалыптастыру процесінде әскери-патриоттық тәрбиені жүзеге асыру, қазақстандық жастардың отансүйгіштік және азаматтылық түсініктерінің ерекшеліктері туралы мәліметтер үлкен қызығушылық тудырады.

Басқа жағынан алғанда, қоғам мен жастардың арақатынасы девиантты (әлеуметтік нормалардан ауытқу) мінез-құлық сипатында жүзеге асады. Баяндамада жастардың қылмыстылығына қатысты негізгі тенденциялар, жас буынды бейәлеуметтілік белгілерінің қамтуы талданады.



Көп жағдайда қолда бар материалдардың алға қойылған міндетті орындауға, соның ішінде, аймақаралық толықтай талдауға мүмкіндік бермегенін атап өткен жөн. Жекелей көрсеткіштерді салыстыруға келгенде түрлі секторлардағы жастық топтардың статистикасының сәйкес келмеуі де біраз мәселе тудырды. Осы себептерге байланысты баяндаманың тараулары түрлі деңгейдегі талдамалардан құралған. Толықтай алғанда, жүргізілген кешенді талдау жастар дамуының позитивті және негативті аспектілерін айқындауға, потенциалды мүмкіндіктерін және мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін көтеруде бірнеше практикалық ұсыныстарды дайындай келе елдің дамуына үлес қосуға, туындаған мәселелерді уақытында шешу жолында қажетті шараларды жасауға және жастармен жұмыста басым бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді.

Баяндаманы дайындау барысында ғылыми мәліметтер, ресми мемлекеттік статистика мағлұматтары, Қазақстан Республикасының жастар қоғамдық бірлестіктерінің, ірі кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың, министрліктердің ақпараттық-сараптамалық материалдары, бұқаралық ақпарат құралдарының контент-талдаулары, ашық қолданыстағы интернет-ресурстар қолданылды.

Ұлттық баяндама жастардың сандық және сапалық сипатын көрсететін инфографикалық сипаттағы материалдармен қамтамасыз етілген; суреттер мен кестелерде шынайы статистикалық және басқа да мәліметтер келтірілген.

Сонымен қатар, баяндамада Президент Әкімшілігінің тақырыптық жоспарына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша жүргізілген әлеуметтанулық зерттеуердің нәтижелері қарастырылған:

– әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы Ұлттық баяндаманы даярлау ауқымында жүргізген жалпы әлеуметтанулық сауалнама. 2015 жылы Қазақстанның 14 облысы және республикалық маңызы бар Алматы және Астана қалаларында 2085 жас респондент сауалнамаға жауап берді. Жастар саясатын жүзеге асыру процесінің маңыздылығын арттыру мақсатында еріктілер, жастар ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер мен орталықтар, жергілікті әкімшіліктердің жастар саясатын жүзеге асыру жұмысына жауапты тұлғалардан құралған 114 эксперттің қатысуымен 20 фокус-топтық зерттеулер жүргізілді;

– ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2013-2015 жылдар аралығында жүргізілген әрқайсысында 2000 респондент қатысқан жалпы әлеуметтанулық сұрауы;

– 2015 жылы Президент Әкімшілігінің тақырыптық жоспарына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің Философия және саясаттану институтының тапсырысы бойынша жүргізілген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әлеуметтанулық зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығы жүргізген 1000 жас респонденттен құралған әлеуметтанулық сұрауынан құралады.

«Қазақстан жастары – 2015» ұлттық баяндамасын министрліктер, жастармен жұмыс жөніндегі республикалық және аймақтық деңгейдегі мемлекеттік органдар, оқу орындары, қоғамдық ұйымдар, жастардың орталықтары, БАҚ және басқа да жастар саясатына қызығушылық танытқан ұйымдар мен тұлғалар қолдана алады.



1 тарау

Қазақстан Республикасы жастарының демографиялық сипаттамасы



1.1. 14-29 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САНЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (әрі қарай – Статистика комитеті) деректеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы жастардың саны 2015 жылдың басында 4 206 300 адамды құрады (1.1-сурет).

Қазақстан Республикасындағы жастар саны (1992-2015 жж., адам.)

1.1
сурет


Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Жастар санындағы елеулі арту көрсеткіші 1980-ші жылдардың аяғында туғандардың демографиялық толқынмен және 1990-шы жылдардағы дағдарыстың кесірінен оның біртіндеп төмендеуіне байланысты орын алған. 23 жыл ішінде жастар саны 116 761 адамға (2,9%) артты.

Келтірілген деректер «демографиялық шұңғыл» туудың төмендеуіне айқын әсері азырақ маңызды болуда және біріншілікті экономикалық факторлардың теріс әсеріне береді: халық кірістері қайнар көздерінің тұрақсыздығына алып келетін, еңбек бәсеке-лестігінің кенет өсуі, мәдени тұтастық, өмір салтының динамизмі, білім берудің уақыттық интервалының өсуі, өмір құнының айтарлықтай артуы, сонымен қатар халық қажеттіліктерінің вариативтілігінің кеңеюі.

Негізгі топтар бойынша жастардың саны 1.2-суретте көрсетілген.

Негізгі жас топтары бойынша жастардың үлестік салмағы, 2015 ж. басы, %


1.2
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2015 жылдың басындағы жай-күй бойынша негізгі жас шоғырларының меншікті салмақтық арақатынасы: 14-18 жас – 27,0%; 19-23 жас – 33,9% және 24-28 жас – 39,1% [1, 5 б.].

Қазіргі таңда Қазақстан жастары құрылымында санының көптігі бойынша 24-28 жастағы ересек топ өкілдері көш бастап келеді. Жас топтары қимасындағы жастар санының айтарлықтай теңсіздігі, өткен ғасырдың 90-шы жылдары орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс аясындағы туу факторының өсуі мен кемуінің кезектесуімен байланысты (1.3-сурет).

Жастардың жалпы санына шаққанда жастардың жас ерекшелік топтары бойынша саны, 2015 ж. басы, адам және %


1.3
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



2015 жылдың басы елдегі халықтың жалпы санына шаққандағы Қазақстан жастарының саны 24,15% құрайды (2014 жылы – 25,01%). Олардың ішінде (абсолюттік шамада): қала жастары – 2 375,9 мың адам, ауыл жастары – 1 830,4 мың адам. Республикадағы қала халқына шаққандағы жастардың меншікті салмағы 24,07%, ауыл халқы арасында 24,24% құрайды (1.5, 1.6-суреттер).

3 жылдағы жастар санының өзгерісі (2013-2015 жж., адам)

1.4
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті


Елдегі халықтың жалпы санына шаққанда жастардың саны, 2015 ж. басы, адам.

1.5
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті


2015 жылдың басындағы жай-күй бойынша қала халқы арасындағы жастардың жалпы саны, ауыл жастарымен салыстырғанда 56,5% және 43,5% басымдылық көрсетеді (1.7-сурет).

Қала және ауыл халқы қимасындағы жастардың үлес салмағы, 2015 ж. басы, %

1.6
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Қала/ауыл қимасындағы жастар саны, 2015 ж. басы, адам. және %

1.7
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Өңірлер қимасындағы жастар саны, 2015 ж. басы, адам.

1.8
сурет

Оңтүстік Қазақстан облысы	723 936
Алматы облысы	450 795
Алматы қ.	440 476
Қарағанды облысы	314 966
Шығыс Қазақстан облысы	304 972
Жамбыл облысы	260 631
Ақтөбе облысы	213 867
Астана қ.	213 350
Қостанай облысы	201 440
Қызылорда облысы	189 637
Павлодар облысы	164 465
Ақмола облысы	165 154
Маңғыстау облысы	152 652
Батыс Қазақстан облысы	149 595
Атырау облысы	144 152
Солтүстік Қазақстан облысы	116 212

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



2015 жылдың басындағы жай-күй бойынша жастардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан (723 936 адам) және Алматы (450 795 адам) облыстарында тұрады. Жастардың ең аз үлесі, өткен жылдардағыдай, Солтүстік Қазақстан (116 212 адам) және Атырау (144 152 адам) облыстарына тиесілі (1.8-сурет).

Сонымен бірге, 2015 жылдың басындағы жай-күй бойынша өңірлер кимасындағы аймақтардағы халықтың жалпы санына шаққандағы жастардың ең үлкен үлес салмағы Алматы қаласында – 26,8%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 26,0%, Ақтөбе облысында – 26,0%. Жастардың ең аз үлесі Солтүстік Қазақстан (20,3%) және Павлодар (21,8%) облыстарында байқалады (1.9-сурет).

Өңірлердегі халықтың жалпы санындағы жастардың үлес салмағы, 2015 ж. басы, %

1.9
сурет

Ақмола облысы	22,4%
Ақтөбе облысы	26,0%
Алматы облысы	23,5%
Атырау облысы	24,8%
Шығыс Қазақстан облысы	21,9%
Жамбыл облысы	23,7%
Батыс Қазақстан облысы	23,7%
Қарағанды облысы	22,9%
Қостанай облысы	22,9%
Қызылорда облысы	25,2%
Маңғыстау облысы	25,2%
Павлодар облысы	21,8%
Солтүстік Қазақстан облысы	20,3%
Оңтүстік Қазақстан облысы	26,0%
Астана қ.	25,0%
Алматы қ.	26,8%

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті


1.2. ЖАСТАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ-ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«Жастар» атты демографиялық санатқа, ресми статистикалық өлшемдерге сәйкес, 14 жастан 29 жасқа дейінгі жас адамдар жатады, олар әлеуметтік-экономикалық және психолого-физиологиялық өлшемдер қатарында келесідей топтарға топтастырылуы мүмкін: 14-18 жас – кіші, 19-24 жас – орта және 25-

29 жас – ересек жас шоғыры. Жастардың туу мен некелесу құрылымында қатыстық көрсеткіштер 15-19 жас, 20-24 жас, 25-28 жас топтарында көрсетілген (Статистика комитетінің ақпаратына сәйкес).

Мемлекеттік Статистика комитетінің ақпараттарына сәйкес, республика бойынша ер жынысты жастар саны 50,3% құрайды, сәйкесінше, әйел жынысы – 49,7%, абсолют мәнінде 2 116,6 мың ерлерді және 2 089,6 мың әйелдерді құрайды (1.10, 1.11-суреттер).

Жастардың негізгі жас ерекшелік топтары бойынша саны (ерлер мен әйелдер), 2015 ж. басы, адам.

1.10
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2015 жылдың басында жастардың негізгі жас шоғырлары бойынша ерлер мен әйелдердің келесідей арақатынасы байқалады:

– 14 жастан 29 дейінгі жаста ерлер (51,1%) және әйелдер (48,9%) саны арасындағы өріс 2,2% құрайды;



Қазақстан Республикасы жастарының гендерлік құрамы, жастардың жалпы санындағы %, 2015 ж. басы

1.11
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

– 19-23 жас – ер адамдар (50,4%) және әйел адамдар (49,6%) саны тепе-тең (ерлер пайдасына барлығы 0,8% өріс);

– 24-28 жас шоғырында әйелдер саны (50,5%) басым болып келеді. Еркектер – 49,5% (өріс – 1%). Зерттеліп отырған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ақпарат 1.12 және 1.13-суреттерінде көрсетілген.

Айта кетерлігі, өңірлердегі ер адамдар саны, әйел адамдар санына қарағанда сәл көбірек. Алайда, республикалық маңызы бар қалаларда қыздар саны түрлі жас шоғырларындағы жігіттер санымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.

Қазақстан жастарының жыныстық-жас құрылымы мен саны, 2014-2015 ж. басы, адам

1.12
сурет

Жасы / жыл	2014			2015		
	барлығы	ерлер	әйелдер	барлығы	ерлер	әйелдер
14-28	4293353	2156754	2136599	4206300	2116612	2089688
14	218007	111811	106196	223984	114313	109671
15	224133	114753	109380	217747	111656	106091
16	225500	114915	110585	223850	114596	109254
17	243208	124148	119060	225314	114796	110518
18	258567	131957	126610	242968	123984	118984
19	277706	141724	135982	258315	131785	126530
20	284610	145087	139523	277498	141532	135966
21	298460	151311	147149	284419	144919	139500
22	309751	154993	154758	298141	151110	147031
23	327068	161841	165227	309317	154677	154640
24	330002	163288	166714	326662	161536	165126
25	335642	165065	170577	329599	163033	166566
26	330799	164008	166791	335112	164726	170386
27	323872	160821	163051	330202	163619	166583
28	306028	151032	154996	323172	160330	162842
14-18	1169415	597584	571831	1133863	579345	554518
19-23	1497595	754956	742639	1427690	724023	703667
24-28	1626343	804214	822129	1644747	813244	831503

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2015 жылдың басында қалаларда 1 160 960 жас ерлер мен 1 214 922 жас әйелдер тұрып жатты, сәйкесінше, 27,6% және 28,9% құрады. Қалалардағы Қазақстан жастары санының

өсуі, олардың білім алу және еңбек мақсаттарымен байланысты. Жастардың жыныстық-жас құрылымы бойынша егжей-тегжейлі ақпарат 1.14-сурет диаграммасында көрсетілген.

Негізгі жас шоғырлары бойынша,
әйелдер мен ерлер санының
арақатынасы, 2015 ж. басы, %



1.3. ЖАСТАР АРАСЫНДА ТУЫЛЫМ, НЕКЕ, АЖЫРАСУ ЖӘНЕ ӨЛІМ

Туылым. Қазіргі таңда жастар арасындағы туылым балаларды дүниеге алып келудегі тәжірибе тұрақтылық пен бақылау арқылы сипатталады (1.15 сурет).


Қазақстанда бала туудың негізгі санын 20-24 және 25-29 жасындағы жас әйелдер тобы құрайды. 2012 жылдан жастардың барлық жас топтарында 7578 балаға көбейген. Туылым көрсеткіші мен қалыпты өсуінің ең жоғарғы көрсеткіші ауылдық жас әйелдердің барлық жас топтарында орын алған (1.16-сурет).

Соңғы үш жылда жастардың барлық жас топтарының арасында туылым ұлғайған (1000 әйелге):

- 15-18 жас аралығындағы жастық топтарда туылым соңғы бес жылда 1,98%;
- 19-23 жас – 10,71% еселенген
- 24-28 жас – 3,32% көбейген (1.17 және 1.18-суреттер).

Аймақтық бөлініске сәйкес жас топтарының 15-тен 18-ге дейінгі жас бойынша туылымның ең жоғарғы көрсеткіші Маңғыстау облысына тиесілі және 34,49% құрайды, 19-дан 23 жас – Оңтүстік-Қазақстан облысы және 214,53% құрайды, 24-тен 28 жас – Оңтүстік-Қазақстан облысы және 236,13% құрайды (1.19-сурет).

Қазақстан халқының жыныстық-жас
ерекшелігі бойынша құрылымы,
2015 ж. басы




Жастар арасындағы туылым көрсеткішінің ең жоғары көрсеткіші Оңтүстік-Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл және Атырау облыстарында.

Туылымның жастар арасындағы ең төменгі көрсеткіші Алматы қаласына тиесілі.

2012 ж. және 2014 ж. жастар
арасындағы туылым туралы
мәліметтер, бала1.15
сурет


Туылғандар саны



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Туылғандардың салыстырмалы
саны ауыл/қала1.16
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті


Жас бойынша топтарының туу
көрсеткіші, ‰1.17
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Ауыл жастарының арасындағы туылым қала жастарының арасындағы туылымнан әлдеқайда жоғары (1.20-сурет).

Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, 25 жасқа дейінгі жас әйелдер орта есеппен 1-2 баланы, 25-29 жас арасындағылар 3-4 баланы қалайды. Сәйкесінше ерлер арасында 25 жасқа дейінгілер 1 және 2 бала болғанын қалайды. Қазақстандағы туылым деңгейінің

өсуі жас отбасыларды қолдайтын бағдарламалардың бағытты ұлғаюын жүзеге асыру шарасымен ұштастырылады.

Соңғы үш жылда жастардың жастық
топтары мөлшеріндегі туылым
көрсеткіші (‰, 1000 әйелдер)1.18
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Неке. 20-25 жас аралығы жастардың некеге тұру кезеңі болып саналады. Қазақстанда 2013 жылы жастар арасында 114 262 неке тіркелген, 2011 жылы салыстырмалы негізде 109 709 болған. Пайыздық мөлшерлеме бойынша еліміздің 20-24 жас пен 25-29 жас аралығындағы жастар санын құрайтын жас топтарындағы некелер жатады (1.21-сурет).

Жас мөлшері топтарының ішінде ешқашан некеге тұрмаған жас адамдарының үлесі 20-24 жасты және 25-29 жасты құрайды. Тиісінше, аталған жас мөлшері топтарында алғашқы некеге тұрған жас адамдардың үлесі әлдеқайда көп болып табылады, Қазақстан тұрғындарына жастық кезеңінде бойдақ болып қалу тән болып отыр, 25-29 жасты құрайтын жас мөлшері топтарында ажырасушылардың үлесі көп. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Комитетінің мәліметіне сүйенсек өзінің неке жағдайын көрсетпеген адамдар саны да жеткілікті (1.22-сурет).

Некеге тұру жасы неке тәртібінің көрсеткіші болып табылады. Соңғы 5 жылда (2010 ж. бастап – 2014 ж. дейін) әйелдердің және еркектердің алғашқы некеге тұру орта жасы өсті (1.23-сурет).

Аймақ бойынша жастардың жастық топтары мөлшеріндегі туылым көрсеткіші (‰)

1.19 сурет




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

1.23-суретте көрініп тұрғандай, ер адамдар некеге әйел адамдарға қарағанда 2-3 жыл кейін тұрады. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Комитетінің мәліметіне сүйенсек 2014 жылы Алматы қаласында әйел адамдары мен ер адамдарының алғашқы некеге тұруының жоғарғы көрсеткіші тіркелді, ол – 25,7 және 27,7 жас аралығын құрады.

Қала/ауыл арасындағы туылым көрсеткіші, ‰


1.20 сурет



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2012-2014 жылдардағы жастар арасындағы неке саны

1.21 сурет



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2014 ж. жастар арасындағы некелесу жасы мен некелесу туралы, адам

1.22 сурет

- Некеге тұрғандар (неке жағдайна бойынша), соның ішінде:
- Некеге бұрын тұрмағандар
- Жесірлер
- Ажырасқандар
- Неке туралы мәліметтер бермегендер

Жастық топ	Некеге бұрын тұрмағандар	Жесірлер	Ажырасқандар	Неке туралы мәліметтер бермегендер	
<18	91	84	2	5	0
18-19	3134	3107	0	6	21
20-24	52685	51874	80	686	45
25-28	50277	47032	114	3101	30


Жастық топ	Некеге бұрын тұрмағандар	Жесірлер	Ажырасқандар	Неке туралы мәліметтер бермегендер	
<18	1392	1324	2	5	5
18-19	18306	18110	18	51	127
20-24	73645	71943	134	1477	91
25-28	31717	28049	187	3457	24

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті



Ол жас адамдарда патриархалдық гендерлік ұстанымдардың қызмет етуімен түсіндіріледі. Осыған сәйкес отбасының басшысы және негізгі қамқоршысы ер адам болып табылады. Тиісінше ер адам үшін кәсіби жетістік алғашқы және негізгі мақсат болып қала береді, себебі ол қаржылық тұрақтылыққа кепілдік береді және өз отбасын әрі қарай қамтамасыз етуге мүмкіншілік тұғызады.

Жастардың арасындағы некенің орта жасы (жынысына қарай соңғы бес жыл)



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Жас әйел адамдарына қатысты осы көрсеткіш бойынша екі үрдісті атап көрсетуге болады. Бір жағынан, жоғарыда аталған гендерлік ұстанымдардың әсерінен әйелдердің әлеуметтік жетістігі тұрмыс құрумен және отбасымен байланысты болады. Осы себептен де олар ер адамдарға қарағанда ерте тұрмыс құрады. Сонымен қатар, әйелдердің неке жасының өсу тенденциялары да байқалады, өйткені әйелдердің кәсіби жетістікке жетуі маңызды болып келеді. Бұл қарастырылып отырған көрсеткіштерде көрініс тауып отыр.

Негізінен, зерттеу арқылы Қазақстан жастарының отбасылық-құндылықтары анықталды: отбасылық бақыттың маңыздығы өмірдің құндылығында (1.24-сурет). Дара бағдардағы құндылық қазақстандық жастар үшін өте маңызды: өзінің және жақын туған адамдарының денсаулығы (79%), отбасылық бақыт (71%), талпыныс арқылы қызықты жә-


не жоғары төлем ақы берілетін жұмыс (58%), тыныш өмір және жақсы материалдық қамтамасыздану (54%).

Жастардың өмірлік құндылықтарының қажеттілік дәрежесі, %.



Дереккөзі: Социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік инжиниринг және әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша)

«Сіз қалай өз өміріңіздің негізгі мақсаты мен мағынасын анықтар едіңіз?» сұрақтарға жауапты орналастыру.




Дереккөзі: Социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік инжиниринг және әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша)

Жастардың басым көпшілігінің үлесі – бірінші орында жеке табысқа жеткен тұрақты отбасына тиесілі (67%). Өз кезегінде, табыс, жастардың айтуынша, ол, ең алдымен, «отбасылық әл-ауқат» және «материалдық әл-ауқаты, байлығы». Сонымен қатар, жастардың (38,4%) үлкен бөлігі, өмірдің басты мағынасы – оның отбасы, туыстары мен достарына қызмет болып табылады (1.25-сурет).



Ажырасу. Республикада жастар арасында ажырасу өте жоғары. Ажырасудың ең көп мөлшері жас адамдардың 25 тен 29 жас аралығындағы жас адамдарға тиесілі (1.26, 1.27-суреттер).



Мұның себебі көп. Біріншіден, көптеген жас адамдардың қиын отбасылық өмірге психологиялық тұрғыдан дайын емес екендігін айтып өту қажет. Өзін-өзі тұлға ретінде жетістікке ұмтылдыру жас ерлі-зайыптылар-

дың арасында қақтығыстардың болуына әкеп соқтырады. Сонымен қатар, осы заманда жас адамдарға ересек адамдардың аса қамқорлық етуінде айтып кеткен жөн. Ол жастар ортасында инфантилизмнің өсуіне, атап айтқанда өзіне жауаптылық жүктеуден қашуға және жауаптылыққа қабілетсіз болуына әкеп соқтырады.

Өлім. 14-28 жастағы жастардың арасындағы өлім себептерін анықтау үшін 1000 адамға шаққанда көрінетін тұрғындар санынан бір жылға (14-28 жас аралығында) қайтыс болғандардың жалпы санынан өлімнің жастық көрсеткіші пайдаланылды.



2014 жылы ер адамдар мен әйел адамдары арасында өлімнің ең жоғарғы көрсеткішін 24-28 жастағылар құрады, 2,07 және 0,7% жетті; ең төменгісі – 14-18 жастағылар құрап, 0,49 және 0,42% жетті (1.28-сурет).

Ер адамдар арасындағы өлім әйелдер арасындағы өлімге қарағанда әлдеқайда жоғары. Соңғы үш жылда ер адамдар арасындағы өлім және әйелдер арасындағы өлімнің азаяуы байқалады. Ер адамдар мен әйел адамдары арасындағы ең әлсіз жастық топ – 24-28 жас аралығын құрап отыр.

2012-2014 жж. жастардың арасындағы
өлімнің жастық көрсеткіштер, ‰

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Соңғы үш жылда 14-18 жас аралығындағы өлім 0,19‰ төмендеді; 19-23 жас аралығындағы – 0,22‰ төмендеді; 24-28 жас аралығындағы – 1,46‰ төмендеді. Нәтижесінде өлім деңгейі 2012 ж. 1,25‰ 2014 ж. 0,98‰ есе төмендегенін атап кеткен жөн (1.29-сурет).

Ер адамдар арасындағы ең жоғарғы өлім көрсеткіші Солтүстік-Қазақстан облысында, ал әйелдер арасындағы ең жоғарғы өлім көрсеткіші – Қарағанды және Павлодар облыстарында байқалады, ал ең төменгі көрсеткіштер Астана және Алматы қалаларының тұрғындары арасынан байқалады (1.30, 1.31-суреттер).

1.4. ЖАСТАРДЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ
ІШКІ КӨШІ-ҚОНЫ

Көші-қон елдің демографиялық құрылымын анықтайды. Ол аймақтардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші болып табылады, сол себептен де ішкі миграциялық ағымдардың динамикасын, бағытын және құрылымын анықтайды, көші-қон саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырудың маңызды буыны болып табылады.

Қазақстаннан 2014 ж. 7 251 адам көшіп кетті, оның ішінде 3 378 ер адамдар, 3 873 әйел адамдары; Қазақстанға 6 089 адам келді, оның ішінде еркектер – 2 831, әйелдер – 3 258. Арасындағы теңгерім (-1290) құрады (1.32-сурет).

ТМД елдерінен 6 487 адам көшіп кетті; Қазақстанға ТМД елдерінен – 5 566 адам көшіп келді. Басқа елдерге 764 адам көшіп кетті; 523 адам келді.

2014 жылғы аймақ бойынша жастар
арасындағы өлім көрсеткіші
(1000 адамға шаққанда
жастық топтарында, ‰)

Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2014 жылғы аймақ бойынша жастар арасындағы өлім көрсеткіші (1000 адамға шаққанда жастық топтарында, ‰)


1.31 сурет



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2014 ж. жас топтары бойынша және жынысы бойынша жастардың сыртқа көші-қоны

1.32 сурет



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Ауылдан қалаға көші-қоны ұлғаюының әртүрлі себептері

1.33 сурет



Дереккөзі: Социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметі бойынша)

Жастардың миграциялық әрекеті. Көпшіліктің пікірінше жастардың миграциялық әрекетін үш топқа бөлуге болады: ішкі көші-қоны, жақын және алыс шет елдерге сыртқы көші-қоны.

Ішкі көші-қоны жастардың республикалық маңызы бар қалаларға және Қазақстанның өзге де қалаларына, облыстарына, ауылдарына көшуге ұмтылуымен сипатталады.

Дайындалған Баяндама бойынша фокустоптық зерттеулеріне сәйкес «Сіздің ойыңызша жастардың ауылдан қалаға көшуіне не себеп болады?» деген сұраққа жауап ретінде мыналар айтылды:

1. Жұмысқа тұру мақсатында;
2. Тіршілік деңгейін жақсарту үшін;
3. Кәсіби өсудің мүмкіншілігі;
4. Өзге де жағдайлар.




Республика бойынша барлық респонденттердің жауабы 1.33-суреттегі диаграммада көрсетіледі.

Жастардың ауылдан қалаға көшуінің басты себептерінің бірі жұмысқа тұру және тіршілік жағдайын жақсарту болып табылады.

«Жастар» ҒЗО әлеуметтік сұрау салу мәліметі бойынша 48,8% сұралғандар ешқайда көшпейтіндігін жоспарлаған, 21,1% жас қазақстандықтар көшу туралы ойланбаған, 14,8% респонденттер тіршілік жағдайы өзгерсе ғана көшетіндігін жоспарлаған. 4,3% жас қазақстандықтар жақын екі жыл ішінде көшуді жоспарлаған және 10,8% жағдайы жоқтығынан көше алмайтындығын мәлімдеді (1.34-сурет).

Көшу ниеті туралы сұраққа Жамбыл облысының тұрғындары (10,3%), Қызылорда облысының (9,2%) және Қостанай облысының (9,1%) тұрғындары оң көзқараспен жа-

«Сіздің көшкіңіз келеді ме?» сұрағына жауап

1.34
сурет

Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнамасы нәтижелері
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша)

уап берді. Көшіп кеткісі келетінін білдірткен, бірақ мүмкіншілігі жоқ болғандар Қызылорда облысының жастары (49,4%), Батыс Қазақстан облысының жастары (22,2%) және Жамбыл облысының жастары (21,4%). Бұл көрсеткіш өте жоғары болып табылады және осы аймақтарда түрлі проблемалар орын алып отырғанын көрсетеді, ол өз кезегінде жастардың аталған аймақтардан кетуіне себеп туғызып отыр [3].

Соңғы он жылдықта ішкі көші-қонының ең жағымды бағыттары Алматы, Атырау және Маңғыстау облыстарында, сонымен қатар Астана және Алматы қалаларында байқала-

ды. Ішкі және шетелдік инвестициялардың кең көлемі және өзге де экономикалық мүмкіндіктер, еңбек орындарының көбеюі мигранттар санының өсуіне әкеліп соқтырып отыр.

«Жастар» ҒЗО әлеуметтік зерттеулерінің нәтижесі бойынша жақын шетелдердің ішінде РФ – 22,5% жастар көшкісі келетіндігін атап көрсетеді. 7,4% респонденттер Еуропаның дамыған елдерінде тұрғысы келеді, 6,7% – Шығыс немесе Оңтүстік-Шығыс Азияның дамыған елдерінде тұрғысы келеді, 1,7% қай мемлекетте тұрғысы келетіндігін шешпегенін, бірақ басқа елде тұрғысы келетінін мәлімдеді [4].

Жастардың көшіп кеткісі келетіні немесе көшуді жоспарлауының арасында басты себеп өзіне және өз балаларына болашақтың жоқ екендігі анықталды (1.35-сурет).

Зерттеу нәтижесі бойынша орыс ұлтының үштен бір бөлігі Қазақстаннан көшіп шетелде тұрғылары келетіндігін білдірді (1.36-сурет).

«Сіз не себептен көшуді жоспарладыңыз?» сұрақтарға жауапты орналастыру, %

1.35
сурет


Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнамасы нәтижелері
(«Жастар» ҒЗО деректері бойынша)

Қазақстаннан көшіп кету қала жастарынан ауыл жастарына қарағанда көп ($p < 0,001$).

1.37-кестеде Қазақстаннан аймақ бойынша елден кетіп, шетелде тұруға тілек білдірген жастардың «Ия» жауабы арқылы көрсетілген.

Сауалнама бойынша жалпы және жекелеген ұлттарға қойылған сұрақ:
«Қазақстаннан көшіп кеткіңіз және шетелде тұрғыңыз келеді ме?»

1.36 сурет



Дереккөзі: Социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік инжиниринг және әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша)

Жауап берген барлық қатысушыларға елден кетуге не себеп болып тұр деген сұрақтар қойылды. Қазақстаннан кетуге себеп болған жағдайлар 1.38-суретте көрсетілген. Айырымдық белгісі бар статистикалық әлеуметтік-демографиялық белгісі сауалнама алушылардан байқалмайды.

Осыған сай, жастардың елден кетіп қалуының негізгі үш себебі анықталды: материалдық жағдайын жақсарту мүмкіндігі, сапалы білім алу мүмкіндігі және де жастардың елімізде болашақта өсу мүмкіндігін көрмейтіндігі.

Сауалнамаға қатысып Қазақстаннан көшкісі келмейтін және шетелде тұрғылары келмейтіндерге, не себепті көшкілері келмейді деген сұрақ қойылған болатын, нәтижелері келесіде: Қазақстан – менің ата-бабамның отаны – 41,3%, бөтен елге біздің керегіміз жоқ – 21%, өз отанымсыз өзімді елестете алмаймын, Қазақстанның болашағына сенемін – 17% [5].

Сауалнамаға қатысушыларға қойылған сұрақ:
«Қазақстаннан көшіп, шетелде тұрғыңыз келеді ме?» елдің аймақтық бөлінісіне сай

1.37 сурет

	Иә	Жоқ	Білмеймін	Барлығы
ШҚО	38%	43%	20%	100%
Астана қаласы	33%	52%	15%	100%
Қостанайская облысы	32%	28%	40%	100%
БҚО	31%	56%	14%	100%
Павлодар облысы	30%	30%	40%	100%
Маңғыстау облысы	25%	59%	16%	100%
Алматы қаласы	24%	67%	9%	100%
Қарағанды облысы	23%	54%	23%	100%
Атырау облысы	20,5%	59%	20,5%	100%
СҚО	19%	44%	37%	100%
Ақмола облысы	17%	64%	19%	100%
Қызыл-Орда облысы	14%	64%	22%	100%
Жамбыл облысы	13%	81%	6%	100%
Алматы облысы	11%	80%	9%	100%
Ақтөбе облысы	8%	40%	52%	100%
ОҚО	4%	88%	8%	100%
Қазақстан	19,3%	62%	18,7%	100%

Дереккөзі: Социологиялық сауалнаманың нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік инжиниринг және әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша)

Сауалнамаға қатысушыларға қойылған сұрақ:
«Егер Қазақстаннан көшіп кеткіңіз келсе, оның негізгі себебі не?»

1.38 сурет

Материалдық жағдайды жақсарту мүмкіндігі	40%
Сапалы білім алу мүмкіндігі	38%
Болашақта өсу мүмкіндігін көрмеймін	25%
Шетелдегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың қарастырылуы	21%
Көп әлеуметтік кепілдемелерінің болуы	14%
Бостандық пен шығармашылық мүмкіндіктері	9%
Шетелде демократияның орын алуы	2%
Ауа райы қолайлы болу үшін	1%

Дереккөзі: Социологиялық сұрақ-жауаптың нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік инжиниринг және әлеуметтік зерттеулер орталығының мәліметі бойынша)



* * *

– Тұрғындардың жалпы санындағы жастардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары болып отыр. Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, еліміздің әрбір төртінші тұрғыны зерттелетін жас тобына – 14-28 жас (қоса алғанда) жатады.

– Жастардың ішіндегі айтарлықтай бөлігін 24-28 жас аралығындағы жас адамдар тобы құрайды, алайда, алдағы жылдары бұл жастағылардың үлес салмағының айтарлықтай төмендейтіндігін көрсетті. Ауыл жастарының үлесі қала халқының үлесінен төмен болып қалуда және төмендеу үрдісі 2 жыл бойы сақталады.

– Соңғы бес жылда бала туу жастардың барлық жас топтарында өсті. Жас ұрпақ үшін отбасылық өмірдің негізгі құндылықтары арасында болып отыр. Соңғы жылдары, ерлер мен әйелдер үшін некенің орташа жасы біртіндеп ұлғаюда.

– Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі және екінші мәліметтерді талдау аймақтардың теңдей дамуының жоқтығын көрсетті. Ол ішкі көші-қонның өсуіне әкеліп отыр. Соны-

мен қатар, елдің барлық аймағына тән қалалық және ауылдық жерлердің кірісі мен даму мүмкіншілігінің теңсіздігі байқалады. Ауылдарда мектеп бітірген түлектерге жұмыс табуға мүмкіндік жоқ. Ауылдарда және кіші қалаларда жұмыстың жоқтығы және әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуының төмен деңгейі ішкі көші-қонның негізгі қозғаушысы, жастардың ірі қалаларға көшуінің басты себебі болып отыр. Әсіресе оны Астана мен Алматы қалаларынан байқауға болады.

– Жастардың некелік құлқында өзгерістер себептері: отбасы туралы жастардың мәдени қабылдауы; экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету үшін олардың тілегі; білім беру және мамандық; жұмыспен қамту және мансап жасауға ниет. Бұл үрдістер жас әйелдер арасында тараған болып табылады, және де бірінші неке жасын ұлғайту және бірінші баланы тууға әкеледі.

– Көші-қон әлеуеті үрдісі теріс сальдомен белгіленген, жастардың Қазақстан қалаларына көшу мақсаты жұмыспен қамтылу үшін, ал шетелге көшіп кету білім алу үшін және өмір сүруін жақсарту мақсатында болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Молодежь Казахстана. Статистический сборник Комитета по статистике Министерства национальной экономики / Ответственный за выпуск Управление социальной и демографической статистики / Руководитель управления Караулова Г.С. – Астана, 2015.
2. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2014». – Астана, 2014.
3. Изучение общественно-политической ситуации в мо-

лодежной среде за 3-й квартал // Аналитический отчет по результатам социологического отчета. – Астана, 2015.

4. Аналитический отчет по научно-исследовательскому проекту «Мировоззренческие и духовные ценности казахстанской молодежи на современном этапе: оценка состояния, проблемы, пути решения», подготовленный в рамках Тематического Плана АП по заказу ИФПиР МОН РК.

5. Демографический ежегодник Казахстана. Статистический сборник на казахском и русском языках. – Астана, 2015. – 240 с.

6. Статистический ежегодник «Казахстан в 2014 году» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://stat.gov.kz/>.



2 тарау

**Жастардың құқықтық
мәртебесін реттейтін
Қазақстан Республикасының
заңнамасы.**



2.1. ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ЖАСТАР САЯСАТЫ НЕГІЗДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Қазақстанның адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары конституциялық құндылық саналатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуы, юриспруденцияға қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның өзекті құқықтық мәселелерін іздеу және шешумен байланысты жаңа міндеттер жүктеді, ондай мәселелердің бірі жастардың құқықтық мәртебесі мен жастар саясатының құқықтық негіздерін жетілдіру мәселелері болып табылады.

Жастар саясатының басымдықтары Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. Тәуелсіздіктің 20 жылындағы жетістіктерді бекіте отырып, Қазақстан ХХІ ғасырдың үшінші он жылдығында әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру мақсатына сенімді жылжуда. Бұл жағдайларда аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі.

2013 жылы жаңа «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

2015 жылы 9 ақпанда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» жаңа Заңы қабылданды. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының 1 бабы 6 тармағына сәйкес, мемлекеттік жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушы-

лық және құқықтық шаралар жүйесі ретінде анықталған.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3 бабы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашуды мемлекеттік жастар саясатының мақсаты ретінде анықтайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі міндеттері ретінде «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетіледі:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;
- 3) азаматтыққа тәрбиелеу мен қазақстандық патриотизм сезімін нығайту.

Мемлекеттік жастар саясаты негізделетін қағидаттар:

- 1) мәдени, имандылық және рухани құндылықтар басымдығы;
- 2) азаматтық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік;
- 3) конфессияаралық келісім мен ұлтаралық төзімділік;
- 4) ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық тәрбие басымдығы;
- 5) жастардың мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және оны іске асыруға қатысуы;
- 6) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруды ғылыми, кешенді және жүйелі түрде орындау.

Аталған қағидаттар, біздің ойымызша, жастар саясатының негізгі бағыттарын жеткілікті түрде толық және жан-жақты суреттейді, атап айтқанда: мемлекет қолдауына мұқтаж жеке әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың ерекше мәртебесі бекітіледі. Осыдан шығатыны, рухани-имандылық



тәрбие мәселелері, нақтырақ айтқанда: Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдығы, имани және рухани даму, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру және т.б. басымдықтар. Аталған дерек Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік идеологияның алға ілгерілеуінің бір мысалы болып табылады, ол үшін жастар саясаты саласындағы заң шығарушылық құрал болып табылады. Сонымен бірге, жастар саясатын қалыптастыру қағидаттары ретінде жастардың азаматтығы, имандылығы және дене тәрбиесі дамуының бастауы елді демократиялық, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретінде бекіту туралы конституциялық қағидалары тұрғысынан тығыз байланысқан.

Жастар саясатының аймақтық деңгейде дамуы ерекше мағынаға ие. Жастар саясатының тұжырымдамасында да, жалпы мемлекеттік маңызға ие құжаттарда да аталған мәселеге айтарлықтай көңіл бөлінген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің жергілікті органдарға қазіргі күнде жергілікті деңгейде мемлекеттік басқарудың мәселелерін тиімді шешуде септігін тигізетіндей өкілеттік берілген. Сондай-ақ мемлекеттің еліміздегі билік пен басқаруды орталықтандырмауға бағытталған қадамдары аймақтық бастаманың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Аймақтық деңгейде жастар саясатын дамыту саласында қомақты нәтижелерге қол жеткізілген, аймақтық мазмұндағы бағдарламалар республикалық және облыс көлеміндегі басты қалаларда да қабылданған, төменгі деңгейлерде де жастар саясатын дамытуға бағытталған қадамдар жасалынып жатыр.

Заңда жастар үшін әлеуметтік инфрақұрылым түсінігі енгізілген, ол жастар өмір сүруін қамтамасыз етуге қажетті объектілерді (ғимараттар, құрылыстар), сонымен қатар денсаулықты қорғау, білім беру, тәрбие, әлеуметтік бейімделу, дене тәрбиесі, рухани және адамгершілік даму, жастарды жұмыспен қамту тәрізді жүйелерден тұрады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекет жастарға ерекше әлеуметтік топ ретінде

кейбір құқықтарды ұсына отырып, жастар деп танылатын шетел азаматтарына осы қосымша құқықтарды ұсынуға міндетті емес. Осыған орай, жастар санатына тек Қазақстан Республикасының азаматтарын жатқызу жөніндегі ереже заңда бекітілген жастар үшін саяси кепілдіктерге толығымен сәйкес келеді.

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңында мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды жетілдіру бойынша шараларды құрастыруда өкілетті органдардың құзыреттерінің бекітілуі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Біздің ойымызша, мемлекеттік қызмет саласындағы жастар үшін, ең алдымен, мемлекеттік қызметке теңдей қолжетімділік қағидаларын дамыту, тұрғын үй мәселелерін шешу, жас отбасыларды қолдау секілді әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктерді жетілдіру қажет. Сәйкесінше салықтық және өзге де жеңілдіктер мен кепілдіктерді құру шартымен жастарды әлеуметтік қолдау процесіне жеке сектор да тартылуы мүмкін.

Бұдан басқа, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен талантты жастарды қолдау шаралары, сонымен қатар жастардың халықаралық ынтымақтастығын жетілдіру бойынша шаралар қарастырылған.

Жоғарыда аталған заңның 3 тарауына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруда жастардың қатыстырылу нысандары бекітілген. Сонымен, Республикалық және өңірлік жастар форумдарының, Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы кеңесші органдардың өкілеттіктерін, қызметін ұйымдастыру және оның тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын кеңесші орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің құзыреттері анықталған. Сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдармен, оның ішінде жастар ұйымдарын тарта отырып, өзара әрекеттесу және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер құру бо-



йынша Орталық атқарушы органдардың құзыреті анықталған.

Қазақстан Республикасындағы жас азаматтардың айтарлықтай санының құқықтық жағдайы мәселелерінде маңызды орынды Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген Қарулы Күштерді, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерін, Республикалық гвардияны, Азаматтық қорғаныстың басқарма органдары мен бөлімдерін және Қазақстан Республикасындағы басқа да әскери құрамаларды жинақтауды қамтамасыз ету, сонымен қатар республиканы қорғауға халықты дайындау мақсатында жалпыға бірдей әскери міндетті реттеуге бағытталған 1993 ж. 19 қаңтардағы «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы алады.

Сонымен қатар жастардың дамуында жастар саясатының құрамдас бөлігі ретінде дене тәрбиесі мен спортты құқықтық қолдау мәселелері ерекше орынға ие. Мысалға, 2014 ж. 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы дене тәрбиесі мен спорт саласындағы мемлекеттік саясат халықтың салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, дене тәрбиесі мен спорттың дамуы мақсатында жүргізілуде, оның қағидаттарының бірі халықтың түрлі жас топтарында дене тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығы болып табылады. Мемлекет балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің барлық түрлері мен типтерінің, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша спорттық және балалар клубтарының, балалар және жастар сауықтыру лагерьлерінің, мүгедектерге арналған арнайы топтар мен мектептердің, дәрігерлік-дене тәрбиесі диспансерлерінің санының өсуі мен олардың материалды-техникалық базасын нығайту үшін жағдай жасауда. Сонымен бірге Қазақстан Республикасында спортқа қатыгездік пен зорлыққа табынушылықты, адами абыройды кемсітуді, тыйым салынған ынталандырушылар мен препараттарды, алкогольді сусындар мен темекі өнімдерін қолдануды насихаттауға жол берілмейді.

2001 ж. 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4 бабының 2 тармағына сәйкес, нәтижелі жұмыспен қамту, жұмыссыздықты қысқарту, жұмыс орындарын құру, еңбек нарығының сұранысына сәйкес кадрларды дайындау мен инвестициялық саясатты ескере отырып, оның даму келешегіне білім жүйесін бағдарлау жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат бағыттарының қатарында көрсетілген. 5 баптың 2 тармағына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдік ретінде 21 жасқа дейінгі жастарға, 23 жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар қатарына кіретін жастарға халықтың мақсатты топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралармен мемлекеттің қамтамасыз етуі бекітілген.

Жастардың құқықтық мәртебесін заңдастыру мәселелерінің ішінде бастапқы орындардың бірін Қазақстан Республикасында айтарлықтай дамыған білім мәселелері алып отыр. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының ережелері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, азаматтардың білім алу құқықтары білім алудың әлеуметтік-экономикалық шарттарын құру мен білім жүйесін дамыту жолдары арқылы мемлекетпен қамтамасыз етіледі. Бастауыш және орта білімнің жалпылығы Қазақстан тарихындағы кеңес кезеңінің игілігі болып табылады және егеменді Қазақстанда біршама дами түсті. Қоғамның ғылыми-құқықтық дамуы, әлеуметтік өмірдің барлық салаларының жаһандануы, Қазақстанның үнемі әлемдік шаруашылық қатынастарға түсуі білім беру жүйесінің дамуын әлемдік қауымдастықтың шарттарына сай деңгейде болуы міндетін қояды.

Сөзсіз, ҚР-ның Президентімен құрылған «100 нақты қадам» атты Ұлт жобасы үлкен жүйе құрушы және ынталандырушы рөлге ие. Аталған Жобаны жүзеге асыру үшін жаңа заңдар қабылданып, әрекеттегі заңдар сапалы түрде жетілдірілуде. Олардың саны



80-ге жуық. Олардың көбісі жастардың жағдайын, өмір сүру шарттары мен мүмкіндіктерінің дамуына тікелей немесе жанама қатысы бар. ҚР-ның барлық заңнамалық жүйесі ҚР жастарының өмірлік іс әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған деп толық сеніммен айтуға болады. Қазақстан жастары туралы жыл сайынғы Ұлттық Баяндама МЖС-ның әр кезеңде жеткен жетістіктерін ұсынатын болады.

2.2. ЖАСТАР САЯСАТЫ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР МЕН ШЕТЕЛДІК ЗАҢНАМА

Қазіргі таңда негізгі иесі жастар болып табылатын адами капиталды тиімді қолдана алатын елдер артықшылыққа ие. Жеке мемлекеттер – БҰҰ мүшелері ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының соңы мен 60-жылдардың басынан өскелең ұрпаққа қатысты мақсатты саясат жүргізе бастады. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық және саяси процестерде «жастар ықпалы» рөлінің тұрақты күшеюімен байланысты әлемдік дамудың заманауи кезеңінің объективті заңдылықтарының бірін көрсетеді [1]. Осы жағдайды ескере отырып, Қазақстанға жастар саясаты міндеттерін шешу аясындағы қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың өзара әрекетінің жақсы қызмет ететін механизмі бар елдердің тәжірибесін зерттеу мен қолдану мәселесінің өзекті екендігін айту керек.

Барлық континенттерде 2013 жылғы 56 елмен (28%) салыстырғанда 37 мемлекет (19%) жастар саясатын жаңадан құрастыру немесе қайта қарау үстінде. 2013 жылғы 43 елмен (22%) салыстырғанда бүгінде 31 мемлекетте (16%) ұлттық жастар саясаты жоқ. Олардың 14-і – Африкада, 9-ы – Азияда, 5-еуі – Солтүстік пен Оңтүстік Америкада және 3-еуі – Еуропада орналасқан [2].

2013 жылғы 99 мемлекетпен (50%) салыстырғанда, 2014 жылдың сәуір айында 198 мемлекеттен 122 мемлекетте (62%) өзінің ұлттық (мемлекеттік) жастар саясаты болды (2.2 және 2.3-суреттер).

Мемлекеттік жастар саясаты модельдері



Ұлттық жастар саясаты бар мемлекеттер

СУР.
2.2

Жылдар	Мемлекеттердің жалпы саны	Ұлттық (мемлекеттік) жастар саясаты (МЖС) бар мемлекеттер
2013	198	99 (50%)
2014	198	122 (62%)

Ұлттық жастар саясаты жоқ мемлекеттер

СУР.
2.3

Жылдар	МЖС жаңадан құрастыру немесе қайта қарастыру үстіндегі мемлекеттер саны	МЖС жоқ мемлекеттер
2013	56 (28%)	43 (22%)
2014	37 (19%)	31 (16%)

Қазіргі таңда жастар саясатын әзірлеу мен іске асыруда Еуропа тәжірибесі ең жүйелі болып табылады. Жастар дамуы саясаты Еуропалық Кеңестің құрылған уақытынан бастап қызметінің негізгі бағытының бірі болып табылады. Оған Еуропалық Кеңеспен қабылданған актілер арқылы көз жеткізуге болады (2.4-сурет).

Еуропа Кеңесі «5С»-дан құралған жастар саясаты тұжырымдамасын құрастырды (2.5-сурет).

Coverage (қамту – географиялық және әлеуметтік);


Capacity (мемлекет пен жастар ұйымдарының рөлі мен өзара қатынасы);

Competence (құзырет – біліктілік пен тренингтер);

Cooperation, coordination and coherence (ынтымақтастық, үйлесімдік және келісімділік – тікелей және көлденең байланыс);
Cost (қаржылық және адами ресурстар).

Еуропалық Кеңестің құжаттары

2.4 сурет



«5 C» Еуропа Кеңесінің жастар саясаты Концепциясы

2.5 сурет




Осымен қатар жастар саясатындағы ерекше рөл қоғамдық құрылымдарға берілетіндігін атап өткен жөн.

Жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жетістігі, жүзеге ас-

қан бағдарламалар тәжірибесі, сонымен қатар өмір бойына және ерекше білім берудегі Еуропалық Одақ саясатын жетілдіру қажеттілігі ЕО жастар саясатын жүйелі түрде құрастыруға негіз болды, оның маңызды негіздері 2.6-суретте көрсетілген.

ЕО жастар саясатының маңызды негіздері

2.6 сурет



Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығы («Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының 26 б. 1 т.)

2.7 сурет



Қазір халықаралық ұйымдар шеңберінде әлеуметтік алға жылжу мен экономикалық дамудың басты қозғаушы күші ретінде жастардың маңызды рөлі ресми танылған және жастардың дамуына кедергі келтіретін тосқауылдарды жою қажеттілігі алдыңғы орынға қойылған. Осы міндетті шешуде үлкен рөл халықаралық құжаттарды қабылдау арқылы қойылған мақсаттарға жетуге жақындаған мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастық орнатуға берілген.



Осының барлығын ескере отырып, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңының 26 бабы жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды жан-жақты қарастырады (2.7 және 2.8-суреттер).

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған күннен бастап жастар саясаты аясындағы халықаралық ынтымақтастықтың белсенді қатысушысы болып табылады. Сонымен, Қазақстан көптеген мемлекеттермен екі жақты келісімдер бекітті (2.9-сурет).

Қазақстан Республикасы мен өзге де елдердің жастар саясаты саласындағы заңнама жүйесінде БҰҰ аясында, сонымен қатар ТМД, ЕО және т.б. аймақтық ұйымдар аясында да, жастар құқығын реттейтін халықаралық құқық нормалары маңызды орын алады [3].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық нысандары (Заңның 26 б. 2 т.)

2.8

сурет

жастар мен жастар ұйымдарын Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың қызметіне тарту



тәжірибе алмасуға, достық және іскерлік қарым-қатынастарды дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жәрдем көрсетеді



Жастар саясаты аясындағы ҚР екі жақты шарттары

сур.
2.9

№	Келісім аты	Қол қойылған қала	Қол қою мерзімі
1	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Аравиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық, инвестициялық, техникалық және мәдени, сондай-ақ, Спорт және жастар ісі салаларындағы ынтымақтастық туралы бас келісім	Джидда қ.	27 қыркүйек 1994 жыл
2	Қазақстан Республикасының Жастар, туризм және спорт істері бойынша министрлігі мен Египет Араб Республикасының Жастар және спорт істері бойынша Жоғарғы Кеңесінің ынтымақтастық туралы келісімі	Каир қ.	28 мамыр 1995 жыл
3	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы жастар мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім	Баку қ.	16 қыркүйек 1996 жыл
4	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркменстан Үкіметі арасындағы Жастар мен спорт сұрақтары бойынша ынтымақтастық туралы келісім	Алматы қ.	27 ақпан 1997 жыл
5	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар мемлекетінің Үкіметі арасындағы Жастар мен спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана қ.	22 сәуір 1999 жыл
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Латвия Республикасының Білім және ғылым министрлігінің арасындағы Білім, ғылым және жастар саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	Астана қ.	3 маусым 2013 жыл

Дереккөзі: ҚР СИМ мәліметтері



Жастар саясаты аясындағы әмбебап сипаттағы негізгі халықаралық актілер

СУР.
2.10

Құжаттың аты
1965 ж. 7 желтоқсандағы «Жастар арасындағы әлем мұраттарын тарату мен халықтар арасындағы өзара құрмет пен өзара түсіністік туралы» БҰҰ Декларациясы
«Біріккен Ұлттар Ұйымы және жастар мен жастар ұйымдары арасындағы байланыс жолдары» БҰҰ Бас Ассамблеясының (БА) 1981 ж. 9 қарашасындағы №36/17 Қарары
1985 ж. 29 қарашасындағы БҰҰ БА Ұсынымдары «Кәмелеттік жастарды әділ соттылыққа жіберуге қатысты БҰҰ минималды стандартты ережелері» (Пекин ережелері)
Жастарға қатысты ұзақ мерзімді жоспарлау мен сәйкес жүйелі шараларды іске асырудың жетекші қағидалары (1985 ж.)
Бала құқықтары туралы Конвенция. 1989 ж. 20 қарашада БҰҰ БА 44/25 Қарарымен қабылданған (Қазақстан Конвенцияны 1994 ж. 8 маусымда ратификациялады).
Бас бостандығынан айырылған кәмелеттік жасқа толмағандарды қорғауға қатысты БҰҰ Ережелері (1990 ж.)
1990 ж. 14 желтоқсандағы №45/112 БҰҰ БА Қарары «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстылықты ескерту үшін БҰҰ жетекші қағидалары» (Эрриаттық жетекші қағидалар)
Жастар саясаты және бағдарламалары бойынша Декларация (Жастар ісі бойынша министрлердің бүкіләлемдік Конференциясында қабылданған, Лиссабон, 8-12 тамыз, 1998 ж.)
2009 ж. 18 желтоқсандағы №64/134 БҰҰ БА Қарары «2010 жылды Халықаралық жастар жылы ретінде жариялау туралы»
2011 ж. 21 маусымдағы БҰҰ БА Қарары «Жастар туралы сұрақтар бойынша жоғарғы деңгейдегі отырысты ұйымдастыру».

Жастар саясаты аясындағы әмбебап сипаттағы негізгі халықаралық актілерге келесі құжаттарды жатқызуға болады (2.10-сурет).

БҰҰ құжаттарында жастардың түрлі категориялары арасында үкіметтердің іс-әрекеттерінің бағдарламалары анықталған: қала және ауыл жастары, жас әйелдер, жұмысшылар, студенттер, мигранттар және босқындар, еңбекке жарамсыз жастар, жас құқықбұзушылар және нашақорлар. Жекелей алғанда, студенттерге қатысты үкіметке ұсынылатындар: әлеуметтік қамсыздандыру, ақшалай жәрдем, баспана саласында студенттердің жағдайын жақсарту; жоғарғы білімге қатысты барлы-

ғына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу; оқыту мен тәрбие саласында шешім қабылдау процесінде студенттік ассоциациялардың қатысуын ынталандыру; қоғамның дамуына студенттердің үлесін кеңейтуге жәрдемдесу.

Жастар саясаты саласындағы негізгі халықаралық құжаттар

СУР.
2.11

Құжаттың аты
XXI ғасырдың күн тәртібі. 25-бөлім. Тұрақты дамуды қамтамасыз ету процесінде балалар мен жастардың мүддесін ескеру (1992)
2000 жылға және одан кейінгі кезеңге арналған Жастарға қатысты іс-әрекеттердің бүкіләлемдік бағдарламасы (1995)
2000 жылға және одан кейінгі кезеңге арналған Жастарға қатысты іс-әрекеттердің бүкіләлемдік бағдарламасына қосымша (1996)

Дереккөзі: ҚР СИМ мәліметтері

БҰҰ жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруда маңызды міндет ретінде жастар мәселелерімен қандай да бір нысанда қоғамның барлық құрылымдарын біріктіру мен қызметінің тиімді үйлестірілуін санайды.

Жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруда жастардың тікелей қатысуына БҰҰ ерекше мән береді. Жастар саясатын іске асыруға жауап беретін мемлекеттік органдар мен жұмысшылар жастар мен жастар ұйымдарымен тікелей кездесулер арқылы диалог жүргізулері қажет, ол жастардың көзқарастарымен өздерінің қажеттіліктерін білуге және түсінуге мүмкіндік береді [4].

Мысалы, 1998 ж. 8-12 тамызда Лиссабонда Жастар істері бойынша министрлердің бүкіләлемдік конференциясында қабылданған Жастар саясаты мен бағдарламалары бойынша Декларация сегіз шаралар пакетін қарастырады, оның бірі мемлекеттік жастар саясатын іске асыру процесіне жастардың қатысуын ұлғайтумен байланысты. Декларацияда берілген жастардың қатысуының сипаттамасы шараларды іске асыру қажеттілігін көрсетеді, олар жыныстардың тең құқылығы мәселесін ескеруді және жас әйелдер мен ерлер үшін тең мүмкіндіктермен қам-



тамасыз етуді, заң шығарушы органдар мен саясатты анықтаушы органдарға қолжетімділікті жеңілдетуді, сонымен қатар қауіп тобына және нашар жастар қатарына кіретін маргиналды мәселелерге үлкен көңіл аударуды ескереді [3].

Жастар саясаты саласындағы халықаралық құжаттар көбінесе халықаралық-құқықтық нормативтік актілер категориясы ретінде қарастырылмағанымен, маңызды моралді-саяси мәнге ие. Осындай құжаттарға келесілерді жатқызуға болады (2.11-сурет).

Мысалы, 1995 жылы қабылданған 2000 жыл мен одан кейінгі кезеңдерге арналған Жастарға қатысты іс-әрекеттердің бүкіләлемдік бағдарламасы жастардың мәселелерін шешуді, олардың қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін ұлғайтуды қарастыратын халықаралық стратегияны көрсетеді. Ол ұлттық деңгейдегі тәжірибелік іс-әрекеттер бағыттарын және жастар жағдайын жақсарту ісінде халықаралық қолдауды анықтайды, сонымен қатар жастардың әл-ауқаты мен тұрмыс деңгейін өсіруге септігін тигізуші қадамдарды ұсынады. Бағдарламада БҰҰ қамқорлығымен жастардың мәселелеріне бүкіл әлемнің назарын аудару үшін Жастар істері бойынша министрлердің бүкіләлемдік Конференциясының сессияларын ұдайы шақыру үндеуі бар [3].

Бағдарламаның халықаралық қауымдастықпен анықталған 10 басым бағыттарына: білім беру, жұмыспен қамту, аштық және кедейшілік, денсаулық сақтау, қоршаған орта, есірткі заттарын теріс пайдалану, кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыс, бос уақытты ұйымдастыру, қыздар мен жас қыздар, сонымен қатар қоғам өмірі мен шешім қабылдау процесіне жастардың толықтай және тиімді қатысуы жатқызылады. Сонымен бірге жастардың дамуы мен қоғамның мүшесі ретінде қалыптасуы кезеңіне қатысты негізгі үш мәселені атап көрсетуге болады:

- әлемдік экономикадағы жастар: кедейшілік, білім беру және жұмыспен қамту;
- азаматтық қоғамдағы жастар: қоршаған орта, бос уақыт және қатысу;
- қауіп тобындағы жастар: денсаулық мәселелері, есірткілер, қыздар мен жас әйелдер-

ге қатысты қылмыстылық пен алалаушылық.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жастар саясаты саласында келесідей құжаттар қабылданған:

- ТМД қатысушы-мемлекеттерінің жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімі (Мәскеу, 2005 ж. 25 қараша).

- 2009 ж. 14 мамырдағы Санкт-Петербург қ. №32-5 «ТМД қатысушы мемлекеттерінде заманауи жастар саясатының заңдық негіздерін қалыптастыру туралы» ТМД қатысушы-мемлекеттерінің Парламентаралық Ассамблеясының қаулысы.

- 2010 жылдың 10 желтоқсанында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшыларының Кеңесімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы мемлекеттерінің 2020 жылға дейінгі кезеңде халықаралық жастар ынтымақтастығының стратегиясы.

2.3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының іске асуының I кезеңі аяқталды. Аталған құжат орташа мерзімді кезеңге жастармен жұмыстың негізгі қағидалары мен басымдықтарын бекітті. ҚР БҒМ-мен мемлекеттік жастар саясатының нақты қаржыландырылуы 2013 жылдан 2015 жылға дейін 2 950 мың теңгеден асты. Жастармен жұмыс саласында аймақтық деңгейде бағдарламаларды қаржыландыру көлемі ұлғайды. Аймақтардың мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыру көлемі 2013 жылы – 2083,4, 2014 жылы – 4300,6, 2015 жылы – 4256,1 мың теңгені құрады.

Жаңа заңның тағы да бір маңызды ерекшелігі жастардың мүддесі мен қажеттіліктерін қозғайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілігінің құзыреттері мен жауапкершілігінің бекітілуі болып табылады. Орталық деңгейде бұл жұмысты Қазақстан Республи-



касы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі Кеңес үйлестіреді. Қазіргі таңда жеті орталық мемлекеттік органның стратегиялық жоспарларына жастармен жұмыстың 19 индикаторы мен көрсеткіштері қосылды.

Сонымен қатар, осы жылдардың ішінде барлық деңгейдегі әкімдер жанындағы жастар ісі бойынша кеңестерді ұйымдастыру жолдарын қайта қарау мүмкіндігі туды. Елбасының тапсырмасы бойынша әкімдерге осы диалог алаңдарының сапасы үшін жеке жауапкершілік жүктелген. Әкімдіктер жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын және өз қызметін мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру және ведомствоаралық өзара іс-әрекетінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдарды тұжырымдау мақсатында жүзеге асыратын кеңес беруші органдар болып табылады. Олардың қызметі 2015 жылы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының 21 бабында бекітілген [2]. Кеңес беруші органдардың тиімділігін арттыру мақсатында көшпелі отырыстар өткізу және жастармен жұмыс мәселелері бойынша үкіметке кешенді ұсыныстар жасау тәжірибелері енгізілген. 2015 жыл – Кеңестердің республика бойынша 442 отырысы өткізілді (2014 ж. – 309 отырыс) және 900-ден астам ұсыныстар қабылданды.

213 жастар ресурстық орталықтарының қызметі жаңа күшке ие болды. Олардың 15-і – орталық, 32-сі – қалалық және 166-сы – аудандық болып табылады. ЖРО қызметкерлерінің жалпы штаттық саны 1570 адамды құрайды, олардың 1100-і (қызметкерлер жалпы санының 70%) біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Орталықтардың қызметі бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға көмектесуге бағытталған: «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», түрлі шараларды өткізу – семинар-тренингтер, кездесулер, бос қызмет орындарының жәрмеңкесі және т.б. Мұндай орталықтардың жастар мен жастар ұйымдарын қолдау мен дамыту үшін қызмет көрсетуде атқаратын рөлдері зор. Белсенді қызметтің нәтижесінде 2013 жылы

372 863 адам, 2014 жылы – 491 899, ал 2015 жылы (1 жарты жылдықта) – 250 000 адам қамтылды.

1000-нан астам жастар ұйымдары қызмет етеді, оның 11-і республикалық. Олардың ішінде «Жас Отан», «Жас Ұлан», «Қазақстан жастарының конгресі», «Жайдарман КТК», «Ұлттық еріктілер желісі», «Жасыл ел» сияқты негізгі жастар ҰЕҰ қызметтерін атап өтуге болады.

ҚР жастар жұмыссыздығын төмендетуге ықпал ететін, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру бойынша «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға!», «Жастар практикасы» және «Серпін» бағдарламалары сәтті жүзеге асуда. «Жастар практикасы» бағдарламасы да сұранысқа ие. Өткен үш жылда осы мақсатта республикалық бюджеттен 7,9 миллиард теңге бөлінді.

Мемлекеттің жас отбасыларды жалға берілетін тұрғын үй алуда қолдауы бойынша бағдарламалар жүзеге асырылуда. 2013-2015 жылдардан бастап жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен 41 724,6 млрд. теңге бөлінді. «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы шеңберінде 2015 жылы 2927 жас маман үшін тұрғын үй мәселесін шешу қарастырылған. 2009 жылдан 2015 жыл аралығында бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін ауылға 37 мың адам жіберілді және 44,9 млрд. теңге жұмсалды. Жалпы қолдануға көлемі 198,6 мың м² пәтерлер енгізілді. Жас отбасылар үшін қолдануға енгізілген жалға берілетін пәтерлердің саны 3544-ті құрады. 2020 жылға дейін салынуы тиіс тұрғын үй 1,4 млн. шаршы метрден асады (немесе 24,8 мың пәтер). Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі бойынша «ИО «КИК» АҚ бағдары бойынша 208,7 мың м² (немесе 3703 пәтерлер) салынды және сатып алынды, олардың ішінде 50%-ы жас отбасыларға берілетін болады.

Сондай-ақ жастармен жұмысты жүргізетін менеджерлердің құзыретін арттырудың орташа мерзімді бағдарламасын жүзеге асыру жалғасуда. Бұл бағыт Елбасының тапсырмасымен құрылған, ғылыми-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуге бейімделген,



«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен үйлестіріледі. Жастардың азаматтығын және патриоттығын танытуға ынталандыру үшін ағымдағы жылы бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды: халықаралық және қазақстандық жастар ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның шетелдік студенттік ұйымдарының слеті; ҚР мемлекеттік рәміздерін дәріптеу бойынша республикалық жастар форумы; «Жастар – Отанға!» жастар лагері; Ұлттық жастар Дельфийлік ойындары; мемлекеттік тілдегі «Жайдарман» және «Жайдарлы Жас Ұлан» КТК ойындары; «Үздік ерікті – 2015» республикалық конкурсы және т.б. Жастар арасында моральдық-өнегелілік бағдарлардың сабақтастығын қамтамасыз ету туралы ең тату, талантты, интернационалды жас отбасына «Бірге өмір сүру» фестивалі, ұлттық дәстүрлер мен отбасы құндылықтарын дәріптеу бойынша бозбалалар мен қыздарға арналған семинарлар, ҚҰА жылына арналған Парламенттік Дебаттар бойынша республикалық турнир, ҚҰА «Ансар» әдебиет конкурсы және Қазақстан ұлттар Ассамблеясымен, Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат бойынша Ұлттық комиссиясымен бірлесе өткізілген басқа да шаралар куәландырады.

2013 жылдан бастап «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы қызмет етеді, оның қызметтерінің маңызды аспектісі мемлекеттік жастар саясатын ғылыми-зерттеуді қамтамасыз ету және нормативті-құқықтық базаны жетілдіру болып табылады. 2014 пен 2015 жылдар аралығында орталықпен мемлекеттік органдардың өкілдері үшін 14 семинар және 4 вебинар өткізілді, «Қазақстан жастары – 2014» ұлттық баяндамасы, статистикалық бюллетень түріндегі ақпараттық және аналитикалық материалдар, отбасылық тәрбие; ауылдық жердегі құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша 11 әдістемелік құрал; 5 фильм және басқалары әзірленді. Жастар арасындағы жағдайға диагностика және мониторинг жасауға бағытталған әлеуметтік зерттеулер жиі жүргізіледі. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен нәтижелерін бағалаудың және ауылдық

елді мекендердегі жастар өзін-өзі басқаруды дамытудың әдістері жасалды.

Жастардың ерікті қызметінің дамуына жәрдемдесу мемлекет қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Еріктілерді іріктеу және үйрету, ұйымдық іс-шаралар және ақпараттық тіркеу бойынша, «Астана ЭКСПО – 2017» Халықаралық мамандандырылған көрмеге еріктілерді қатыстыру мәселелері жөнінде жол картасы бекітілген. 150 ерікті адамдар тобының басқарушылары супервайзерлерді дайындау жүзеге асырылуда. 2017 жылға супервайзерлер «Астана ЭКСПО – 2017» мамандандырылған Халықаралық көрмесіне және Алматы қаласындағы Бүкіләлемдік қысқы универсиадаға 3000 еріктілерді дайындайды.

Қазіргі таңда, «100 нақты қадам» атты ұлт жобасы шеңберінде, мемлекет Басшысы Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформаларын жүзеге асыру бойынша екінші кезеңдегі іс-шаралар жобасын әзірлеу жүзеге асырылуда. Оның жүзеге асырылуы институционалдық сипаттағы шаралардың аяқталуына және өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті жағдайлардың жасалуына мүмкіндік береді. Келесі жылдан бастап «Қазақстан – 2020: болашаққа жол» атты 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының екінші кезеңін жүзеге асыру басталады.

Тұжырымдаманың екінші кезеңін жүзеге асыру кезеңінде әдіснамалық базаның жетілдірілуіне және мемлекеттік жастар саясаты саласындағы атқарушыларды дайындау деңгейін өсіруге күш жұмсалынады. Іс-шаралар жоспарында 2020 жылға дейінгі «Жас Отан» Жастар қанатының «Жастар жетістігіне жол «Жастар-Отанға!»» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Жол картасының негізгі ережелері ескерілген. ЭЫДҰ-ның тәжірибесін ескере отырып, жалпы орта білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдардағы жұмыстардың тұжырымдамалық негіздері әзірленеді және бекітілетін болады. «Жасыл ел» еңбекші және студенттік құрылыс жасақтарын ары қарай дамыту бойынша, 2016-2018 жылдарға іс-шаралар Жобасы әзірленетін болады. «Қа-



зақстан Республикасы мен Қайта құру және Даму халықаралық банкі арасында жастар корпусын дамыту» жобасы бойынша грант туралы келісімді жүзеге асыру жоспарланған.

Қазақстанда жүзеге асырылатын жастарға қатысты мемлекеттік саясаттың тиімділігі халықаралық деңгейде де танылуда. Жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың орындалуы Шетелдермен ынтымақтастық туралы 11 Келісімнің жүзеге асырылуынан көрініс табады. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және АӨЫСШК сияқты халықаралық ұйымдар қызметінде де белсенді түрде қатысуда.


Халықаралық ұйымдармен серіктестік бағдарламалары белсенді түрде жүзеге асырылуда. Осылайша, Қайта құру және Даму халықаралық банкімен «Жастар корпусын дамыту» жобасы келесі жылдан бастап жоспарланады. Жобаның мақсаты жастарды, әсіресе әлеуметтік әлсіз топтарды қоғам өміріне тарту, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметтік дағдыларға үйрету бағдарламасы арқылы өмірлік маңызды дағдыларды дамыту болып табылады. Грант көлемі 21,7 млн. АҚШ долларын құрайды. Қатысушылары: 8,5 мың адам; 100 жастар ұйымдары және 4 аймақ: Алматы, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік-Қазақстан облыстары болып табылады. Аталған жобаның жүзеге асырылу мерзімі 2018 жылдың ақпан айы. Жоба 3 компоненттен тұрады: қоғамдық пайдалы қызметтік дағдыларға үйрету бағдарламасын қолдау. Аталған мақсаттар үшін Үйлестіруші агенттікті құру; МЖС-ның институционалдық дамуын қолдау, жобаның басқарылуын, бақылануын және бағалануын ұйымдастыру, сондай-ақ ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің жанында жобаны басқару бойынша топтарды құру қарастырылады.

БҰҰ-ның «Юнисеф» балалар қорымен бірге жастарды сауықтыру, суицидті төмендету бойынша бағдарламалар, сондай-ақ жастар ресурстық орталықтарының тиімділігін арттыру жүзеге асырылуда.

Аталған бағыттағы негізгі жұмыс 2012 жылдың аяғында басталды. Беделді халықа-

ралық рейтингтердегі Қазақстанның орны Қазақстандық жастар саясатының түйінді бағыттары халықаралық стандарттар мен қағидаларға сәйкес келетіндігінің куәсі болып табылады. Осылайша, Қазақстан 170 ел қатысатын жастар дамуының Жаһандық көрсеткішінде Франция, Ресей, Түркия, Швеция сияқты табыс деңгейі жоғары көптеген елдерді басып озып, 27 орынды алып отыр.

Жастар саясаты сұрақтарына белсенді түрде қызығады



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға жастардың қызығушылығы мен араласуы деңгейін анықтау мақсатында қоғамның бұқаралық коммуникация құралдары арқылы респонденттерге «Жастар саясатын іске асыру сұрақтары бойынша «Сіз қаншалықты жиі баспасөз материалдарын оқисыз немесе теледидар бағдарламаларын көресіз, радио тыңдайсыз?» деген сұрақ қойылды. Тұтас алғанда, жастар саясатына бей-жай қарамайтын адамдар көпшілікті құрайды – 76,3%. Іске асырылуы туралы жиі оқитын және тыңдайтындар – 41,1%, тұрақты түрде оқитын және тыңдайтындар – 35,2 пайызды құрайды. Саяси сұрақтарға жас ер адамдармен салыстырғанда (74,7%) – жас әйелдердің зор қызығушылығын (77,8%) атап өткен жөн. «Ешқашан оқымадым және тыңдамадым» деп жауап бергендер үлесі ер адамдар арасында – 6,4%, әйел адамдар арасында – 4,0% құрайды.



2.12-суреттен көрініп тұрғандай жастардың білім деңгейі жоғары болған сайын, мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпаратқа қызығушылығы да жоғары.

Жастар саясаты бойынша арнайы таныстыру курстарын ұйымдастыруға жастардың қатынасы



Жастардың мемлекеттік жастар саясатына деген белсенділік-нұсқаушылық бағдарын анықтау үшін келесі сұрақ қойылды: «Мемлекеттік жастар саясаты бойынша арнайы таныстыру курстарын енгізу қажет пе, сіз қалай есептейсіз?». Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, осындай курстарды мемлекеттік қызметкерлер (90,6%), кәсіпкерлер (78,7%), фермерлер (69,3%), жұмысшылар (85,3%), жұмыссыздар (64,2%), студенттер (86,9%), мектеп оқушылары (79,8%) өте маңызды деп санайды. Немқұрайлылық танытушылар: мемлекеттік қызметкерлер (3,6%), кәсіпкерлер (13,0%), фермерлер (30,8%), жұмысшылар (5,9%), жұмыссыздар (19,4%), студенттер (4,6%), мектеп оқушылары (6,0%). Бұл курстарды қажетсіз деп санайтындар: мемлекеттік қызметкерлер (0,9%), кәсіпкерлер (1,3%), жұмысшылар (2,7%), жұмыссыздар (7,5%), студенттер (1,6%), мектеп оқушылары (1,5%). Сонымен, арнайы таныстыру курстарын қолдайтын жастардың пайыздық қатынасы, осы идеяға бейжай қарайтын және қолдамайтын жастардан көбірек болды (2.13-сурет).

Орындардағы жастар саясатының іске асуы барысын жастардың бағалауы, %



Жастар саясатын жүзеге асыруға қатысы бар, үкіметтік және үкіметтік емес мекемелердің қызметкерлерімен, әртүрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдерімен сұхбаттасушының өзара қатынас тәжірибесі үлкен маңызға ие. Жастар саясатын жүзеге асырумен айналысатын және оларға жеке барып жүгінетін тұлғалардың бар екендігін сұралғандардың әрбір екіншісі (46,8%) білетіндігін әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері куәландырады. «Ондай тұлғалар мен ұйымдардың бар екендігін білетін сияқты, алайда олар туралы нақты ешнәрсе білмейтіндігін» 28,7% көрсетті, «мұндай тұлғалар мен ұйымдар жоқ» жауабын 5,6%-ы таңдады, «нақты жауап бере алмаймын» жауабы 8,9%, ал әрбір оныншы адам жауап бермеген болып шықты.


Жастар саясатының жүзеге асырылу жағдайын жастар арқылы бағалауда, жастар саясатының жүзеге асырылу барысына «өте ризамын» дегендер – 19,4%, жалпы ризамын – 35,3%, ішінара ризамын – 18,4%, мүлдем риза емес – 5,6%, жауап бермеген – 21,3%-ды құрады. Көрініп тұрғандай, Қазақстанда жастар саясатының жүзеге асырылуы жеткілікті деңгейде екендігіне алынған жауаптар куәлік етеді (2.14-сурет).

Қазақстан жастарының жартысынан көбі (52,2%) олардың аймақтарында жастар саясатының жүзеге асырылуы ойдағыдай болып жатыр деп есептейді. Жастардың әрбір бесіншісі (19,4%) олардың аймақтарында жас-



тар саясаты БАҚ ақпараттарына қарағанда жақсырақ жүзеге асырылуда деп мақұлдайды және әрбір үшінші адам (32,8%) мәліметтер сәйкес келеді деп есептейді.

БАҚ-дағы МЖС іске асуы жетістігі жөніндегі ақпаратының шынайылықпен сәйкестігін бағалау



2.15-суретте көрсетілгендей, Қазақстан жастарының әртүрлі топтарында МЖС-ның шын өмірде БАҚ-та жүзеге асырылуының жетістігі туралы ақпарат бағасының сәйкестілігіне қатысты өте ұқсас ойлардың бар екендігін байқауға болады. Дегенмен, мемлекеттік құрылым органдарында жұмыс жасайтын жастардың үштен екісі (64,3%) жалпы алғанда олардың аймақтарында жастар саясаты сәтті түрде жүзеге асырылуда деп түйіндейді.

Жастар саясатының жүзеге асырылу барысы туралы басқа топтарға қарағанда онша жақсы ақпараттандырылмаған мектеп оқушылары 40,8% көрсеткішпен оң бағалар бойынша соңынан санағанда екінші орында тұр. Егерде «біздің аймақта БАҚ-та хабарланғаннан жұмыстар әлдеқайда табысты жүріп жа-

тыр» деген ең жоғары межелік баға бойынша әртүрлі әлеуметтік топтардың пікірлерін салыстыратын болсақ, онда бұл бағаны басқаларға қарағанда 25,5% көрсеткішпен жұмыс істеуші жастардың өкілдері жиірек тандаған. Әртүрлі әлеуметтік топтардың ішінен ерекше топты, жастар саясатының жүзеге асырылуы туралы «жауап бере алмаймын» деушілер 21,6% құрайды, нақтырақ айтқанда әрбір бесінші адам.

Жастардың бағасы бойынша алдыңғы қатардағы салалар



«Сіздің тұрғылықты жеріңізде жастар саясатына қатысты іс-әрекеттер, мүмкіндіктердің қайсысы бар? Сіз олардың нәтижелерін қалай бағалар едіңіз?» сұрағына берілген жауаптарды 3 топқа бөліп көрсетуге болады: «алдыңғы» салалар (60% дауыстан астамын алғандар), «ортаңғы» салалар (50-ден 60%-ға дейін), «аутсайдер» салалары (50%-дан төмен).



Кері бағытта санағандағы «Алдыңғы қатарлы» топтарда мемлекеттің жастар саясатының жүзеге асырылуының жағымды нәтижесі ретінде сұхбаткерлермен бағаланған қоғамдық өмірдің келесідей салалары орналасқан (2.16-сурет).

Жастар саясатының іске асуының орта бағасына ие болған салалар



«Ортаңғылар» тобында 50-ден 60%-ға дейінгі жиынтық балын алған қызмет түрі (2.17-сурет).

Жұмысқа тұру мүмкіндігі мен өзінің тұрғын үйіне ие болу мүмкіндігі сияқты салаларда жастардың мүмкіндіктері айрықша төмен бағаланған.

Осылайша, Қазақстан жастарымен мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі жалпы алғанда оң бағаланған. Алайда, МЖС саласындағы өзінің қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарламалардың, институттардың және ұйымдардың құрамы туралы жастарды ақпараттандыру бойынша қосымша күш жұмсау қажет.

* * *

1. Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты мемлекеттің белсенді рөлін қарастыратын еуропалық моделге негізделген.

2. Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты осы саладағы негізгі халықаралық-құқықтық құжаттар ережелеріне сәйкес келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Об основах государственной молодежной политики в государствах-участниках СНГ (2009 г.). (Департамент гуманитарного сотрудничества, общеполитических и социальных проблем Исполнительного комитета СНГ). //http://www.cis.minsk.by/page.php?id=13786

2. The State of Youth Policy in 2014': Youth Policy Labs Report Overview and Summary Guide. May 15, 2014// <http://www.youthpolicy.org/blog/youth-policy-reviews-evaluations/state-of-youth-policy-2014/>

3. Абулова М.С., Гаврилова Ю.А. Правовое обеспечение молодежной политики Республики Казахстан. <http://www.vestnik-kafu.info/journal/3/96/>

4. Социальная защита и социальная поддержка

молодежи в зарубежных странах// Дата добавления: 2015-08-21// <http://helpiks.org/4-97687.html>

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы «Қазақстан-2020: болашаққа жол». – 4 б.

6. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылдың 9 ақпанындағы Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, 2015.

7. «Қазақстан жастары – 2014» Ұлттық баяндамасы.- Астана, 2014

8. ҚР БҒМ Статистика бойынша Комитетінің мәліметтері. Жастар денсаулығы орталықтары туралы.

9. «Жастар» ҒЗО әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық отчет «Состояние государственной молодежной политики: потребности и социальные практики Мемлекеттік жастар саясатының жағдайы: қажеттіліктер және әлеуметтік тәжірибелер». – Астана, 2015.



3 тарау

Жас ұрпақ денсаулығы мен бос уақыты



3.1. ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АУРУ ТҮРЛЕРІ


2015 жылдың 9 ақпанындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының 4 бабына сәйкес, мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі денсаулықты сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады [1]. 2013 жылдың 27 ақпандағы «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында мемлекеттік жастар саясатын іске асыру аясына денсаулық пен спорттың құндылығын насихаттау мәселесі енгізілуі тиіс екендігі көрсетілген. Өз денсаулығы үшін ортақ жауапкершілік қағидасы, зиянды әдеттерден бас тарту, салауатты өмір салтын ұстану ілгерідегідей маңыздылығы жоғары болып қалады [2].

Осылайша, жастардың денсаулығы мемлекеттік деңгейдегі басым құндылық болып табылады. Сондай-ақ, ең алдымен, мемлекет жастарды әлеуметтік маңызы бар туберкулез, АИТВ, нашақорлық, жыныстық жолмен таратылатын инфекциялар сияқты т.б. аурулардан қорғауға тырысады. Бұл аурулардың таралуына әлеуметтік факторлар үлкен рөл атқарады – бұлар өмір сүрудің әлеуметтік-климаттық жағдайлары, режимнің, тамақтану мен демалудың факторлары, жастардың әлеуметтік бейімделмеуі, олардағы әлеуметтік маңызы бар аурулардың себептері, таралуы мен алдын-алу шаралары туралы білімнің болмауы.


2015 жылдың басында туберкулезбен ауыратын 15-29 жас аралығындағы ауыл жастары санының төмендеуінің жағымды динамикасы байқалады. Сонымен бірге, қала жастарының көпшілігінде есепте тұрған аурулар санының өсуі байқалады. Мәселен, Ұлттық баяндама – 2014-ке сәйкес, былтырғы есептік жылда 15-17 жас аралығындағы жас ерекшелік тобында бұл сан 207-ге, 18-19 жас – 250-ге, 20-24 жас – 1 119-ға тең болса, ал 2015 жылы сәйкес көрсеткіштер 15-17 жас – 285, 18-19 жас – 284, 20-24 – 1 155-ті құ-

рады. Тек ең үлкен 25-29 жас аралығындағы жас ерекшелік тобында туберкулезбен сырқаттанудың төмендеуі ауылда да, қалада да байқалады. Сонымен бірге, бұл көрсеткіштің ауыл жастарымен салыстырғанда қала жастарының арасында артық болу үрдісі сақталады (3.1-сурет).

Туберкулезге қарсы диспансерлерде есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың санына салыстырмалы талдау (абсолюттік сан) ауыл/қала қимасында

3.1
сурет

15-29 жас аралығындағы жастардың арасындағы онкологиялық патологияның деңгейі (100 мың тұрғынға шаққанда)


3.2
сурет



Онкологиялық патологияның деңгейі былтырғы жылмен салыстырғанда жалпы жастар арасында саны ең көп, жас ерекшелігі ең үлкен топ – 25-29 жас аралығындағыларда аз ғана төмендеді. Сонымен бірге, 15-24 жас аралығындағы жастарда онкологиялық патология деңгейі былтырғы жылмен салыстырғанда жоғарылады (3.2-сурет), ол қатерлі ісікпен сырқаттанудың жалпы әлемдік жоғарылау үрдісіне сәйкес келеді [3].

Алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық ауытқушылықпен және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың саны былтырғы жылмен салыстырғанда 30 013 көрсеткіштен 22 689-ға дейін елеулі төмендеді. Сондай-ақ, төмендеу үрдісі барлық жас ерекшелік топ бөліктерінде орын алған (3.3-сурет).

Алкогольді тұтыну нәтижесінде психикалық ауытқушылықпен және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың саны


3.3
сурет

Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

Есірткі заттарын тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған жастар санының төмендеу үрдісі былтырғы жылмен салыстырғанда

төрт жас ерекшелік топ бөліктерінің үшеуінде, атап айтқанда, 18-19, 20-24 және 25-29 жас аралығында байқалады. Алайда сырқаттану санының бірқатар өсуі ең төменгі жас ерекшелік топ бөлігінде – 15-17 жас аралығында байқалған (3.4-сурет). Былтырғы жылдағыдай, 25-29 жас аралығындағы жастар жалпы жастар арасында сырқаттану саны бойынша ең көп бөлікті құрайды.

Есірткі заттарын тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың саны

3.4
сурет

Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ


Психобелсенді заттарды тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған жастар санының былтырғы жылмен салыстырғанда елеулі төмендеуі байқалады (3.5-сурет). Сондай-ақ, бұл көрсеткіштердің төмендеу үрдісі тұтастай барлық жастарға, сонымен қатар, оның әрбір топ бөліктеріне де қатысты. Сонымен бірге, бұл ауру өсімінің жағымды төмендеу үрдісіне қарамастан, психобелсенді заттарды тұтыну бойынша дәл жастардың көбірек айқындалған қауіпті топ екендігін назарда ұстаған жөн.

Осыған ұқсас, АИТВ-мен сырқаттанғандар саны бойынша ең қауіпті топты құрайтындар жастар (БҰҰ мәліметтеріне сәйкес 40%-ға дейін) [4].

Былтырғы жылмен салыстырғанда, көпшілік аймақтарда және Астана мен Алматы қалаларында да АИТВ-мен сырқаттану санының төмендеу үрдісі орын алған (3.6-сурет), сонымен бірге Қарағанды облысында (10,9%-дан 15,77%-ға дейін) АИТВ-инфекциясы таралуының өсуі байқалады.



Психобелсенді заттарды тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлық ауытқушылығымен есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың саны

3.5
сурет

Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

Тұрғылықты өңіріне қарай АИТВ орталықтарында 2014 ж. есепте тұрған 15-29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы, %

3.6
сурет

Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

Жастардың әлеуметтік маңызды ауру түрлерінің алдын-алу және емдеуде жастар денсаулық орталықтарының (ЖДО) атқаратын

рөлі зор [5]. Олардың жалпы саны былтырғы жылмен салыстырғанда 2-ге өсті (83-тен 85-ке дейін), сонымен бірге Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 1-ге аз, ал Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында 1-ге көбірек. ҚР ДС және ӘД мәліметтері бойынша Астана қаласында (2004 жылы алғашқы ЖДО құрылды), ЖДО-ның жалпы саны былтырғы жылмен салыстырғанда 2-ге өсті және тұтастай 12-ге жетті, ол республика бойынша ЖДО-ның ең көп санын құрайды (3.7-сурет). ЖДО-да жастар кешенді (психологиялық, заңдық және медициналық) кеңес алу, сонымен қатар әлеуметтік қолдау мен өздерінің құқықтарын қорғау бойынша көмек ала алады. ЖДО-ның жұмысына жасөспірімдеріктілер қатыстырылған, оның үлкен тәрбиелік, алдын-алу және ағартушылық маңызы бар. ЖДО-мен қатар жастар психолог пен гинекологтың кеңес беру көмектерін 150 телефоны бойынша ала алады («Жедел желі»).

Өңірлердегі ЖДО саны

3.7
сурет

Өңір	2014 год	2015 год
Ақмола облысы	4	4
Ақтөбе облысы	7	7
Алматы облысы	2	2
Атырау облысы	7	7
Шығыс Қазақстан облысы	8	7
Жамбыл облысы	5	6
Батыс Қазақстан облысы	4	5
Қарағанды облысы	10	9
Қызылорда облысы	2	2
Қостанай облысы	3	3
Маңғыстау облысы	7	7
Павлодар облысы	2	2
Солтүстік Қазақстан облысы	1	1
Оңтүстік Қазақстан облысы	2	2
Астана қ.	10	12
Алматы қ.	9	9
Барлығы	83	85

Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

Жастардың денсаулығы көп жағдайда денсаулық сақтау органдарының қызметтерінің үйлесімділігіне де байланысты. Әлеуметтік сауалнама көрсеткендей, сұрастырылған жастардың көбісі, респонденттердің 59,3%-ы, олардың жұмыстарын – «өте жақсы» және «жалпы жақсы» деген бағаға лайық деп тапты, әрбір бесіншісі – 24,7%-ы «орташа» де-




ген баға қойды; әрбір оныншы жас – 9,6%-ы «нашар» және «өте нашар» деген пікірде. Сонымен бірге, жастардың жасы үлкейген сайын, олардың денсаулық сақтау саласының қызметіне сынмен қарайтындығы анықталды (3.8-сурет).

Жастардың жергілікті денсаулық сақтау органдарының қызметін бағалауы, %

3.8
сурет

Жалпы республика бойынша Сон.і. 14-18 жас
19 - 24 жас 25 - 29 жас



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)


3.2. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Дене шынықтыру және спортпен қарқынды түрде айналысу, зиянды дағдылар мен өмір салтынан жастардың көңілін аударатын, әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алудың қуатты ықпалы болып табылады.

ҚР МСМ-ның ақпараты бойынша, жалпы алғанда өткен жылы спортпен айналысушы жастар саны ілгері орында (3.9-сурет). Бұл үрдіс, алайда спортпен айналысушы жастар-

дың саны айтарлықтай төмендеу орын алған Алматы облысы (44 5500 адамнан 17 2711 адамға дейін) мен Оңтүстік Қазақстан облысына (48 8321 – адам болған, 17 5692 – адам болды) қатысты емес. Спортпен айналысушы жастар санының төмендеуі, сондай-ақ, Шығыс Қазақстан (300 000 – адам болған, 263 766 – адам болды) және Маңғыстау облыстарында (96 183 – адам болған, 88 095 – болды) орын алды.

Тұратын өңіріне қарай дене шынықтыру және спортпен айналысатын жастар

3.9
сурет

Дереккөзі: ҚР МСМ

Жалпы алғанда спортпен шұғылданатын жастар санының өсу үрдісі жастар арасында әлеуметтік маңызы бар аурулар санының төмендеуінің бөлшектік заңдылығына сәйкес келеді. Алайда осымен бірге, жастар ортасында



таралған зиянды әдеттерден (ішімдік, темекі, есірткі және психотроптық препараттар) және салауатты өмір салтын ұстанудан аулақ болып, осындай қызығушылықтармен дер кезінде айналысқан жағдайда ғана спортпен белсенді айналысу қызметін жүзеге асатындығын жете бағаламауға болмайды. Сондықтан, бала-жасөспірім спортының даму жүйесін, сондай-ақ мамандандырылған педиаторлық көмектің республика деңгейінде жандануы өсіп келе жатқан ұрпақтың физикалық және әлеуметтік денсаулығын сақтаудың алдын ала емдеу шараларына себеп болуы мүмкін.

Өткен жылда дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын, физикалық мүмкіндіктері шектелген жастардың саны артты (10817 адамнан 11 739 адамға өсті) (3.10-сурет).

Тұратын өңіріне қарай дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын дене мүмкіндігі шектеулі жастардың саны

3.10
сурет

Дереккөзі: ҚР МСМ

Сондай-ақ өткен жылмен салыстырғанда ұлттық спорт түрлерімен шұғылданушы жастар саны өсті (21 0137 адамнан 26 5786 адамға дейін) (3.11-сурет).

Тұратын өңіріне қарай ұлттық спорт түрлерімен айналысатындардың ішінде жастардың саны, адам

3.11
сурет

Дереккөзі: ҚР МСМ

Республиканың жоғары оқу орындарында салауатты өмір салтын орнықтыру келесі көрсеткіштерге ие: 125 жоғары оқу орнының 116-сында спорттық клубтар қызмет етуде, бұл жоғары оқу орындарының жалпы санының 90%-ын құрайды. 2014 жылы Алматы және Астана қалаларының жоғары оқу орындарынан 16 топ арасында футболдан Ұлттық студенттік лига өткізілді. 2015 жылдан бастап оған Қарағанды және Шымкент қалаларының жоғары оқу орындары қосылды (барлығы 31 топ). 2015 жылдың 17 қазанында баскетболдан Ұлттық студенттік лига – 2015 басталды.

Әлеуметтік сауалнамаға сәйкес, жалпы алғанда Қазақстан жастары спортпен айналысу үшін мемлекет тарапынан жасалған мүмкіндіктер туралы оң пікірде: сұхбат беруші жас адамдардың үштен екі бөлігінен астамы (70,3%) «өте жақсы» және «жалпы жақсы» жауабын таңдаған, бестен бір бөлігіне жуығы орта бағаны берген (18%) және елде «спортпен айналысуға мүмкіндік жоқ» деген жауапты қолдайтындары жастардың 1,1%-ын құрайды (3.12-сурет).

Жастардың спортпен айналысу мүмкіндігін бағалауы, %

3.12 сурет



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Жастардың спортпен айналысуы үшін жағдайдың жақсару басымдылығын бағалауы, %

3.13 сурет



Жастардың әлеуметтік сауалнамаларының нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Егер 15 жастан 18 жасқа дейінгі жастардың үлкен бөлігі (50,3%) спортпен айналысудың ең жақсы шарттары мен мүмкіндіктерін құруға қызығушылық танытса, үлкенірек топ (25-29 жас) жастар саясатын дамыту, орта және кіші кәсіпкерлікті қолдау (40,9%) және жеке тұрғын үйге ие болу мүмкіндіктерін қайда маңыздырақ деп есептейді (3.13-сурет).

Өз кезегінде, жас адамдар елімізде спортпен айналысу мүмкіндіктерін жүзеге асыру, реттеу және жақсартуда мемлекеттік органдармен бірдей, жеке қатысушылықтың маңыздылығын жоғары бағалайды (жалпы ҚР бойынша – 39,2%), әсіресе мұндай жауапкершілікті 25 пен 29 жас аралығындағы ересек ұрпақ көрсетеді 48% (3.14-сурет).

«Кім немесе мемлекеттік басқарудың қандай органы спортпен айналысуды жүзеге асыруы, реттеуі және мүмкіндіктер жасауы тиіс?» деген сұраққа жас сұхбаттанушылар жауаптарының үдерісі, %

3.14 сурет



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)



Аталған жауаптардың үрдісі жастардың белсенділігін және оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси істеріне қатысуын арттыруда мемлекеттің саясатын бейнелейді. Тұрғындардың тән және діл денсаулығын жақсарту бойынша бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруда жастардың қатысуы дені сау ұрпақты тәрбиелеудегі негіз болып табылады.

Қазақстан жастары жаһандық мәселе болып табылатын аурулар, жарақат және қауіп-қатер факторлар ауыртпалығын басынан кешіруде [6]. Мемлекеттік маңызды міндеттер: репродуктивті денсаулықпен қоса денсаулық сақтаудың шарттарын жасау, тән және діл денсаулығына себепкер факторлардың барлық кешенін тарту, жастар денсаулығы шарттарының медициналық және психологиялық шарттарының байланысын ары қарай зерттеу болып табылады.

2020 жылға дейінгі «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясаты Тұжырымдамасын жүзеге асырудың бірінші кезеңі аяқталып жатқандығын атап өткен жөн. Бірінші кезеңді жүзеге асырудағы соңғы үш жылда Қазақстанның жастар саясатын жетілдіруде, соның ішінде салауатты өмір салтын құру саласында да қомақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Жастардың салауатты өмір салтын құру саласын дамытуда 2020 жылға дейінгі «Қазақстан-2020»: болашаққа жол мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша ҚР үкіметінің іс-шаралар жобасы (2016-2020 жж. екінші этапы) қызығушылық тудырады, соның ішінде: білім беру ұйымдарында спортзалдарды кезең-кезеңмен жаңарту бойынша 2016-2020 жылдарға іс-шаралар Жоспарын бекіту, спорттық құрал-жабдықтармен жабдықтау, соның ішінде мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде (25 т.); бұқаралық спорт түрлері бойынша мектеп және студенттік лигаларды дамыту үшін жағдай жасау (26 т.); құрылған аулалық спорттық алаңдарды балалар, жасөспірімдер және жастар арасында міндетті пайдаланумен қатар білім беру мекемелерінде спорттық іс-шараларды өткізу (27 т.) Қазақстан Республикасы-

ның Ғылым және білім министрлігімен әзірленген 2020 жылға дейінгі «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясаты Тұжырымдамасын (екінші кезең 2016-2020 жылдар) жүзеге асыру бойынша ҚР іс-шаралар Жоспарына көп міндеттер жүктелген.

Көрсетілген іс-шаралардың жүзеге асырылуы Қазақстанның жастар саясатын жетілдіруде қомақты нәтижелерге жетуде, жалпы және жекелей жастардың салауатты өмір салтын ұстануда жағымды әсерін тигізетінін жоққа шығаруға болмайды.

3.3. ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫ

Бос уақыт – жұмыстан және оқудан бос кезде жеке қажеттіліктер мен ұмтылыстарды қанағаттандыру үшін пайдаланылатын уақыт. Бұл уақыт демалу, шаршауды, қажуды басу, физикалық және психикалық денсаулықты орнына келтіру үшін қажет. Бос уақыт және бос уақыттағы іс-әрекет – бір жағынан мемлекет пен қоғамды, екінші жағынан тұлғаның мәдениетін дамытудағы маңызды көрсеткіш ретінде танылады.

Жастардың 2013-2015 жылдардағы бос уақытын өткізу түрлері 3.15-суретте көрсетілген.

Жастардың 50%-дан астамы ТД, бейне материалдар көруді, музыка тыңдауды ұнатады. Спорт секцияларына қатысу көрсеткіштері жақсара түскен – жастардың 40%-ы спортпен шұғылданады және олардың театр, кино, концерт, іс-шараларды қызықтау көрсеткіштері 38,4%-ке тең. Олардың 35%-дан астамы интернет желісінде қарым-қатынас жасап, компьютерлік ойындар ойнайды. Талдау барысында спорттық және мәдени ойындар бойынша өткізілетін бос уақытты жақсарту үрдісі байқалды.

2015 жылда өткізілген зерттеулерге сәйкес, әлеуметтік саясаттың жүзеге асырылуын бағалау. Респонденттер жастардың бос уақытын өткізуге жасалған мүмкіндіктердің қанағаттанарлық екендігіне оң көзқарас танытты. Атап айтқанда, респонденттердің 55,2%-ы (21,3%-ы және 33,9%-ы респонденттер) бос уақытты өткізуге «өте жақсы» не-



месе «тұтастай алғанда жақсы» жағдайлар мен мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетті. Респонденттердің 70,3%-ы таңдауы бойынша жауап беріп, спортпен айналысуға жасалған мүмкіндіктерге қанағаттанатындықтарын, (34,9% «өте жақсы» жағдайлар 35,4%-ы «тұтастай алғанда жақсы» жағдайлар жасалғандығын (3.16-сурет) атады). Қазақстанның аймақтары бойынша мәліметтерді 3.17, 3.18-суреттерден көруге болады.

3.15
сурет

Жас адамдардың бос уақытты өткізуі



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері («Жастар» F30 мәліметтері бойынша) [7-9]


Респонденттердің сарапшы ретіндегі пікірлерін дәйектей отырып, бос уақыттың міндеттерін кезекпен шешу туралы мәлімет-

тер 3.19-суретте көрсетіледі. Атап айтқанда, респонденттер бос уақытты өткізудегі жағымсыз жағдайларды бағалай келе, мемлекетпен қоғам осы мәселемен «бірінші кезекте» – 40,5% айналысуы тиіс, ал спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін – 46,7% жақсарту қажет деп санайды.

3.16
сурет

Бос уақытпен, демалыспен және ойын-сауықпен айналысу мүмкіндіктерінің шарттарын сұхбаткерлердің бағалауы, %

Демалыс және ойын-сауық



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Сол сияқты (бос уақыт бойынша) респонденттердің 34,3%-ы – «мұны кейін істеуге болады» және 32,4% (спортпен айналысу) олардың бос уақытты өткізуге және спортпен шұғылдануға «нашар», «өте нашар» немесе «олар мүлдем жоқ» деп жауап бергендері мұндай міндеттерді басымдық ретінде танымайды.

Бос уақытты өткізу бағыттары. Жастар кітапхана, клубтар, саябақтар, кинотеатрлар, театрлар, концерттерге барады (3.20-сурет) [10].

Аймақтар бойынша демалыс және ойын-сауықпен - бос уақытпен айналысу мүмкіндіктері, шарттарының сұхбатталушылармен бағалануы

3.17 сурет



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Аймақ бойынша спортпен айналысу үшін мүмкіндіктер мен шарттарды сұхбаттанушылардың бағалауы

3.18 сурет



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Бос уақыт бағыттарын дамыту қажеттілігінің басымдылықтары туралы респонденттердің пікірі

3.19 сурет


Жастардың бос уақытына байланысты жағдайлар, мүмкіндіктер және олардың менің ойымша «нашар», «өте нашар» немесе «олар мүлдем жоқ» деп бағалануы	Мүмкін болатын жауаптар				Керек пе, керек емес пе, жауап бере алмаймын
	Бұл бізде (өте) нашар деңгейде және оны түзету немесе жасау қажет				
	Бірінші кезекте	Мұны кейін істеуге болады	Бұл бізде өте нашар (мұндай жоқ) жасалса, дұрыс болар еді	Мұндай жоқ және қажет емес	
Жастардың демалысын, ойын-сауықтарын ұйымдастыруға жасалған мүмкіндіктер	40,5	34,3	14,4	3,6	6,4

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты бос уақыт қызметі белсенді түрде нарықтық жағдайларға көшті. Қазіргі уақытта Қазақстанда бос уақытты өткізу ұйымдарын және мекемелерін жекешелендіру белсенді

жүріп жатыр. Мысалы, 2014 жылғы мәліметтерде 119 ойын-сауық және демалыс орындарының – 51 (42,8%-ы); 116 кино көрсетілім ұйымдарының 68 (58,6%-ы) жекеменшікке өткендігі айтылады.



Мәдени ойын-сауық мекемелерінің саны
(соның ішінде жастарға арналған)



Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

Сол сияқты 3180 клубтардың жалпы санынан тек қана 198 бірлігі (6,2%-ы) жекеменшікте екендігі айқындалған [11-14].

Мәдени ойын-сауық қызметтерінің коммерциялануы әлеуметтік жағдайы төмен жастардың бос уақытын ұйымдастыруда тәуекелге баруға, сонымен қатар олардың маркетингтік мақсаттарын дамытуға да ықпал етеді және жастардың субмәдениетін қалыптастырады.

Мектептерде және жастарға қосымша білім беру желілерінде 14-17 жыл шамасында факультативтер мен үйірмелер жұмыс істейді. Мысалы, қазіргі уақытта Қазақстанда 198 сарай, үйлер, оқушылар орталықтары, 19 жас натуралистер станциясы, 25 жас техниктер станциясы, 35 жас туристер станциясы, 51 балалар аула клубтары, 357 өнер және көркемөнер мектептері жұмыс істейді.

Қосымша мектептік білім беруде факультатив және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру ҚР БЖҒМ нұсқау хатымен реттеледі [15].

Спорт бос уақытты дұрыс пайдаланудың бір түрі болып табылады. Республикадағы жастар мен мектеп оқушыларының арасында спорттың танымалдығын арттыру бойынша соңғы 5 жылда көп жұмыс жүргізілді.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметтері бойынша спортпен үнемі 2 152 115 адам немесе жастардың 12,5%-ы шұ-

ғылданады. Аймақтар бойынша мәліметтер 3.21-суретте көрсетілген.

Спортпен жиі айналысатын жастардың саны (қала/ауыл қимасындағы 2015 жылдың 1-ші жартысы)



Дереккөзі: ҚР ДСӘДМ

3.18-суреттің талдауы бойынша көптеген аймақтарда ауыл жігіттері мен қыздарына қарағанда қала жастарының спортпен белсенді қамтылғаны және олардың жұмысын жақсарту үшін жаңа жағдайлардың қажет екендігі көрсетіледі.

* * *

Жастар әлеуметтік маңызы бар аурулардың түрлі дерттері бойынша қауіп-қатерлі топтың көп бөлігін құрайды, сондықтан осы аурулардың алдын-алуға бағытталған мақсатты және кешенді жұмысты талап етеді.

Зиянды әдеттер мен әлеуметтік бейімсіздену қалыптасуының алдын-алу мақса-



тында спорт-бұқаралық немесе әлеуметтік белсенділіктің өзге де түрлерімен қамтылмаған жастардың бөлек топтарымен әлеуметтік жұмыстар жүргізу өте өзекті болып табылады.

ҚР Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы кешенді іс-шаралар, мәдени бос уақыт қызметтерінің инфрақұрылымын жақсарту, мәдени ойын-сауық мекемелеріне қарасты жеке меншік нысандарының түрлерін өзгерту жастардың аталған салада қызметке қанағаттануын арттырды. Спорттық және жаппай көрсетілім бойынша бос уақыт қызметін бағалауға жасалған жағдайларда біршама серпін байқалды. Мәдениет саласында дарынды жастарға мемлекет тарапынан жасалған мүкіндіктер оң бағалануда. Сол сияқты бос уақыттың қала мен ауыл жағдайындағы айырмашылықтары да айқындалды. Мәдени ойын-сауық қызметтерінің сапасын жақсарту маңыздылық танытып отыр. Әлеуметтік жағдайы төмен тұрғындардың бос уақыт қажеттіліктерін қанағаттандыруда тәуекелге бару байқалады.

Жастардың бос уақытын ұйымдастыру девиантты, деструктивті мінез-құлықтың ал-

дын алу үшін аса қажет. Жастардың суицидтік мінез-құлқы, олардың діни ұйымдарға тартылуы, аддитивті мінез-құлық және т.б. Қазақстан үшін өзекті мәселе болып саналады. Бос уақытты өткізуді жақсарту үшін аймақтар және жалпы мемлекеттік деңгейде жүйелі, кешенді бағдарламалар дайындалуы тиіс, сонымен қатар алдын алудың мәліметтік көрсеткіштері бойынша аналитикалық және бір-бірімен қиылысқан талдаулар қажет.

Бос уақытты өткізу қызметі арқылы мәдени әлеуметтену жастардың мінез-құлықтары құндылықтарының, үлгілері мен бейнелерінің қалыптасуына әсер ететіндіктен, көпшіліктің көруіне арналған өнімдердің - кино, концерттер, шоу-бағдарламалар, компьютерлік ойын өнімдері, қазақстандық сайттар өнімдерінің сапалылығы мәселесі өзекті болып табылады. Әлеуметтік мәдени парадигмаға көше отырып, мемлекеттік жастар саясатында өзінің субъектілігін жүзеге асыру шарттарын құру үшін, адамға тандаудың түрлілігін қалыптастыра отырып, мәдени-білім парадигмасының артықшылықтарын қолдануды жалғастыру қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015 жылы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының №285-V Заңы //Егемен Қазақстан – 2015. – 11 ақпан. – № 27 (27903).
2. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылы 27 ақпандағы №191 қаулысы (05.02.2015 ж. өзгерістерімен) // Дереккөзі: ИС ПАРАГРАФ, 23.09.2015 16:22:30
3. «Қазақстан Республикасында 2012-2016 жылдарға онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 29 наурыздағы № 366 қаулысы [Электронный ресурс].
4. Доклад ЮНЭЙДС о глобальной эпидемии СПИДа, 2013; UNAIDS: The Joint United Nations Programme on HIV/ AIDS, 2009. [Электронный ресурс]

5. Молодежные центры здоровья – уникальный метод охраны здоровья подростков и молодежи. [Электронный ресурс].

6. Султанбекова Б.М., Аканов А.А., Кошербаева Л.К., Карсакбаева Л.Ж. Глобальное бремя болезней, травм и факторов риска // Журнал «Медицина». – 2015. – № 2 (152). – С. 11-13.

7. «Қазақстан жастары – 2013» Ұлттық баяндамасы. Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Ілиясова, Б.Б. Масатова, К.М. Хамчиев, Е.В. Варкентин, Р.А. Құдайбергенов, Р.А. Абраева және басқалар. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2013. – 156 б.

8. «Қазақстан жастары – 2014» Ұлттық баяндамасы. Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Л.М. Амреева, Л.Ю. Зайниева, Г.Т. Ілиясова, Н.П. Калашникова, К.С. Калиева, Г.Н. Кенжебалина, Б.Б. Масатова, Э.А. Мұхамеджанова, А.Н. Тесленко. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2014. – 176 б.

9. 2015 жылдың 2 тоқсанына Жастардың өзекті мәселелері бойынша статистикалық бюллетень / Ж.Қ. Боқанова, Е.А. Жұмашев, Г.Т. Ілиясова,



С.Е. Иманбаева, Б.Б. Масатова. – Астана: «Молодежь» ФЗО, 2015. – 41 б.

10. Наличие учреждений культуры // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – Астана, 2014.

11. Культура. Сайт Агентства по статистике МНЭ РК // http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afLoop=14524182018186467#%40%3F_afLoop%3D14524182018186467%26_adf.ctrl-state%3Dmgd2j5ku4_58


12. О деятельности учреждений культуры клубного типа в Республике Казахстан за 2014 год // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – Астана, 2014. Электронный ресурс: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afLoop=18746976822904434#%40%3F_afLoop%3D18746976822904434%26_adf.ctrl-state%3Dw73xbi7kb_58. Дата доступа: 20.09.2015.

13. О деятельности парков развлечений и отдыха в Республике Казахстан за 2014 год // Комитет по

статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – Астана, 2014. Электронный ресурс: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afLoop=18746976822904434#%40%3F_afLoop%3D18746976822904434%26_adf.ctrl-state%3Dw73xbi7kb_58. Дата доступа: 20.09.2015.

14. О деятельности организаций, осуществляющих кинопоказ и производство кинофильмов в Республике Казахстан за 2014 год // Комитет по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. – Астана, 2014. Электронный ресурс: http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersCulture?_afLoop=18746976822904434#%40%3F_afLoop%3D18746976822904434%26_adf.ctrl-state%3Dw73xbi7kb_58. Дата доступа: 20.09.2015.

15. Статистика системы образования РК. – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2015. – 282 с. – С.174.



4 тарау

Жастар өміріндегі білім және ғылым




4.1. БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ: ҚАМТЫЛУЫ, МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Заманауи тұрғыдан білім алу – маңызды әлеуметтік институт, қоғамның экономикалық гүлденуі мен саяси тұрақтылығының кепілі болып танылады. «2011 – 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» оның негізгі мақсаты «білім алудағы бәсекелестікті арттыру, экономиканың тұрақты өсуі үшін қол жетімді сапалы білім алуды қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту» болып табылатындығы аталады.

Орта білім. ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі Комитетінің мәліметі бойынша 2014-2015 оқу жылында республиканың барлық өңірлерінде 7 562 күндізгі жалпы білім беру мектептері қызмет етті (2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда – 7 561 мектеп). Жалпы контингент – 2 685,1 мың адам [1] (4.1-сурет).

2012-2015 жылдарда күндізгі жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың саны (мың адам)




Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

2014 жылдың қорытындысы бойынша орта білім беру көрсеткішінің (11-17 жастағы жалпы халық санына қатысты негізгі орта және жалпы орта білім берудің бірінші сатысында және техникалық және кәсіби білім беру мекемелерінде оқитын оқушылардың санына, оның жас мөлшерін есепке алмағанда, қатысты) қамтылуы 103,55% (2012 ж. – 102,4%, 2013 ж. – 103,47%) құрады.

Алдыңғы жылдардағыдай 2015 жылы ауылдық жерлердегі мектептер саны қалалық жерлердегі мектептерден 3,3 есе көп. Ауылдарда мектептер санының азаю үрдісі жалғасуда, оның басты себебі оқушылар саны аз. ҚР БЖҒМ мәліметіне сәйкес, алдыңғы жылда ауылдық жерлерде мектептер 133-ке азайды, яғни 5 702-ден 5 569-ға дейін. Осы ретте қалалық мектептерде оқитындардың үлесі ауылдық мектептер үлесінен (тиісінше 51,22% және 48,77%) әлдеқайда көп (4.2-сурет).

Қалалық және ауылдық жерлерде күндізгі жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың саны, %



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Мектептегі білім алудың тиімділігінің бірден бір көрсеткіші 11 сынып бітірушілерінің Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелері болып табылады. Орта білім сапасын бағалаудың дәстүріне айналған Ұлттық бірыңғай тестілеуде 2015 жылы 42 522 оқушы қатысты, ол мектеп бітірушілердің жалпы санының – 66,9% болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметі бойынша [2], 2015 жылы ҰБТ орта көрсеткіші қалалық мектептерде 67,74 балды құрады (оның ішінде 68,82 қазақ тілінде оқитын оқушылар арасында және 66 балл орыс тілінде оқитын оқушылар арасында). Жылдар бойынша динамика 4.3-суретте көрсетілген. 2015 жылы қалалық мектептермен салыстырғанда ауылдық мектептердегі оқушылардың көрсеткіштері аса төмен болған жоқ, 62,93



балды (қазақ мектептері – 63,71 және орыс мектептерінде – 59,09) құрады.



Дереккөзі: ҚР БҒМ

Қазақстандық оқушылардың халықаралық жарыстарға қатысу нәтижелерінің сапасының өсуі байқалады. Бірақ, 2014 жылғы қатысушылардың саны 2013 жылмен салыстырғанда азайды (4.4-сурет).



Дереккөзі: ҚР БҒМ

Қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадалар мен сайыстарда өзге елдердің өкілдеріне маңызды бәсекеге айналды. Бір жыл ішінде жеңімпаздар мен жүлдегерлердің саны әлдеқайда өсті. 333 (+146) қатысушы алтын алқамен, 338 (+34) күміс алқамен, 626 (+168) және 79 (+61) марапатталды.

Республикалық пәндік олимпиаданың 1264 қатысушыларының ішінен 1-дәрежелі

дипломмен 171 қатысушы, 2-дәрежелі дипломмен 96 қатысушы, 3-дәрежелі дипломмен – 288 қатысушы марапатталған. Барлығы 555 марапатталушы. Мектеп оқушыларының жалпы білім алу пәндері бойынша ғылыми жобаларының республикалық сайысында аймақтардан 695 оқушы қатысты. 1-дәрежелі дипломмен 55 адам, 2-дәрежелі дипломмен – 99, 3-дәрежелі дипломмен – 183 адам марапатталды. Барлығы 337 марапатталушы.

Қазақстанда дарынды балаларды табу мен оларды қолдауға көп көңіл бөлінеді. Еліміздің барлық аймақтарында дарынды балаларға арналған арнайы мамандандырылған мектептер қызмет етеді. 2014 жылда оның саны 104-ке жетті (2013 жылы – 99 болған). Оқушылардың саны да өсті (+ 8 533 адам, 2013 жылы – 34 943 болған) [4, 24 б].

Елімізде жалпы білім беру мектептерінде үздік халықаралық тәжірибені көрсетуге бейімдейтін бірегей оқу мекемесі болып табылатын 17 «Назарбаев Интеллектуалдық мектебі» қызмет етеді. Оның ішінде он мектебі физика-математика, алты химиялық-биологиялық және бір мектеп халықаралық бакалавриат бағыттарында дайындық жүргізеді. Ол жақта 11 446 оқушы оқиды.

Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі балалар үшін балалар үйі – интернаттар жүйесі қызмет етеді. Білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету саласында басымды стратегиялық бағыт болып мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың сапалы білім алуына жағдай жасау танылады. 2011-2020 жылдарға арналған білім алуды дамыту мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасында 2020 жылға инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептердің санын 70%-ға жеткізу көзделген. ҚР БҒМ мәліметтері бойынша 2014 жылдың аяғында халықтың жалпы саны бойынша 18 жасқа дейінгі аталған балалар категориясы 141 952 баланы немесе 2,8%-ды құрады (2013 жылы – 138 513 адам). Олардың ішінде мектеп жасындағылары – 66,4% балалар (2014 жылы – 94 266 адам, 2013 жылы – 94 938 адам). Инклюзивті тәжірибе арқылы «енгізілген білім алу» қағидасына сәйкес білім алуды дамыту мемлекеттік бағдарлама-



сы аясында балалар шектеусіз және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етіледі. 2014 жылы 30,5% жалпы білім беру мектептерінде 27%- осындай балалар білім алуда (2013 жылы – 16,1% мектептер / 16,8 балалар). Оның ішінде түзетушілік-педагогикалық қолдау арқылы арнайы сыныптарда 11 461 бала білім алады.

Елімізде 1 455 балалар арнайы дамытатын бағдарламалармен қамтамасыз етілген 58 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру (ПМПК), 14 оңтайландыру орталықтары және 137 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері қызмет етеді. Аталған бұл ұйымдардың қызметі білім беру мүмкіндігінің теңдігін арттыру ісінде негізгі рөл атқарады. Мысалы, ҚР БЖҒМ мәліметі бойынша бұрын түзету педагогикалық қолдауын алған 40%-дан 60%-ға дейінгі балалар жалпы білім беру мектептеріне оқуға жіберіледі. Мектептерде логопедтік орындардың саны 199-ға дейін өсті (2014 жылы – 734, 2013 жылы – 535). Жеке бағдарламалар бойынша үйлерде оқыту 10 408 оқушыға ұйымдастырылды (2013 жылы – 9 388) [4, 86-88 бб.].


Қосымша білім алу

Әлеуметтік-экономикалық жағдайда білім алу үрдісі – әлеуметтік және кәсіби өзгерістерге икемді болуға немесе өзіндік даму мен өсуге жетуді қанағаттандыруға апарар негізгі мүмкіндік болып табылады. Осы тұста білім алудың түрлі деңгейлерін қалыптастыру мен дамытуды көздейтін жалпыға танылған тұжырымдардың бірі «ғұмыр бойы білім алу» қағидасы орын алып отыр. Осы ретте білім алудың бұл деңгейі әрбір секторда техникалық, кәсіби және жоғары білім алу үрдісінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Орта білім деңгейінде қоғамға, жастардың дағдылануы үшін, жас адамдардың шығармашылығын дамыту үшін қосымша білім алудың қолжетімділігі маңызды.

ҚР БЖҒМ мәліметіне сүйенсек, жастардың білім алудың қосымша түрін меңгеруі артып келе жатыр (4.5-сурет).

Мектептен тыс ұйымдардың ең көп бөлігі Батыс Қазақстан облысынан (59,9%), Қостанай (47,1%), Шығыс Қазақстан (44,4%) жә-

не Павлодар облыстарынан көрінеді (33,3%). Ең төменгі көрсеткіш Алматы облысына тиесілі (10,4% мектепке дейінгі балалар).



Балалардың қосымша білім алуы үдерісінде оқу қызметінің негізгі бағыттары: ғылыми-техникалық қызмет, көркемдік шығармашылық және эстетикалық тәрбие, экологиялық-биологиялық қызмет, туризм және өлкетану, әскери-патриоттық бағыт.

4.6-суретте ҚР БЖҒМ Қосымша білім алу-дың республикалық оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім алу ұйымдарының саны және тақырыптық бағыттары туралы мәлімет келтірілген.

Қосымша білім алу ұйымдар желісі

4.6 сурет





Балалардың қосымша білім алу бағдарламалары жалпы білім беретін мектептерде үйірмелер мен қосымша сабақтар арқылы іске асырылады. Онда 36,8% оқушылар білім алады. Мектептен тыс ұйымдарда және үйірмелерде қосымша білім алатын балалар саны 60,8% адам (1,5 миллионнан аса балалар). 2015 жылы қосымша білім алатын балалар санын 70%-ға жеткізу көзделіп отыр.

Қосымша білім алуды тежейтін факторлардың бірі техникалық, туристік сипаттағы ұйымдардың материалдық-техникалық базасының даму қарқынының төмендеуі, инновациялық қызметті, жаңа ұрпаққа арналған ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған бағдарламалардың аздығы болып табылады [4, 97-98 бб.].

Техникалық және кәсіби білім алу

Мемлекеттің жаңа инновациялық экономикалық стратегиясы елдегі жастар алдына кәсіби дамуына кең мүмкіндіктер берумен шектелмей, сонымен қатар қоғамның барлық салаларында кәсіптілікті көтермелеуді талап етеді. Мемлекеттік инновациялық жобаларды жүзеге асыру еңбек нарығында қажет мамандықтар бойынша кәсіби білім алу жүйесін қамтитын жұмыс орындарымен қамтамсыз етеді.

2015 жылдың басында техникалық және кәсіби білім беруге 484 977 адам қамтылды, ол өз кезегінде қазақстандықтардың 14-24 жас аралығындағы 16,6%-ын құрады (2014 жылы – 16,2%). Техникалық және кәсіби білім беру бойынша студенттердің жалпы саны 2014 жылы – 531 453 адамды құрады. 4.7-суретте аймақтардағы жастарға техникалық және кәсіби білім берудің жас ерекшеліктері көрсеткіштері келтірілген [2].

2015 жылдың басында аймақтар бойынша техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің жоғарғы көрсеткіштері Алматы қаласында 23,1%-бен тіркелген. 2015 жылдың басында ең төменгі көрсеткіштер Алматы облысында 8,6%-дық көрсеткішпен тіркелді.

Колледждерде оқитындар санының азаю үрдісі байқалып отыр: 2012 жылы – 587 310

адам; 2013 жылы – 561 940 адам; 2014 – 531 453 адам.

Алматы, Астана, Ақтөбе облыстарында техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында оқушылардың саны көп (4.7-сурет).

2014 жылы техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында ақысыз бөлімде 46,3% студенттер білім алды. Мемлекеттік тапсырыстың көп үлесі Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарына тиесілі. 2014 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша 73 027 мамандар әзірленді. Студенттердің көп бөлігі мемлекеттік колледждерде (жекеге қарағанда 30 136 адамға көп) білім алу мүмкіндіктеріне ие болды.

Бірақ бұл саланың ұтымдылығы жастардың қоғамдық санасында әлі де төмен болып қала бермек. «Жастар» ҒЗИ мәліметі бойынша жас қазақстандықтардың 13,4% -ы ғана арнайы орта, техникалық және кәсіби білім табысты өмірлік стратегияны қалыптастыру үшін қажетті және жеткілікті деп есептейді [2].

Кәсіби білім саласының дамуы және кең таралуы республика үшін экономикалық тұрақтылық тұрғысынан да жастардың еңбек нарығын тұрақтандыру үшін ең маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобаны іске асыру аса маңызды, бұл жоба болашақта аймақтарда еңбек нарығында теңдіктің сақталуына мүмкіндік береді. Жобаның тиімді іске асырылуы бітірушілердің жұмыспен қамтылуын жеделдетіп қарастыруды талап етеді.

Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім алу.

Білім алу деңгейін арттыру жас адамдардың өмірінде ең маңызды мәселе болып қала береді, әсіресе қазіргі кезде еңбек нарығында қатал бәсекелестік жүріп жатқанда білімді арттырудың маңызы зор. 2014 жылы жоғары біліммен қамтылу коэффициенті – 48,7%-ды құрады (4.8-сурет)

2015 жылдың басынан жоғары және жоғарыдан кейінгі білім алу саласында 477 387 жас қазақстандықтар білім алуда (4.9-сурет).



2015 жылдың басында 14 жастан бастап 24 жасқа дейінгі жас аралығында жастарға техникалық және кәсіби білім берудің қамтылуы

4.7
сурет

Облыстар	Облыстар 14-тен 24 жасқа дейінгі халықтың саны	14-тен 24 жасқа дейінгі техникалық және кәсіби білімі бар жастардың саны	% қамтылуы
Ақмола облысы	111826	21128	18,9%
Ақтөбе облысы	141531	28424	20,1%
Алматы облысы	347430	29811	8,6%
Атырау облысы	102581	15402	15,0%
Батыс Қазақстан облысы	107782	19347	18,0%
Шығыс Қазақстан облысы	218555	34676	15,9%
Жамбыл облысы	199589	26742	13,4%
Қарағанды облысы	223530	43199	19,3%
Қызылорда облысы	141795	22170	15,6%
Оңтүстік Қазақстан облысы	462039	71154	15,4%
Қостанай облысы	148535	24954	16,8%
Маңғыстау облысы	109382	21574	19,7%
Павлодар облысы	107535	20742	19,3%
Солтүстік Қазақстан облысы	88626	13117	14,8%
Астана қ.	133742	28712	21,5%
Алматы қ.	276775	63798	23,1%
Барлығы	2921253	484977	16,6%


Дереккөзі: ҚР Білім және ғылым министрлігі

Халықтың жалпы санының 18-22 жас аралығында жоғары біліммен қамтылу коэффициенті, %

4.8
сурет

Дереккөзі: ҚР ҰЗМ Статистика жөніндегі комитеті

2015 жылдың басында жастық мөлшерге сәйкес жастардың жоғары және жоғары білімнен кейінгі біліммен қамтылуы, адам

4.9
сурет

Дереккөзі: ҚР БҒМ

ҚР инновациялық-индустриалдық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың аясында 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 10 негізгі жоғары оқу орындарында екінші бесжылдық бағдарламасы бойынша экономиканың алты секторы үшін магистратурада бейіндік бағытта мамандарды дайындау басталды. Экономиканың басым бөліктерінің арасында металлургия, машинақұрылысы, мұнай химиясы, тамақ өндірісі, құрылыс материалдарын өндіру және химиялық өнеркәсіп бар. Астана қаласында мемлекеттік кәсіпорындардың кадрларын дайындауды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті іске асырады. Алматы қаласындағы негізгі оқу орындары: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті және Қ.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттері. Орталық аймақтарда, мамандықтың саласын ескергенде негізгі оқу орындары Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті болып табыла-



ды. Шығыс өңірінде Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті және С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті машина құрылысы, металлургия, энергетика және мұнай химиясы үшін мамандарды әзірлеуді қамтамасыз етеді. Оңтүстік аймақтарда М. Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік университеті химиялық, жеңіл өндіріс және т.б. үшін мамандарды әзірлейтін болады. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті солтүстік аймақтар үшін инженерия бойынша мамандарды әзірлеуді бастады. Сонымен қатар Батыс өңірінде мамандарды даярлау бойынша негізгі оқу орындары мұнайгаз және мұнайхимия саласында бакалаврлар үшін Атырау мұнай және газ институты болып танылады. Аталған оқу орындарында оқу үдерісі шетелдік ғалымдармен әзірленген, жаңа технологиялық үдерістерді есепке ала отырып өндіріспен тығыз байланыста болған, жаңа білім беру бағдарламаларымен ұйымдастырылған (4.10-сурет).

2015 жылдың басындағы білім алып жатқан жастардың (жоғары және жоғары білімнен кейінгі) саны (облыстар бойынша, адам)

4.10
сурет



Дереккөзі: ҚР БҒМ

Отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге ие жоғары санатты заманауи мамандарды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыту болып табылады.

Оның басты мақсаты білім мен ғылыми зерттеулердің сапасын көтеру, тәжірибе алмасу, сапаны жақсарту, халықаралық ақпараттық қауымдастықта тұруға және жұмыс істеуге әзірленген ұрпақты тәрбиелеу. 2014 жылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелде 805 адам білім алды, оның ішінде бакалаврлар – 616, магистранттар – 189, мына елдерде: Ресей – 1, Еуропа елдері – 740 адам, АҚШ – 52, Шығыс Азия – 12 адам. Шетелдік оқытушыларды отандық білім беру бағдарламасын іске асыруға тарту білімнің сапасын арттырудың маңызды бөлігі болып табылады. 2010 жылдан 2014 жылға дейін Қазақстанға шетелдік жоғары оқу орындарынан 6 927 оқытушылар шақырылды, оның ішінде 2014 жылы қазақстандық студенттерге 1726 оқытушы білім берді.

QS World University Ranking университеттердің беделді халықаралық рейтингі жүйесіне сәйкес 2014-2015 жылдары қазақстандық тоғыз жоғары оқу орны әлемнің ең үздік 800 жоғары оқу орындары тізіміне енді (4.11-сурет).

Әлемдік рейтингте отандық жоғары оқу орындарының алға қарай шығуы жоғары білім сапасының көтерілуі мен қазақстандық жоғары оқу орындарын бітірушілердің жетістігі екенін көрсетеді.

Әлеуметтік сауалнаманың мәліметіне сүйенсек, қазақстандық жастар жоғары оқу орнында оқуды еңбек нарығындағы бәсекелестікпен байланыстырады. Қазақстандық жастардың бірқатар бөлігі (76,6%) жұмыс атқаруда жақсы жетістіктерге жетуді – кәсіби және терең білімді меңгерумен және жеке қасиеттердің болуымен байланыстырады (71,3%) [5]. Кәсіби жетістікке жету және жоғары мәртебені иелену факторлары: беделді жоғары оқу орнының дипломы – 50,9%; сәттілік, түрлі жағдайлар – 45,6%; қаржылай қолдаудың болуы – 47,5%; шетел тілдерін меңгеруі – 45,5%; байланыстарының, таныстарының болуы – 45,2%-ды құрайды.

2014-2015 жж. QS жүйесі бойынша
университеттер рейтингіндегі
қазақстандық ЖОО-дары4.11
сурет

275	Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
371	Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
551-600	Қ.Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
601-650	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
701+	Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
701+	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
701+	Қазақстандық-Британдық техникалық университет
701+	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
701+	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Дереккөзі: ҚР Білім және ғылым министрлігі


Жастарға жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелеріне сүйенсек, көп адамдар үшін жоғары білімнің болуы әлеуметтік мәртебенің белгісі саналады және ол міндетті көрсеткіш болып танылады [2,6].

Қазіргі кезде қазақстандық жастардың бірқатар бөлігі үшін – 83% жоғары білім жеткілікті түрде маңызды болып табылады.

4.12-суреттегі мәліметтерге қарасақ, «өте маңызды» жауап нұсқасын респонденттердің жартысы таңдаған, ал қалған бөлігі «маңыздырақ» жауабын таңдаған. Жоғары білім жастардың 15,8%-ы үшін ғана маңызды емес. Жоғары білімді өте маңызды деп көрсеткен жастардың жасы 15-19 – 62,0% -ды құрап отыр (11,2%-ға көп); қазақ этносының өкілдері – 54,20%-ды құрап отыр (3,4%-ға көп); қыздар – 55,10% (4,3%-ға көп); ҚР солтүстік өңірлерінің тұрғындары – 60,50% (9,7%-ға көп); некеде тұрмағандардың саны – 55,20% (4,4%-ға көп), сонымен қатар университет немесе жоғары білім алатын өзге де мекемені бітіргендер – 59,70%-ды (8,9%-ға көп) құрап отыр.

Осы мәселені талдау барысында динамикалық көрсеткіштер маңыздылыққа ие

екендігіне көз жеткізуге болады. 2013 жылғы сауалнама қорытындысы бойынша сұралғандардың жартысы (51,2%) «өмірде жетістікке жету үшін не қажетті?» деген сұраққа «ерінбей еңбек ету керек» деп жауап берген, ал 2014 жылы бұл көрсеткіш 4 орынға түсті (18,6%-ға аз). Жас қазақстандықтардың қоғамдық санасында тұрақты тұрғыда, 2013 ж. (30,3%) және 2014 ж. 40,2% респонденттердің басым көпшілігінің пікірі бойынша жақсы өмір сүрудің кепілі, басты құндылық – білім болып қала береді [6].

Қазақстандық жастар үшін жоғары
білім маңыздылығының деңгейі4.12
сурет

Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

«Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтік зерттеулерге сәйкес 2015 жылы 34,9% жас респонденттердің жоспарында бірінші кезекте алдағы 5 жылда жоғары білім алу міндеті тұр [2].

Келесі үрдіс – білімнің коммерциялануы. ХХ ғасырдың аяғында әлем шаруашылығының бүтін бір саласы қалыптасты. Ол – жыл сайын он мыңдаған миллиард долларға сатылу көлемі бар және бірнеше миллион студенттер тұтыну көлемі бар білім беру қызметінің халықаралық нарығы. Экспорттың жана бабы пайда болды, ол – шетел студенттерінің жоғары білім алуы деп аталады. Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауы бойынша білім нарығының сыйымдылығы 50-60 млрд. долларды құрайды. Қазақстандық жоғары білімнің орны осы қатарда (әлемдік нарықтың ондық пайыздық үлесі) – одан ары дамудың бірден-бір бағыты да осы.



Бағалаудың бірден-бір факторы – экономикалық шығын және білімді қаржыландыру. 2014 жылы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары қызметінің негізгі түріне көрсетілетін қызметтің көлемі 1 271 594,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде 80,6%-ы бюджет есебінен, 15,6%-ы – халықтан алған қаражаттар есебінен, 3,8% – кәсіпорындар қаражаты есебінен жұмсалды.

Білім беру ұйымдары қызметінің негізгі түріне – негізгі және жалпы орта білім саласының қызмет көрсетуінің жалпы көлемі 40,64%, 516 719,9 млн. теңгені құрады, жоғары білім саласында – 222 651,9 млн. теңгені (17,5%) құрады, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласына – 171 392,2 млн. теңге (13,5%), техникалық және кәсіби орта білім саласына – 136 959,7 млн. теңгені (10,8%) құрады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары қызметінің қосымша түріне көрсетілетін қызметтің көлемі 7 964,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде 61,74% – бюджет есебінен, 16,74% – халықтан алған қаражаттар есебінен, 21,52% – кәсіпорындар қаражаты есебінен [7]. Қазақстан Республикасының білім жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндамада (2015 ж.) көрсетілгендей Қазақстанның бір оқушыға жұмсалатын шығынды өсіру қажеттілігі туындап отыр.

Адами капитал білімнің негізі ретінде елдің экономикалық өсуін анықтайды. Зерттеулер жастардың білім алуы мен елдің экономикалық өсуін тікелей байланыстырады. Сонымен, Қазақстанда адами капиталды қалыптастыру жүйесін жақсарту үшін дамыған елдердің білім беру стандарттары мен білімдегі инвестицияларды өсіру үйлесімдігі қажет [4, 24 б.].

Жаһандану стандарттар мен дипломдар арқылы келеді. Көптеген білім беру бағдарламалары сапаның халықаралық стандарттарына сай болып келеді. Шетелдік студент үшін халықаралық бәсекеге, білім беру сапасы жағынан бәсекеге түспеген білім беру жүйелері өз елін тек білім беру жағынан ғана емес, сонымен қатар экономика саласы жағынан да бәсекеге қабілетсіз болуына душар етеді.

Елдердің сыртқы бәсекелестігін бағалайтын танымал халықаралық рейтинг жүйесінің иесі Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекелестіктің Жаһандық индексі болып табылады. 2014-2015 жылдары Қазақстан (4,42 орта балмен) алдыңғы жылдың позициясын тұрақты ұстана келе, 50-орынды иеленді. Сонымен қатар еліміздің 5 фактор бойынша позициясының төмендеуі байқалды. Олар: «Жоғары білім және кәсіби дайындық» (-8), «Макроэкономикалық орта» (-4), «Технологиялық дайындық» (-4), «Институттар» (-2), «Инновациялық әлеует» (-1) бағыттары болып табылады.

114 көрсеткіштің ішінен Қазақстан 31 көрсеткіш бойынша басымдылыққа ие, оның ішінде орта білімді қамтуымен ерекшеленеді. Қазақстан білім мен ғылым бойынша 13 индикатордан 7 индикатордағы жағдайын жақсартты. Оң динамика мына индикаторлардан көрінді: «Бастауыш білімнің сапасы» (+5), «Білім беру жүйесінің сапасы» (+12), «Математика мен жаратылыстық-ғылыми білім» (+3), «Ғалымдар мен инженерлердің қолжетімділігі» (+15), «Ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы» (+3) және «Менеджмент мектептерінің сапасы» (+4) [4, 26-27 бб.].

4.2. БІЛІМ САПАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ КӘСІБИ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ


Әлеуметтік зерттеулердің мәліметтері көрсеткендей көптеген жас жігіттер мен қыздар білім сапасының маңыздылығын жоғары бағалайды (4.13-сурет). Алған білімдеріне қанағаттанушылықты бағалай отырып, көпшілік сұралғандар (42,5%) толық қанағаттанатындықтарын танытты, 40,2% респондент қанағаттанатын сияқты екендіктерін білдірсе, белгілі мөлшерде қанағаттанбайтындардың көрсеткіші 15,8% -ды құрайды [8].

Жүргізілген зерттеулерде респонденттердің білімдерінің жетімділігі мен оның сипаттамасына қатысты бірқатар тәуелділік байқалды.

Жоғары білімі бар 37,40% қазақстандықтар алған білімдеріне толығымен қанағатта-



нады. Бұл топтардағы дербес нәтижелер және керісінше жалпы орта немесе кәсіби-техникалық білім алған қазақстандықтар арасында қанағаттанбайтындардың саны 11,7%-ды көрсетеді.



2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мамыр –қазан айларын-

да жүргізген Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі жас жігіттер мен жас қыздарға сауалнама [5] нәтижесі көрсеткендей респонденттердің 47%-ы өмірде жетістікке жету үшін жоғары білімді болуды, яғни оның бірінші және екінші деңгейін игеру керек деп есептейді (4.14-сурет).

Сұраққа респонденттердің жауаптарын бөліп көрсету «Сіздің өміріңізге қажетті білім деңгейі қандай, Сіздің ойыңызша?»

4.14 сурет

Жауап нұсқалары	%
Толық емес орта (базалық)	2,0
Орта арнайы (техникум, колледж, училище және т.б.)	7,4
Жоғары (бакалавр мен магистратураны қоса алғанда)	47,0
Ғылыми дәреже, PhD докторантура	10,1
Білім өмірлік жетістіктерді анықтамайды	25,7
Айтуға қиын	7,8
Барлығы	100,0

Оқу орнын таңдаудағы ниеттердің саналуандылығы

4.15 сурет

Жауап нұсқалары	Өте маңызды	Маңызды	Онша маңызды емес	Мүлдем маңызды емес
ЖОО беделі, ЖОО рейтингі	37,4	46,3	12,7	3,6
Туыстардың, достардың, таныстардың және т.б. ұсыныстары	26,1	49,3	20,8	3,8
Шет елде қосымша оқуға және екі диплом алуға мүмкіндіктің болуы	33,4	37,4	23,9	5,3
Қызықты мамандық	51,7	42,6	4,3	1,4
Сапалы білім алу мүмкіндігі	61,4	36,3	1,6	0,7
Бірден көп шет тілін оқу	31,3	47,8	17,3	3,6
Ақысының төмендігі, тегін оқу мүмкіншілігі	46,8	42,3	8,6	2,3
Тұрғылықты жерге жақын, жайлы орналасуы	27,1	37,4	27,5	8,0
Жатақхананың берілуі	22,5	32,3	29,5	15,7
Әскери дайындықтың болуы	20,9	29,9	26,4	22,8

Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)



2015 жылы өткізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша Қазақстан жастарының білім алу стратегиясын анықтауда негізгі басымдықтарын атап өтуге болады. Респонденттердің «Оқу орнын таңдауда Сізге не маңыздырақ?» сұрағына жауаптары 4.15-кестеде көрсетілді [5].

Болон үдерісі шеңберінде қазақстандық жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Осы кезде академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қазақстандық ЖОО түрлі білім беру үдерісінде, әсіресе магистратура және докторантура деңгейлерінде белсенді қолдана бастады. Университеттер арасындағы ұтқырлық туралы келісімдерді студенттердің 33%-ы қолдап отыр; студенттер 25%-ы ұтқырлықты қамтамасыз ету жолдарының бірі бірлескен бағдарламалар екендігін атап өтті; студенттер 12%-ы «қос диплом бағдарламасын» қолдады және студенттер 30%-ы жауап беруге қиналды [9].

4.3. ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАСТАР: ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстандық ғылым дамуында өз елінің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағыттайды. 18 ақпан 2011 жылы ҚР «Ғылым туралы» заңы қабылдануымен және іске асырылуымен байланысты ғылымға жүйелі өзгерістер мен басқарудың тиімді моделі енгізілді, атап айтқанда: қаржыландырудың жаңа нысандары, зерттеудің нәтижелілігі, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ғылыми қызметкерлерді, оның ішінде жастарды қолдау. Ғылымды дамытудың негізгі салалық бағыттары анықталды, олар: биотехнология және медицина, нанотехнологиялар, ядролық технологиялардың және қалпына келтірілетін энергетиканың технологиялары, ақпараттық және ғарыштық технологиялар.

9 ақпан 2015 жылғы ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау көрсету қарастырылған. Ол келесі тұрғыда іске

асырылады: сыйақы беру, шәкіртақы беру, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дарынды жастарға мемлекеттік білім гранттарын және мемлекеттік білім несиелерін беру; ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерінің шығармашылық мектептері мен ұйымдарын құруға ықпал ету; жас ғалымдарға, мәдениет, өнер және білім қайраткерлеріне ғылыми-мәдени жұмыстарды жүргізу үшін, жас ғалымдардың ұсыныстарын тәжірибеге енгізуге ықпал етуге және жастардың ішінен зияткерлік кадр ресурстарын сақтауға және дамуға жағдай жасау.

ҚР Ұлттық экономика Министрлігінің статистика жөніндегі комитетінің мәліметіне сәйкес ғылыми зерттеулер мен ұсыныстарды орындайтын ұйымдардың саны артты, 2014 жылдың аяғында 391 ғылыми ұйымдар тіркелген (2013 жылдың мәліметі бойынша – 341). Тиісінше зерттеумен айналысатын тұлғалардың саны да көбейді, оның ішінде 112 PhD докторлары жас зерттеушілердің саны артқан. Ғылыми зерттеулерді орындайтын жұмысшылардың көп үлесі 25 жастан бастап 34 жасқа дейінгі жас мөлшерін қамтиды (4.16-сурет).




18 930 маман-зерттеушілердің ішінен 2014 жылы ғылыми еңбектермен айналысушылардың саны – 8 186 адам, олардың ғылыми дәрежелері бар, оның ішінде PhD докторлары – 330 адам. Бұл көрсеткіштер жастардың ғылымға келу санының артуын көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіштер 2013 жылмен салыстыр-



ғанда 1.4 есе көбейген, ол үлесті құрайтындары 35 жасқа дейінгілер.

2012 жылдан бастап 2015 жылдың 1-жартыжылдығына дейін ғылыми дәреже алған 28 жасқа дейінгі PhD жас докторларының саны өсті: 0-ден бастап, 79-ға дейін (4.17-сурет). Докторантура мен PhD дәрежесін алу білім беру бағдарламасы шеңберінде оқыту халықаралық байланыстардың және академиялық ұтқырлықтың кеңеюіне ықпал етеді, ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіншілігі мен индексі жоғары журналдарда зерттеу нәтижелерін басып шығаруға мүмкіндік береді, тілді меңгеруді жақсартуға, қазақстандық білім беру бағдарламаларының әлемдік деңгейге бейімделуіне, ірі ұлттық және шетелдік компаниялардан ғалымдарды, сарапшы-практиктерді тартуға мүмкіндік береді.



Суретте соңғы үш жылда магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша кадрларды әзірлеуге мемлекеттік білім тапсырыстарының көрсеткіштері байқалады. 2014-2015 оқу жылында кадрларды әзірлеуге мемлекеттік білім тапсырыстарының құрылымы: бакалавриатта – 34 165, магистратурада – 7 220, докторантурада – 656 адамды құрады.

Қазақстандық жоғары мектептің дамуының басым бағыттарының бірі білім берудің, ғылыммен және өндіріспен ықпалдасуы болып табылады. 2014 жылы республиканың

4 жетекші жоғары оқу орындарының институционалдық қайта құрылу үдерісі басталып, іске асырылып келеді, олар: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Ғылым ордасы» ҒЗИ-мен, Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТУ «ННТХ Парасат» АҚ ҒЗИ-мен, ҚазҰАУ «КазАгроИновация» АҚ-мен, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ «Биотехнология Ұлттық Орталығы» РМК-мен ынтымақтылықта қызмет етеді. Аталған ЖОО және ҒЗИ үшін ынтымақтасстықтың жаңа моделі шеңберінде магистратураға қосымша 350 орын және докторантурада 100 орын бөлінген, ол бірлесіп іргелі және қолданбалы зерттеу жүргізуді қамтамасыз етеді және осы заманғы ғылыми инфрақұрылымның қызмет етуіне және ғылыми жұмыстарды енгізу үшін жағдай жасайды. [4.]

Елімізде 13 ЖОО ғылыми зерттеулер нәтижелерінің коммерциализациясы үшін құрылған инновациялық орындар ашылған. Аталған орталықтардың мақсаты бизнес-құрылымдармен байланыс орнату, потенциалдық инвесторларды іздеу, зияткерлік меншікті қорғау бойынша мәселелерді шешу, технологияларды лицензиялау және жаңа жоғары технологиялық бизнес-үлгілерді дамыту. 4 ЖОО-да студенттік бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді. Соның нәтижесінде Назарбаев университетінде жаңа білім мен технологияның генерациясы бойынша тәжірибе алмасу жүзеге асырылып отырады.


Ғылымдағы қызметтің, оның ішінде жас ғалымдардың ғылыммен айналысу белсенділігін арттыруға бағытталған кейбір бастамалар белсенді түрде іске асырылып келеді. Ғылыми басылымдар ұлттық ғылымның тиімді дамуын және оның жаһандық үдерістердегі икемділігін көрсетеді. Басылымдық белсенділіктің пайызы жылдан-жылға артып келеді, қазақстандық ғалымдардың деректеріне сүйенсек, егер 2012 жылы ол 80%-ды құраса [10, 33 б.], ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 5% ға көбейді, осы ретте басылымдардың көпшілігі тек қазақстандық басылымдар ғана емес, онда Ресейдің және ТМД елдерінің журналдары, сонымен қатар алыс шетелдердің, Thomson Reuters және Scopus базасына енетін журналдар болып табылады.



Әлеуметтік зерттеулер респонденттердің көпшілігі – 33.3%-ы негізгі кәсіби білім алу үдерісінде «ғылыммен айналысу» керек деген пікірді қолдайды, ЖОО-ны аяқтағаннан кейін айналысу керек деген пікірді қолдаушылардың көрсеткіші – 22.9% құрап отыр, Төменгі көрсеткіш – «мектептен бастау алу керек» деген пікірді қолдаушылар – 11.4%-ды құрады, 2008 жылы бұл көрсеткіш – 6.8% құраған болатын [11, 38 б.]. «Сіз неге ғылыммен айналысасыз?» деген сұраққа жас ғалымдардың жауаптары кәсіби қызмет уәждемелерінің ішінде шығармашылық, өзін-өзі жетілдіру жолын іздеу және белсенді азаматтық және отансүйгіштік позициясы уәжділіктерінің басым екендігін көрсетеді (4.18-сурет).

4.18
сурет

Сіз неге ғылыммен айналысасыз?



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

Болашаққа жоспар құра отырып $\frac{3}{4}$ жас ғалымдар тек ғылыми зерттеу қызметін жалғастырып қоймай, оны ары қарай дамытуға белсенділік танытады. Алынған дәлелдер 1.2% респонденттердің болашақта ғылыми қызметтен бас тартуға бел буып отырғанын көрсетті. Жас ғалымдарға ««Ғылым – менің өмірімнің ісі» тұжырымымен келісесіз бе?» деген сұрақ қойылды. Бұл тұжырыммен 51.4% жас ғалымдардың 15.2%-ы толығымен келісетіндігін, 36.2% ішінара келісетіндігін жеткізді, 18.1%-ы дұрыс емес тұжырым деп есептеді.

Ғылымда кәсіби болашақ туралы мәселе өте маңызды болып саналады. Қоғамда әлеуметтік жағдай төмендегенімен қазақстандық ғалымдардың кәсіби жетістіктеріне қатысты оптимистік көңіл күйде. Оң нәтиже 65%-ды құрады. Ғылымдағы өзінің жетістігіне сенімділердің ішінде ғылыми дәрежелі респонденттер басымдыққа ие [11, 43-44 бб.].

Қазақстандық ғылымды бағалау үшін респонденттерге 10-балдық жүйемен бағалауға (1 – ең әлсіз жері, 10 – ең күштісі) бірнеше сипаттама берілді. Жастар ең бірінші мамандардың ғылыми деңгейін, тәжірибесі мен біліктілігіне жоғары баға берді. «Ғалымдардың жалақысы», «ғылыми жетістіктерді тәжірибеге енгізу» және «ғылыми мекемелердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі» сипатындағы көрсеткіштер ең төменгі бағаларға ие болды [11, 49 б.].

4.4. ЖАҢА КӘСІПҚОЙ ҰРПАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ «БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ


Жоғары білікті мамандарды әзірлеудің сапасын көтеру мақсатында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындаған болатын. Бұл бірыңғай жоба қазақстандық жастарға шетелдерде сапалы білім беруге бағытталған және мемлекеттік жастар саясаты саласында Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастық нысаны болып табылады. «Болашақ» бағдарламасы оның түлектеріне жұмыста жетістікке жетуге кепіл болды және кәсіби тұрғыдан өзін-өзі тануға септігін тигізді, сонымен қатар оның мақсаты қазақстандық еңбек нарығын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады.

1994 жылдан бастап 2004 жылға дейін 13 елде 780 стипендия иегері білім алды. 2005 жылы Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында әлемнің жетекші оқу орындарына 3000 жас және дарынды қазақстандықтарға шет елдерде білім алуға мүмкіндік берілгендігі туралы айтып өтеді. Қазіргі кезде «Болашақ» бағдарламасы бойынша жоғары білім бітірген-



дігі туралы дипломы бар немесе магистрлік және докторлық дәрежесі бар тұлғалар білім алуға жіберіледі. «Болашақ» стипендиясы 33 әлем елінің 200 жоғары оқу орнының 11 126 қазақстандықтарға берілді [5]. «Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырудың жетілдіру саясаты 2014 жылы Майами қаласында Going Global VIII халықаралық конференциясында дәл осындай 11 бағдарламаның ішінде озық стипендиялық бағдарлама ретінде танылғандығы аса маңызды нәтиже болып табылады (4.19-сурет) [12].

4.19 «Болашақ» стипендиаттарының саны, %
сурет



Дереккөзі: «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ

2015 жылы шетелдік магистратура мен докторантураға қазақстандық магистр және PhD доктор дәрежесі бар тұлғалар білім алды. Отандық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне жаңа докторанттарды даярлау – Split PhD енгізілді. Қазақстанда жаңа тіл әзірлігі үдерісі енгізілді, 2015 жылдан бастап шетел тілдерін оқыту «6+6» үлгілері бойынша, 6 ай – елде, 6 ай – шетелде жүргізіледі.

2015 жылы әлемнің 32 елінің 630 жетекші ЖОО-да жас стипендия иегерлері оқыды [9].

2014 жылы Халықаралық бағдарламалар орталығының мәліметі бойынша 1100 стипендия берілді, оның ішінде магистратура бағдарламасы бойынша 457 және докторантура бағдарламасы бойынша – 25. Техника-

лық және медициналық, гуманитарлық және шығармашылық мамандықтары бойынша тағылымдамаға 298 маман барды. 2014 жылы Халықаралық бағдарламалар орталығының мәліметі бойынша әлемнің 29 елдерінде техникалық және жаратылыстық-ғылыми мамандық бойынша 40% бітірушілер, гуманитарлық мамандық бойынша – 45,7%, медициналық және шығармашылық мамандықтары бойынша – 14,3% иегерлер білім алды.

Халықаралық стипендия статистикасы: бітірушілердің көбісі 20% мемлекеттік секторда, ұлттық және мемлекеттік компанияларда – 21%, жеке компанияларда – 55%, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарда – 4% қызмет етеді (4.20-сурет).



Дереккөзі: «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ

Ұлттық баяндаманы дайындау шеңберінде Фокус-топтық стандартталған зерттеулерде «Болашақ бағдарламасы туралы ойыңыз қандай?» деген сұраққа сарапшылар бірауыздан елдің болашағы үшін тарихи маңыздылығымен қатар дарынды жастарға стипендия берудегі стратегиялық дұрыс саясат екендігін атап өтті.

* * *

Білім мен ғылымның заманауи стратегиясы олардың дамуындағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін Қазақстан дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын ұғынуға негізделеді.

Жастардың орта біліммен қамтылуы санының артқанын атап өту керек. Қазақстан-



да жастардың білім беру деңгейінің жоғарылауы орта, қосымша және жоғары кәсіби білім жүйесінің даму есебінен қамтамасыз етілді.

Республика жоғары оқу орындарында білім алушылардың көрсеткішінің төмендеуі байқалады. ЖОО студенттер санының азаюының объективтік себептерінің бірі 90-шы жылдарда бала туылуының күрт төмендеуі. Демографиялық үрдістер ЖОО студенттерінің орта санына айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстанда гендерлік белгісі бойынша білім алуға қолжетімділігінің теңдігі мәселелері орын алмаған. Дегенмен қалалық және ауылдық жастардың сапалы білім берудің барлық деңгейінде дифференциация сақталады. Әлеуметтік әлсіз топтардан, оның ішінде білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі жастарды түрлі шараларға тарту іске асырылуда.

Түрлі әлеуметтік сауалнамалармен дәлелденгендей жастар ары қарай тіршілік ету үшін білімнің маңыздылығын бірте-бірте се-

зініп келеді. Жастардың жоғары білімі мен қосымша білім алу деңгейі көтеріліп келеді. Алайда 2015 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда алынған немесе алып жатқан білімінің сапасына қанағаттануының жалпы деңгейі өткен жылмен салыстырғанда түсті.

Магистратура мен докторантурадағы бағдарламалар бойынша мамандарды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша көрсеткішінің саны мемлекеттің ғылыми кадрларды дайындауға және жастарды ғылыми-инновациялық қызметке жұмылдыруға аса назар аударатындығына дәлел бола алады.

Жас мамандардың бәсекеге қабілетін арттыру қазақстандық жоғары мектепке әлемдік білім беру кеңістігінің ықпалдасуына ықпал етеді, оған өз алдына қазақстандық ЖОО интернационализациясы және әлемнің үздік 800 жоғары оқу орындары QS World University Ranking халықаралық рейтингтің тоғызыншы орынды иеленуі дәлел бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бюллетень Комитета по статистике МНЭ РК. Серия 13. Социальная сфера «Дневные общеобразовательные школы в Республике Казахстан» (по административным данным МОН РК) на начало 2014/15 учебного года [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersEducation?_afzLoop=19881365301098595#%40%3F_afzLoop%3D19881365301098595%26_adf.ctrl-state%3Ddcm3w54f9_4 (15.09.2015 г.)

Жастардың қылмыстылық жағдайы қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. 2014-2015 жылдарда қылмыс жасаған тұлғалардың жасы туралы ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтерін талдау 2014 жылға қарағанда 2015 жылдағы қылмыс деңгейінің төмендеуге деген жалпы үдерісін көрсетеді.

Статистика көрсеткіші бойынша жасына қарай бөлінген әрбір келесі топта қылмыс жасаған тұлғалар саны орта есеппен 3-4 есе көбейіп отырады.

2014 жылы және 2015 жылдың 6-айында
қылмыс жасаған тұлғалардың
жасы туралы мәліметтер:



Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

Аймақтар жағынан 18-20 жас аралығында бұл бағыттағы ең жоғарғы көрсеткіштер Шығыс Қазақстан облысы (1356 адам), Алматы қаласы (1138 адам), Алматы облысы (1050), Қарағанды облысы (1015) еншісінде. Жалпы алғанда, аталған төрт аймақтық субъектілер еншісі шамамен 40%-ды құрайды.

21-29 жас аралығындағы ең үлкен топтарда, 39 850 адамды құрайтын жалпы адам санынан ең жоғары көрсеткіштер келесі облыстар еншісінде: Шығыс Қазақстан облысы (5168 адам немесе шамамен 13-14%), Алматы қаласы (4 121 адам немесе шамамен 11%), Алматы облысы (3 719 адам немесе шамамен 10%), Қарағанды облысы (3 493 адам немесе шамамен 10%).

2014 жылы және 2015 жылдың
6 айында 18-20 және 21-29 жасында
қылмыс жасаған тұлғалар саны туралы мәліметтер

6.2
сурет

	18-20 жас		21-29 жас	
	2014 ж.	2015 ж. (6-ай)	2014 ж.	2015 ж. (6-ай)
Астана қ.	512	239	1763	862
Ақмола	623	233	2001	749
Ақтөбе	465	183	1809	584
Алматы қ.	1138	473	4121	1790
Алматы	1050	336	3719	1134
Атырау	252	125	1272	503
Шығыс Қазақстан	1356	397	5168	1732
Жамбыл	612	223	1716	775
Батыс Қазақстан	455	180	1940	848
Қарағанды	1015	288	3493	1080
Қызылорда	389	125	1494	521
Қостанай	737	300	2527	959
Маңғыстау	412	141	1200	462
Павлодар	467	222	1621	659
Солтүстік Қазақстан	461	166	1848	760
Оңтүстік Қазақстан	989	398	3022	1231
Көлік аймағы	117	34	789	215
Әскери қызметкерлер жасаған	59	6	218	84
21-С (арнайы объект)	39	18	129	75
Республика бойынша	11 148	4 087	39 850	15 023

Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

Сонымен қатар 2015 жылдың 6-айындағы мәліметтер төмен көрсеткіштерге ие. Жас мөлшеріне қарай ерекшеленген барлық топтар бойынша қылмыс жасаған адамдар санының азаюы арқылы көрініс тауып отырған ілгерілеу байқалады.



2014 жыл және 2015 жылдың 6-айында ауырлығы әртүрлі дәрежедегі қылмыс жасаған 21-29 жас аралығындағы тұлғалардың саны

6.3
сурет

	21-29 жас (2014 / 2015 жылдың 6-айы)				
	Барлығы	Аса ауыр	Ауыр	Орташа ауыр-лықта	Жеңіл
Астана қ.	1763/862	32/10	468/204	1021/430	242/218
Ақмола	2001/749	24/6	190/76	1494/521	293/146
Ақтөбе	1809/584	17/4	185/89	1251/354	356/137
Алматы қ.	4121/1790	87/28	826/335	2731/1104	477/323
Алматы обл.	3719/1134	81/20	386/170	2585/663	667/281
Атырау	1272/503	10/6	183/64	787/308	292/125
Шығыс Қазақстан	5168/1732	49/28	418/183	3625/1058	1076/463
Жамбыл	1716/775	24/7	242/131	1109/460	341/177
Батыс Қазақстан	1940/848	26/9	274/141	1364/489	276/209
Қарағанды	3493/1080	60/20	420/179	2408/692	605/189
Қызылорда	1494/521	13/5	158/77	876/251	447/188
Қостанай	2527/959	43/14	259/95	1823/615	402/235
Маңғыстау	1200/462	17/2	137/69	724/254	322/137
Павлодар	1621/659	19/10	240/92	1165/448	197/109
Солтүстік Қазақстан	1848/760	21/9	128/61	1501/560	198/130
Оңтүстік Қазақстан	3022/1231	64/31	562/231	1719/643	677/326
Көлік аумағы	789/215	6/1	76/23	521/154	186/37
Әскери қызметкерлермен жасалған	218/84	7/3	66/28	63/31	82/22
21-С (Арнайы объект)	129/75	1/0	9/9	87/51	32/15
Республика бойынша	39850/15023	601/213	5227/2257	26854/9086	7168/3467

Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

Ең көп қылмыспен тіркелген 21-29 жас аралығындағы топта қылмыстардың басым көпшілігі – 26 854 қылмыс ауырлығы орташа болып табылатын қылмыстар қатарына жататындығы, олардан кейін ауырлығы жеңілдеу қылмыстар орналасқандығы (7168) көңіл аудартады. Осылардан кейінгі орындарда ғана ауыр (5 227) және аса ауыр қылмыстар (601) орын тепкен.

Осы жас аралығындағы топта 2015 жылдың 6-ай нәтижесінің көрсеткіштері тура осындай динамиканы байқатады: бірінші орында ауырлық дәрежесі орта қылмыстар (9 086), екінші орында ауырлығы жеңілдеу қылмыстар (3467), одан кейін ауыр (2 257) және аса ауыр қылмыстар (213) орналасқан.

Ұлттық баяндаманы дайындау шеңберінде жүргізілген фокус-топтық зерттеу көптеген мәселелер бойынша сарапшылардың

пікірлерін анықтады. Бұл зерттеу сауалнама жүргізу арқылы ескеруді қиындататын мәселелерді айқындауға көмектесті. Фокус-топтық зерттеу үшін дайындалған сұрақтар арасына Қазақстанда бірқатар қылмыстық актілердің жасалу себептері туралы респонденттер пікірін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақ та (жемқорлық, лаңкестік, бұзақылық) енгізілген болатын.

Бұл сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі *жемқорлық деген ұғым уақыт өте халық өмірінің ажырамас бөлігіне айналды, өйткені ол өмірдің барлық деңгейінде күнделікті орын алуда* деген пікір білдірді. Көпшіліктің көрсетуі бойынша балаларды балабақшалар мен мектептерге орналастырудан бастап, жоғары оқу орындарында оқу кезінде және жұмысқа орналасу мен әртүрлі жеңілдік-



тер алуға дейін жемқорлық орын алуда. Респонденттердің айтуынша, кейбір қазақстандықтардың өмірін «жемқорлық конвейері» деп атауға болады, өйткені әртүрлі инстанцияларда жүргеннен пара берген жеңіл. Сонымен қатар жемқорлық мемлекетіміздің іргелі құндылықтарына, біздің тәуелсіздігімізге нұқсан келтіретіндігі айтылды (Атырау қ.).

Жемқорлықтың біздің елде осыншама ауқымды тарап кетуіне көптеген себептер айтылды (6.4-суретті қараңыз).

Қазақстандағы жемқорлықтың кеңінен таралу себептері туралы сарапшылар пікірі

6.4

сурет



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы мәліметтері бойынша)

Осыған байланысты көптеген респонденттер тұлғаның жанұяда да, қоғамда да, қалыптасуы мен тәрбиелену жағдайынан бастап, сондай-ақ қылмыстың осы түріне жазаны қатаңдатуға дейін баратын, жемқорлыққа деген адамдардың санасын өзгерту қажеттілігі туралы пікір білдірді.

Сұралған респонденттер жалпы қылмыстың, лаңкестік пен бұзақылықтың жастар арасында таралуының негізгі себептері ретінде келесілерді атады (6.5-сурет).

Жалпы қылмыстылықтың, лаңкестік пен бұзақылықтың жастар арасында таралуының негізгі себептері туралы сарапшылардың пікірі

6.5

сурет



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы мәліметтері бойынша)

Фокус-топтық зерттеуге қатысушылар жастар қылмысының алдын алу мақсатында жүргізілетін жастар ұйымдарының жағымды тұстарын да атап көрсеткен. Мысалы, Ал-



маты, Павлодар, Өскемен қалаларында және т.б. оқу мен жұмыстан қолы бос кезде қалаға ерікті түрде ереуіл жасап, полицияға көмек көрсету үшін құрылған студенттік жасақтар құрылған. Орал қаласында барлық жерлерге камералар орнату арқылы қылмыстар саны төмендетілді. Бұл шаралардың тиімділігі дәлелденгендіктен, осындай оңтайлы жайттар оларды бүкіл Республика бойынша қолдануға түрткі болуы тиіс.

Жалпы алғанда, фокус-топтық зерттеуге қатысушылар жастар арасындағы қылмыстардың алдын алу үшін қабылдануы керек деп танылатын келесі шараларды атады (6.6-суретті қараңыз).


Жалпы алғанда, жастар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша шаралар кешені жүйелі түрде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейін арналған «Қазақстан 2020: болашақ жолы» тұжырымдамасын бекіту сәтінен бастап қабылдана бастады. Бұл құжат жастармен жұмыс істеудің негізгі қағидаттары мен бағамдықтарын орта мерзімді кезеңге бекітті. Мәселен, тұжырымдаманың бірінші сатысын жүзеге асыру шеңберінде жастармен тұрақты мекен-жайы, оқуы және жұмыс істейтін орны бойынша адресті жұмыс істеу жүйесі қалыптастырылды. Өңірлік деңгейде жастармен жұмыс істеу саласындағы бағдарламаларды қаржыландыру көлемі ұлғайды. Халықаралық ұйымдармен серіктес бағдарламалар белсенді жүзеге асуда (2016 жылдан бастап Халықаралық қайта құру және даму банкімен «Жастар корпусын дамыту» жобасы жоспарланған, БҰҰ Балалар қоры ЮНИСЕФ-пен жастардың денсаулығын көтеру, суицидті төмендету, сондай-ақ жастардың ресурстық орталықтарының тиімділігін арттыру бойынша бағдарламалар жүзеге асуда).

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асыру бойынша ұлттың «100 нақты қадам» жоспары шеңберінде екінші сатыдағы шаралар жоспары іске асырылуда.

Қабылдануды талап ететін жастар арасындағы қылмыстардың алдын алу шаралары туралы сарапшылардың пікірі

6.6

Қабылдануды талап ететін жастар арасындағы қылмыстардың алдын алу шаралары



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы мәліметтері бойынша)

Оның жүзеге асырылуы институционалдық сипаттағы шараларды аяқтауға және өскелең буынның қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті жағдай туғызуға мүмкіндік береді [1].

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу бойынша шараларды екі үлкен топқа бөлуге болады: заңнамалық және ұйымдық-тәжірибелік.



ҚР-дағы жастар қылмыстылығының алдын алу бойынша шаралары

6.7
сурет

Заңнамалық шаралар	Ұйымдық-тәжірибелік шаралар
<p>“Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсылық көрсету мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң (жасөспірімдердің бейімделу орталықтарына орналастырылуға жататын жасөспірімдер санаттары кеңейтілді)</p>	<p>ІІМ басқа мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен қосылып “Жасөспірім”, “Каникул”, “Түнгі қаладағы балалар” шұғыл алдын алу шараларының өткізілуі. ІІМ бастамасымен келесі акциялар өткізілуде: “Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік”, «Жұмыссыз отырма», «Еңбекпен қамтылу», «Ерекше назардағы жанұя» және «Мен және менің полициам»</p>
<p>Жаңа ҚР ӘҚТК қосымша заң жобасы бойынша алдын ала есепке алынатын тұлғалар санатының кеңейтілуі қарастырылған</p>	<p>Мектептегі полиция инспекторы институтының енгізілуі (ҚР ІІМ мәліметтері бойынша – 2148 адам, қалада – 1453, ауылда – 695, қосымша – 1966 адам керек, қалада – 281, ауылда – 1685)</p>
<p>Өзге де заңнамалық шаралар</p>	<p>Полицияның жас көмекшілерінің 4 мыңнан астам жасақтарының жұмысы ұйымдастырылған</p>

Дереккөзі: ҚР ІІМ статистикалық есептері

6.8-суретінде ҚР ІІМ-нің ҚР-ның басқа мемлекеттік органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесе жүзеге асырылатын алдын алу шаралары келтірілген.

Әсіресе жасөспірімдер арасындағы жастар қылмыстылығымен күресуде әлімжеттілікпен күресу шаралары ерекше маңызға ие. Жасөспірімдерге қатысты әлімжеттілік фактілер саны жылдан-жылға төмендеп келе жатыр, оған статистикалық мәліметтерден көз жеткізуге болады (6.9 және 6.10-суреттерді қараңыз).

Мұндай төмендеу үшінші жыл қатарынан орын алып отырғанын ескеретін болсақ, ІІМ мен басқа да мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың осы бағыттағы жұмыстарының тиімділігін көрсететін тұрақты үрдіс туғандығын айтуға болады.

Сонымен қатар жыл сайын балаларын тәрбиелеуде міндеттерін орындамағаны үшін 4 мыңнан астам ата-ана немесе олардың орнындағы тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады, ал ішкі істер органдарының материалдары бойынша соттар ата-аналық құқықтардан айыратын 1 мыңға жуық шешім қабылдайды.

ҚР ІІМ-нің басқа құрылымдармен орындалып жатқан ұйымдық-тәжірибелік шаралары


6.8
сурет

<p>Мектеп мұғалімдерімен бірге: мектеп жасындағы балалардың күнделікті мектепке баруын қадағалау (2014 ж. ішінде мектепке 2 000 үстінде оқушы қайтарылды)</p>
<p>Білім жүйесі мен ата-аналар комитеттері өкілдерімен бірге: 10 мың үстінде рейд жасалып, 4,5 мың астам құқық бұзушылық анықталды; мектеп ішіндегі тіркеуде тұрған 16 мың жуық жасөспірімнің тұрғылықты жері тексерілді, және 10 мың үстінде дұрыс емес отбасылармен кездесу өткізілді</p>
<p>Ведомстволық “Динамо” спортзалдарына ішкі істер органдарының тіркеуінде тұрған 3 мың астам жасөспірім және дұрыс емес отбасылардан шыққан 812 жасөспірім тартылды</p>
<p>Оқу орындарында анонимді арыздарға арналған жәшіктер орнатылған (7 мың.) және мектеп оқушыларына анонимді анкеталық сұраулар жүргізіледі</p>
<p>Ішкі істер органдарында сенім телефондары жұмыс істейді</p>
<p>Оқу орындарында қорқытып ақша жинайтын тұлғалармен күресу бойынша жұмыс топтары әрекет етуде</p>
<p>Оқу орындарында бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жергілікті атқарушы органдармен бірігіп жасалуда (2 377 дана)</p>
<p>Дұрыс емес отбасылармен алдын алу жұмыстары шеңберіндегі шаралар: 18 мың астам бала тәрбиеленіп жатқан 12 мың астам отбасы ІІО тіркеуінде</p>

Дереккөзі: ҚР ІІМ статистикалық есептері

2013-2015 жылдарда кәмелетке толмағандармен жасалған ҚР ҚК-нің 181-ші бабы бойынша (қорқытып алушылық) аяқталған қылмыстық істер саны жөнінде мәліметтер


6.9
сурет



Дереккөзі: ҚР ІІМ статистикалық есептері



2013-2015 жылдарда кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған ҚР ҚК-нің 181-ші бабы бойынша (қорқытып алушылық) аяқталған қылмыстық істер саны жөнінде мәліметтер



Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

6.2. ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТТЕР

Девианттық жүріс-тұрыс қоғамның әлеуметтік нормаларымен қақтығысқа түсетін жеке тұлғаның іс-әрекеттерін сипаттайды. Әлеуметтік-экономикалық жағдай, отбасылық-тұрмыстық және тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар, әлеуметтік-мәдени орта девианттық жүріс-тұрысқа итермелейді. Әлеуметтану ғылымында ауытқушы жүріс-тұрыстың алғышарттарына жұмыссыздықты, кедейшілікті, қаңғыбастықты және т.с.с. жатқызады.

Криминолог ғалымдардың зерттеулері нәтижелеріне сәйкес, қазіргі жағдайда жастар ортасына келесідей үрдістер тән:

ішімдіктен, темекіден, нашадан, компьютерлік ойындардан, интернет жүйесіндегі қарым-қатынастан эмоциялық-психологиялық тәуелділік арқылы көрініс табатын аддиктивтілік;

жүгенсіздік пен бейбастақтық арқылы көрініс табатын кез келген жалпы адами ережелер мен нормалардан шексіз бостандық ретіндегі тәртіпсіздік;


суицид жасауға бейімді іштей күйзеліс.

Осының барлығы жастар субмәдениетінің жағымсыз бағытының қалыптасуына жиі соқтыратын жастар ортасындағы девианттық әлеуметтік-мәдени тәжірибелердің кеңінен тарауына ықпал етеді [2, 9-11 б.].

Сонымен қатар жастар ортасындағы девианттық әлеуметтік-мәдени тәжірибелермен күрестің өз қиындығы бар. Мәселен, ересектердің қылмыстылығына қарағанда жастар

қылмыстылығының динамикасы неғұрлым тез өзгеріп отырады, ал бұл үнемі реттеу мен қадағалауды талап етеді. Бұған қоса, әлеуметтік девиациялар өсімін тежеуге деген қоғам мұқтажы анық болғанымен, жастардың жүріс-тұрысындағы ауытқушылықтарды бастапқы сатыларда анықтауға, өлшеуге, бағалауға, олардың динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін сыннан өткен және жан-жақты құралдардың болмауын ескеру керек [3, 5-6 б.].

2014 жыл мен 2015 жылдың 6-айында алкогольдік мас болу кезінде қылмыс жасаған тұлғалардың жас мөлшері туралы статистикалық мәліметтер



Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

Девианттық жүріс-тұрыс зияндылығын жастардың өзі түсіне бермейтін зиянды әдеттер арқылы көрініс табады. Девианттық жүріс-тұрыстың кеңінен тараған нысандарына алкогольизм, нашақорлық және ойынқұмарлықты жатқызуға болады.


Ең қауіптісі алкогольдік және нашақорлық мастану кезінде жастар қылмыс жасауға баратындығында болып отыр. Біз, ең алдымен, алкогольизм мен нашақорлықтың қылмыс жасауға байланысты қырларына көңіл бөлуіміз керек.

Алкогольдік және нашақорлық мастану кезінде жастар қылмыс жасауға жиі бейім болып тұрады. Статистика көрсететіндей, алкогольдік масаю кезінде қылмыс жасаған тұлғалардың саны олардың жасына қарай бөлінген әрбір келесі тобында едәуір артып отырады (орта есеппен 7-8 есе өседі, ал жасына қарай бөлінген соңғы топта тіпті 5 есе артады).



Сонымен қатар 2015 жылдың 1-жарты-жылдығындағы мәліметтер алкогольдік масаю жағдайында жасалған қылмыстардың өсу динамикасының едәуір төмендегенін көрсетеді: жасына қарай бөлінген барлық топтарда 2 есеге жуық, ал 21-29 жас аралығындағы топта 3 еседен жоғары.

2014 жыл мен 2015 жылдың 6-айында есірткіден мас болу кезінде қылмыс жасаған тұлғалардың жас мөлшері туралы статистикалық мәліметтер



Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

2014 жыл және 2015 жылдың 6-айында алкогольдік мас болу жағдайында қылмыс жасаған тұлғалардың жас мөлшері туралы мәліметтерді талдау 21-29 жас аралығындағы топта алкогольдік мас болу жағдайында қылмыс жасаған тұлғалар санының едәуір төмендегені туралы қорытынды жасауға негіз береді. Мәселен, егер 2014 жылы осы санаттағы тұлғалар алкогольдік мас болу жағдайында 5511 қылмыс жасаған болса, 2015 жылдың алғашқы жарты жылында бар-жоғы 622 қылмыс жасаған.

2014 жылда өңірлік факторды ескерсек, жас жағына қарай бөлінген барлық топтарда (14-15 жас аралығындағы бірінші топты есептегенде) үш облыстың – Қостанай, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының үлесі орта есеппен 30-40%-ды құрайды.

Мысалы, 18-20 жас аралығындағы топта 2014 жылы алкогольдік мас болған жағдайында қылмыс жасаған тұлғалардың жалпы санынан (1037 адам), аталған үш облыстың үлесі былайша бөлінген: Қостанай облысы (164 адам, яғни 15% жоғары), ШҚО (148

адам, яғни 15% жуық) және Алматы облысы (102 адам, яғни 10% шамасында).

21-29 жас аралығындағы топта 2014 жылы алкогольдік мас болу жағдайында қылмыс жасаған тұлғалардың жалпы санынан (5511 адам), аталған үш облыстың үлесі мынадай: Қостанай облысы (721 адам, яғни шамамен 13%), ШҚО (720 адам, яғни шамамен 13%) және Алматы облысы (531 адам, яғни 10%-ға жуық).

Бұл үрдіс 2015 жылдың 6-айының көрсеткіштері бойынша да сақталуда.

Сонымен қатар аталған үш облыстың «ерекше» көрсеткіштерінің себептерін анықтау үшін жақын арада қосымша зерттеу жүргізу керек, өйткені Ұлттық баяндамада бұл саладағы барлық мәселелерді тереңінен зерттеп шығу мүмкін емес.

2014 жылғы және 2015 жылдың 6-айындағы есірткіден мас болу жағдайында қылмыс жасаған тұлғалардың жас мөлшері бойынша статистика да жоғарыдағыға ұқсас динамиканы көрсетеді.

Есірткіден мас болу кезінде жасалған қылмыстарға қатысты 18-20 жас аралығындағы топ шеңберінде олардың санының күрт ұлғаю фактісі қызығушылық туғызады. Мәселен, егер 2014 жылдың 12 -айында осындай 18 қылмыс тіркелген болса, 2015 жылдың 6-айында 61 қылмыс тіркелген екен, яғни шамамен 4 есеге көп. Мұндай өзгерістің себептерін анықтау үшін қосымша арнайы зерттеу жүргізу керек.

Алкогольден немесе есірткіден мас күйінде қылмыс жасаған тұлғалар санының айтарлықтай төмендеуі, бір жағынан, осы саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға кіріскен мемлекеттік органдардың еңбегі болып табылады. Екінші жағынан, алкогольден немесе есірткіден мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін жазаны айтарлықтай қатандатқан ҚР жаңа Қылмыстық кодексі мен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің күшіне енуі және т.с.с. сияқты объективтік факторлардың әсерін де естен шығармау керек.

Нашақорлық есірткі немесе өзге де уланғыш заттарды жастардың пайдалануы арқылы



көрініс табатын девианттық жүріс-тұрыстың бір түрі болып табылады. Нашақорлықпен күресуге әлеуметтік, экономикалық, мәдени сипаттағы, оның ішінде нашақорлық ерекшелігін ескеретін алкоголизмді жоюға бағытталған шаралар көмектесуі мүмкін.

Келтірілген статистика, егер 2014 жылы есірткіге тәуелді тұлғалардың жалпы санының 3%-нан төмені кәмелетке толмағандар болса, 2015 жылы жасөспірімдердің үлесі 2,5 есеге төмендегенін, яғни 70,8% азайғанын байқатады.

Есірткі және психотроптық заттарды әрі прекурсорларды теріс пайдаланатын тұлғаларды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

6.13
сурет

Ауқымы	2014 (6-ай)	2015 (6-ай)	Өзгерістер %
Жалпы ҚР бойынша	37 003	32 672	+11,7%
Оның ішінде кәмелетке толмағандар	897	262	-70,8%

Дереккөзі: ҚР Бас Прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитет

Есірткі және психотроптық заттарды әрі прекурсорларды теріс пайдаланатын кәмелетке толмағандарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

6.14
сурет

Кәмелетке толмағандар			өсім (+) төмендеу (-)	Жасы							
				14 жасқа дейін		15-17 жас		18-30 жас		31 жас және одан жоғары	
алдыңғысы	кейінгі	%	алдыңғысы	ағымдағы	алдыңғысы	ағымдағы	алдыңғысы	ағымдағы	алдыңғысы	ағымдағы	
897	262	-70,8%	212	25	685	237	10922	9375	25184	23035	

Дереккөзі: ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитеті

Жоғарыдағы кесте есірткі және психотроптық заттарды әрі прекурсорларды теріс пайдаланатын тұлғалардың көбі 18-30 жас аралығындағы топта шоғырланғандығын көрсетеді.

Соңғы жылдары жастарға төніп тұрған жаңа қатерлер ішінен көп жастардың біздің еліміз үшін дәстүрлі емес діндер мен бөтен діни секталарға кетуі алаңдатады. Бірақ діннің тарауына байланысты бұл қатердің ерекше сипатын ескере отырып, ол Ұлттық баяндаманың басқа бөлімінде қарастырылады.

Жастар ортасына төніп тұрған жаңа қауіп-қатерлер ішінен ойынқұмарлықты (ойынға тәуелділік, лудомания, гэмблинг-тәуелділік) ерекше атап өту керек. Ол психологиялық тәуелділіктің жаңа түрі және материалдық, отбасылық, әлеуметтік құндылықтарға деген қызығушылықты жоятын құмар ойын қажеттілігі болып табылады. Ойын құмарлығының ең көп тараған түрі – компьютерлік ойындарға тәуелділік.

Егер мұндай тәуелділіктің бастапқы кезеңінде бұл дерттен дәрігерлердің көмегінсіз құтылуға болады (мысалы, отбасындағы жағдайды жақсарту, жанжалдардан, қақтығыстардан қашу, белсенді демалуға ауысу, дос-жарандармен кездесу, саяхаттау, өзге де хоббимен айналысу арқылы), кейінгі кезеңдерде психотерапевтің арнайы көмегі қажет етіледі.

Мұндай тәуелділіктің дамуындағы психологиялық себептерді, нақты адамның ерекшеліктерін ескере отырып, психотерапевт компьютерлік ойындардан тәуелді болудан емделудің тиімді жеке әдістемесін ұсынуы керек.

Өкінішке қарай, қоғамға қарсы іс-әрекеттерді статистикалық есепке алу әдістемелері, ойынқұмарлық сияқты жаңа дертті тіркеуге алуы мүмкін болмай отыр, өйткені ол жоғары латенттік сипатқа ие. Сондықтан жақын арада құқық қорғау органдары мен ғылыми қауым ойынқұмарлық сияқты жаңа қатерлерді тіркеу және есепке алу мәселесін шешіп, онымен күресу әдістерін дайындауы керек.



6.3 ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД

Бұл құбылыстың қоғамға қарсы сипатына, сондай-ақ суицидтік жүріс-тұрыстың қоғамға қауіптілік деңгейінің жоғарылығына байланысты, оны жастардың девианттық жүріс-тұрысының басқа түрлерімен бірге қарастыруға болады.

Суицид проблемасы бүгінгі күні жаһандық сипатқа ие және ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтерімен расталады. Осы мәліметтер бойынша 2012 жылы өзі-өзіне қол жұмсау арқылы әлемде 800 мыңға жуық адам қаза болған. Және суицид үшін өңірлік ерекшелік не ұлттық діл ерекшелігінің ешқандай мәні жоқ, бастапқы фактор болып адамның психологиялық жағдайы ғана танылады. Бұдан шығатын қорытынды суицидтің алдын алуға болады деген сөз [4].

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің мәліметтері бойынша 2014 жылы елімізде жасөспірімдер арасындағы суицид саны 34,2%-ға қысқарған [4]. Сонымен бірге «Қазақстан жастары-2014» Ұлттық баяндамада 9-18 жас аралығындағы топта 2014 жылдың 8-айында 130 өз-өзіне қол жұмсау оқиғасы орын алса, 2013 жылы мұндай оқиғалар саны 144 болған, ал 18-29 жас аралығындағы топта өзін-өзі өлтіру саны айтарлықтай өзгермеген (2013 жылы – 497, 2014 жылы – 498 оқиға) [5].

Бұл жағдай шұғыл сипаттағы кешенді шаралар қабылдануын талап етті және солардың нәтижесінде 2014 жылы суицид саны қысқартылды: егер 2013 жылы 292 суицид фактісі мен 597 өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылу жасалса, 2014 жылы олардың саны 192 суицид фактісі мен 509 ұмтылысқа дейін төмендеді [6].

Алайда 2015 жылдың алғашқы жарты жылдығында суицид саны 101-ге, суицид жасау талпынысы 224-ке жетті. Бұл болса қауіпті үрдістің әлі де жойылмағандығын білдіреді.

Келтірілген мәліметтер көрсетіп отырғандай, статистика суицидтер санының төмендеу үрдісін белгілейді және бұл – көптеген мемлекеттік органдардың еңбегі. Мәселен,

Қазақстанда өз-өзіне қол жұмсауға талпыну оқиғалары жөнінде де статистика жүргізіледі, ал әлем елдерінің басым көпшілігінде ол жоқ. Егер ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік жұмыс министрлігін алатын болсақ, оның жанында екі жылдан бері әлеуметтік-психологиялық кеңес пен шұғыл әрекет бригадасы құрылып, жұмыс жасауда. 2012-2013 жылдары министрлік шеңберінде балаларға қатысты суицидтер мен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жоба жүзеге асырылған еді және оған Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары қатысты. Жоба шегінде суицидтің орын алған оқиғалары талданып, жұмысқа мектеп психологтары да тартылған еді.

Өзін-өзі өлтіру және өзін-өзі өлтіруге ұмтылу оқиғаларының саны туралы мәліметтер

6.15
сурет

Жылдар	2013	2014	2015
Суицидтер саны (оның ішінде жасөспірімдер арасында)	3 506 (292)	3 124 (192)	(101)
Жасөспірімдердің суицид жасауға ұмтылу оқиғаларының саны	597	509	224

Дереккөзі: Казахстанская правда. – 2015. – 8 тамыз. – 6 б.

2015 жылы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен Қызылорда облысында суицидтердің алдын алу бағдарламасы іске қосылды және оған шетелдік сарапшылар қатысады деп күтілуде. Бағдарлама ақпараттық және оқу бөліктерінен тұрады және ол қатер туғызатын топтарды анықтау бағытын да қамтиды [7].

Білім беру саласында жұмыс істейтін психологтардың мойнына үлкен жауапкершілік жүктелмек, сондықтан республикадағы суицидтердің алдын алу бойынша арнайы дайындалған бағдарламалар мен жоспарлар олардың оқытылуын, оларға арналған тренингтер мен шеберлік сыныптардың өткізілуін қамтиды. Әдістемелік әдебиеттер дайын, мектеп директорларымен, жоғары оқу орындарының басшыларымен, мүдделі ведомстволарының қызметкерлерімен «тікелей



байланыс» жасауда. Нәтижесінде суицид жасауға ұмтылған немесе суицид жасау ойында бар балалар туралы хабарламалар оларға тікелей түседі [7].

Суицидтерді алдын алу тиімділігі жоғарылады және оның ішінде мемлекеттік органдардың кешенді әрекеттеріне байланысты жоғарылағаны да шындық. Мәселен, жасөспірімдер арасындағы суицид оқиғаларын анықтау және оларға жол бермеу үшін ИМ алдын алу шаралар жоспарын жүзеге асыруда. Осы бағытта қылмыстық және әкімшілік полицияның ең тәжірибелі қызметкерлерінен тұрақты жұмыс топтары құрылды. Олар ай сайын білім беру саласының қызметкерлерімен оқу орындарында әлімжеттілікпен айналысатын тұлғалар туралы ақпаратты уақтылы алу үшін кездесулер өткізеді, өйткені көбінесе жасөспірімдерді ұрып-соғу әрі қорлаумен бірге жүретін осындай жағдайлар тек дене жарақаттарының ғана емес, жанға түскен дерттің де себебі болып, түбінде өкінішті оқиғаларға әкеледі. Осы мақсатта оқу орындарындағы моральдық-психологиялық климатты анықтау үшін мектеп инспекторлары үнемі оқытушылар арасынан сауалнамалар жүргізіп отырады. Білім беру органдарымен бірге анонимдік арыздарға арналған жәшіктер орнатылуда (бүгінгі күні 6 877 жәшік орнатылған). Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен оқу орындарында бейнебақылау камералары орнатылуда (2 377 камера жұмыс істеуде) [6].

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі ұсынған статистикаға сәйкес, 2014 жылы суицид жасауға ұмтылған жастар саны 546 адамды құраған.

Ерлер тобындағы жасөспірімдердің суицид жасауға оқталу саны жасына байланысты көбейе түсетіні назар аудартады. Сол уақытта қыз балалар тобында суицид жасауға оқталу саны 18-24 жас аралығындағы топта ең көп болса, 25-29 жас аралығындағы топта күрт төмендейді.

Сонымен қатар 15-17 жас аралығындағы қыз балалар тобында суицид жасауға оқталу саны ер балалар тобына қарағанда бес есе жоғары екендігі көзге түседі. Мұндай айыр-

машылықты ер балаларға қарағанда қыз балалардың нәзіктеу де сезімтал табиғатымен түсіндіруге болатын шығар.

2014 жылы суицид жасауға ұмтылған жастар саны туралы мәліметтер


6.16 сурет

	Барлығы	15-17 жас	18-24 жас	25-29 жас
Ерлер	546	46	232	268
Әйелдер	779	219	361	199

Дереккөзі: ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитеті

Аймақтар бойынша Қостанай (жасөспірімдердің суицид жасауға 224 адамның оқталуы) және Шығыс Қазақстан (366 адамның оқталуы) облыстары бойынша көрсеткіштер көзге түседі, өйткені олардың көрсеткіштері басқа облыстарға қарағанда еселеп артық екендігі байқалады (мысалы, Атырау облысында 23 адам ғана суицид жасауға оқталған, ал Батыс Қазақстан облысы бойынша 14 адам және т.с.с.).

Сарапшылардың суицидтердің себептері туралы пікірі



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы мәліметтері бойынша)



Жасөспірімдердің суицид жасауының негізгі себептеріне мамандар ата-аналарымен ұрсып қалуды, жауапсыздықты, интернеттің теріс әсерін жатқызады. Жалпы алғанда, бұл себептердің барлығы отбасы қатынастарындағы бағыт-бағдардың әлсіреуі мен рухани-өнегелік құндылықтардың төмендеуі проблемаларына алып келеді.

Жүргізілген фокус-топтық зерттеу шеңберінде жастар арасындағы суицидтер себептері мен оларды болдырмау жолдары туралы интервью бергендердің пікіріне қатысты тиісті сұрақ қойылған болатын.

Көрсетілген мәселелерді шешу үшін мамандар мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның біріккен күшімен отбасылық ағартудың тұтас жүйесін құруды ұсынады және оның шеңберінде мектептерде ата-ана дәрісханаларын (лекторий) ұйымдастыру тәжірибесін балалар тәрбиесінің өзекті мәселелерін топтық талқылау, өмір тәжірибесімен алмасу, басқа ата-аналар мен мамандардың ұсыныстарын тұжырымдау үшін пайдалануға болар еді.

Бұл мәселе бойынша өңірлер мен қалалардағы фокус-топтардың басым көпшілігінде, атап айтқанда, Орал қаласы, Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе облысы, Павлодар қаласы мен Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Атырау облыстары мен Астана қаласы фокус-топтары суицидтердің негізгі себебі ретінде ата-аналар мен педагогикалық құрам тарапынан көрсетілетін қысымды, сондай-ақ ҰБТ тапсыру және жоғары оқу орындарына түсу кезінде пайда болатын оқушылардың жеке күйзелістерін атады.


Осыған байланысты аталған және өзге де облыстарда бұл мәселе бойынша жағдайды өзгерту қажеттілігі, атап айтқанда, емтихандарды тапсыру жүйесін өзгерту керектігі туралы пікір білдірілді, (Павлодар қ. мен Павлодар облысы, Қарағанды қаласы, Маңғыстау облысы, Өскемен қаласы, Қостанай облысы).

Бұл саладағы маңызды мәселелердің бірі әртүрлі мемлекеттік органдардың беріп отырған статистикалық көрсеткіштерінің айырмашылығы болып отыр, бұл қолданыстағы әдістеменің кемшілігі жөнінде немесе

әртүрлі мемлекеттік органдардың қолданылатын әдістерінің ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мәселен, әртүрлі мемлекеттік органдарға жіберілген сұраныстар бойынша сарапшылар айтарлықтай айырмашылықтары бар статистикалық мәліметтер алуы арқылы көрініс тауып отыр.

Суицидтерді жою бойынша сарапшылардың ұсыныстары

6.18
сурет



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының 2015 жылғы мәліметтері бойынша)

Сонымен қатар мемлекеттік органдарға жолданған бірқатар сұрақтарға сарапшылар тіптен жауап ала алмады. Мысалы, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика мен арнайы есептер жөніндегі комитет себептік сипаттамалары көрсетілген жылдың мезгілдері мен апта күндері бойынша пайыздық көрсеткіштер мен мың адамға шаққандағы көрсеткіштер бойынша (аяқталған / аяқталмаған) суицид жасаған жастардың (атап айтқанда, 14-18; 19-23; 24-29 жас аралығындағы топтар бойынша) саны туралы сұраққа жауап бере алмады. Ал бұл мәліметтерсіз суицидтер санына деген жыл



мезгілі (мезгілдік оқиғалар) факторының әсерін зерттеуге және оларды белгілі бір оқиғалармен байланыстыруға мүмкін болмайды. Мысалы, 15-17 жас аралығындағы топта Бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізу кезінде суицидтер саны күрт ұлғаятыны көп айтылып жүр. Жоғарыда көрсетілген тиісті статистикалық көрсеткіштер бұл пікірді растауға немесе жоққа шығаруға көмектесер еді. Ол расталған жағдайда мүмкін болатын суицидтерді болдырмау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігіне ҰБТ ұйымдастырылу және өткізілу ережелеріне белгілі бір өзгертулер енгізуге қажет болар еді.

* * *

2015 жылдың 1-жарты жылдығындағы мәліметтер алкогольдік ішімдік ішу жағдайында жасалған қылмыстардың өсу динамикасының маңызды төмендеуін көрсетеді: барлық жас мөлшеріне қарай бөлінген топтарда 2 есеге жуық, ал 21-29 жас аралығындағы топта 3 еседен артық. Мұны 21-29 жас

аралығындағы топта алкогольден масаю жағдайында қылмыс жасаған тұлғалар санының күрт төмендеуі де дәлелдейді.

Соңғы жылдардағы алкогольдік масаю жағдайында жасалған қылмыстар динамикасы тұрақты төмендегенін байқаймыз.

Күнгізбелік жыл бойы есірткі және психотроптық заттарды әрі прекурсорларды теріс пайдаланатын жасөспірімдердің саны 2,5 есеге – 70,8%-ға дейін төмендеді. Есірткі және психотроптық заттарды әрі прекурсорларды теріс пайдаланатын тұлғалар саны 18-30 жас аралығындағы топтағылар.

Суицидпен күресу бойынша шұғыл сипаттағы кешенді шаралардың қолданылуы 2014 жылы жастар арасындағы суицид санын төмендетуге және 2015 жылдың бірінші жартысында осы үрдісті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Алайда өңірлерге бөліп қарағанда суицид жасауға оқталу саны жағынан үлкен сәйкессіздіктер бар. Олардың себептерін анықтау үшін терендетілген арнайы зерттеу жүргізу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Балаева Б. В 2016 году начнется реализация второго этапа концепции государственной молодежной политики до 2020 года // Литер. – 2015. – 5 сентября.
2. Кулешова С.Н. Криминализация молодежной среды российского общества. Дисс. канд. социол. наук: 22.00.06. – Ставрополь, 2009. – 177 с. – С. 9-11.
3. Мерзаканов С.А. Процесс криминализации рос-


сийского общества и его влияние на отклоняющееся поведение молодежи. Дисс. канд. социол. наук: 22.00.04. – Новочеркасск, 2003. – 144 с. – С. 5-6.

4. Бержанова И. Тревожные мифы о суицидах // Казахстанская правда. – 2015. – 8 августа. – С.6.

5. «Молодежь Казахстана-2014». Национальный доклад. – Астана, 2014. – С.151.

6. Оспанов А. У последней черты // Казахстанская правда. – 2015. – 8 августа. – С.6.

7. Бержанова И. Тревожные мифы о суицидах // Казахстанская правда. – 2015. – 8 августа. – С.6.



7 тарау

Қоғамдық-саяси үдерістегі жастар



7.1. ЖАСТАР ЕЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕ

Қазіргі жағдайда жастар елдің қоғамдық-саяси өміріне, саяси жүйенің дамуына және қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыруға үлкен ықпалын тигізіп келеді. Жастардың саясатқа араласуы көбінесе елдегі саяси жағдайға байланысты болып келетіндігі тарихтан белгілі.

Әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша, жастар саяси үдеріске қатысу мүмкіндігін өте жоғары бағалайды (7.1 сурет).

Жастардың саяси үдеріске қатысу мүмкіндігін бағалау



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері
(Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының деректері)

Жастардың аймақ бойынша саяси үдеріске қатысу мүмкіндігін бағалау

7.2 сурет

Облыстар	Өте жақсы (%)	Жалпы жақсы (%)	Орташа (%)	Нашар (%)	Өте нашар (%)	Ондай мүмкіндік жоқ (%)	Жауап беруге қиналамын (%)
Ақмола	15,8	26,7	28,9	14,4	2,2	6,7	5,6
Ақтөбе	17,3	23,6	30,9	9,1	1,8	1,8	15,5
Алматы	13,1	38,8	36,4	1,4	0,0	5,0	9,8
Атырау	15,4	50,8	29,2	3,1	1,5	0,0	0,0
Батыс Қазақстан	27,2	36,8	31,9	8,8	3,5	1,8	0,0
Қарағанды	12,8	25,6	37,8	9,3	5,2	2,3	6,4
Қостанай	12,5	30,8	34,6	7,7	1,9	1,0	11,5
Қызылорда	13,4	23,9	17,2	20,1	11,9	0,0	13,4
Маңғыстау	21,0	65,4	11,1	0,0	0,0	0,0	0,0
Оңтүстік Қазақстан	15,8	26,6	34,2	8,9	2,8	2,2	9,5
Павлодар	17,0	44,3	25,0	5,7	0,0	2,3	5,7
Жамбыл	15,1	33,6	30,8	5,5	0,7	0,0	14,3
Солтүстік Қазақстан	15,5	32,8	20,7	10,3	1,7	5,2	13,8
Шығыс Қазақстан	15,9	31,8	34,1	4,0	4,0	4,0	6,3
Астана	22,7	23,4	25,8	5,5	3,1	4,7	14,8
Алматы	11,2	19,9	24,8	8,1	1,2	9,3	25,5

Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері
(Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының деректері)

Жауаптардың жалпы жиыны бойынша жоғары бағалағандар – 46,8%, орташа бағалағандар – 29,4%, төмен бағалағандар – 10,8%, өз енжарлықтарын көрсеткендер – 12,9%.

Өңірлер бойынша бағалау көрсеткіштері (7.2-сурет).

Саяси өмірге қатысу мүмкіндігін өте жоғары бағалағандар Маңғыстау облысының жас-

тары – 86,4%; Атырау облысы – 66,2%; Батыс Қазақстан облысы – 54%. Айтарлықтай төмен бағаланған Алматы қаласы – 31,1%, Қызылорда облысы – 37,3%.

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі жастар саясатын үкімет пен жастар бірлесіп жүзеге асыруға тиіс деп санайды [1]. Елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу түрі бойын-



ша жастардың сауалнама нәтижелері қызығушылық тудырады. Сауалнамаға жауап берушілерге қатысудың бірнеше түрін таңдау ұсынылды. Ең негізгі түріне сайлау мен саяси партияларға, жастардың қоғамдық ұйымдары мен қозғалыстарына қатысу деп көрсеткендердің саны едәуір. Сонымен қатар еріктілер ретінде қатысу түріне қызығушылық артты. Қатысудың бұл түрін одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасында еріктілер қызметін және еріктілер мәртебесін заңдастыру қажет, сондай-ақ олардың қызметін ілгерілету мен ынталандыру үшін жүйе қалыптастыру керек (7.3-сурет).

Жастардың елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу түрлері, %

7.3
сурет

Саяси партиялар қызметі	43
Жастардың қоғамдық ұйымдары мен қозғалыстары	42
Еріктілік	23
Қайырымдылық	11
Сайлауға қатысу	83
Мемлекеттік органдарға жүгіну	25
Жаппай шағымдарға, өтініштерге, меморандумдарға қол қою	5
Наразылыққа, ереуілдерге, шерулерге қатысу	13

Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының деректері)

7.2. ЖАСТАРДЫҢ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУЫ

Жастардың сайлауға қатысуын зерттеу нәтижесі сайлауда жастардың бірқатар саяси, экономикалық, этникалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. жағдайлармен анықталады деген тұжырымға әкеледі. Ғалымдар жастардың дауыс беруін әртүрлі жағдайлармен байланысты болатындығын ескере отырып, шартты түрде екі топқа бөледі: объективті және субъективті. Біріншіге, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар жатады. Субъективті факторлар: сайлаушының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары (жынысы, білімі, жасы), партиялар

мен кандидаттардың саяси бағдарламаларды ұғыну дәрежесі, құндылықтар мен саяси көзқарастар. Басқаша айтқанда, жастардың әрекетінде жастардың құрамындағы белгілі бір топтардың әлеуметтік жағдайының, олардың мүдделері мен саяси бағыттағы айырмашылықтарын көрсететін өз ерекшеліктері бар. Жастардың түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарға сенуінен, олардың саяси көзқарасы мен саяси әрекеттерінің уәжі туралы ғана емес, сайлау белсенділігі жайында да білуге болады.

2015 жылы президенттік сайлауда «Стратегия» әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығы жүргізген Exit-poll мәлімдеуінше, дауыс берген азаматтардың жалпы санының 25,7%-ы 18 бен 29 жас арасындағы жастар [2].

Қазақстанда жастардың сайлау белсенділігі жоғары деңгейде екендігі байқалады. Жастардың басым көпшілігі саналы түрде өздерінің азаматтық борыштарын орындап, сайлауға қатысты. 26 сәуір 2015 жылы сайлауға қатысқан жас қазақстандықтар сенімді түрде Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа 96,6%-ы дауыс берді. Сайлау нәтижелері жастардың Қазақстан Республикасы Президентіне деген жоғары сенімін және оның стратегиялық бағытын қолдайтындығын көрсетеді. Бұл Мемлекет басшысының жастарға байланысты идеялары мен жастардың мәселелерін шешу үшін тиімді тәсілдерді жүзеге асыруымен түсіндіріледі.

2015 жылғы президенттік сайлауға жастардың қатысу уәждерін келтірейік. 68,7% басым көпшілігі сайлауға қатысу саналы түрде болғандығын айтты (7.4-сурет).

Зерттеулер нәтижесі жастардың саяси реформаларға қызығушылық танытатынын көрсетеді. Бұған 2015 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев бес институционалдық реформа жүргізу қажеттігі туралы хабарланғаннан кейін, жастардың көпшілігі оларды іске асыруға қызығушылық танытқаны дәлел (7.5-сурет).

Реформаның жүзеге асыруда өңірлер бойынша жастардың ең жоғарғы пайыздық мөлшері Атырау облысында байқалады. Осы аймақтың 80%-дан астам респонденттері жүз



қадам реформасымен егжей-тегжейлі танысып, әрі қарай оның дамуын қадағалап отыратындықтарын айтты. Алматыда тұратын жастар бұл реформа туралы білмейтіндіктерін, ал осы қаладағы жастардың жартысынан көбі осы реформа туралы естімегенін мойындады [3].



Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға жастардың қатысуы

Әртүрлі қоғамдық және мемлекеттік институттардың мақсатты түрде әрекет етуі нәтижесінде Қазақстан жастарында өздерінің әлеуметтік рөлдерін атқаруға қажетті белгілі бір құндылықтар, қабілет пен көзқарастар қалыптасады және маңызды рөл атқаратын саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға қатысады. Тиісінше, өскелең ұрпақ кімді қолдайды және кімнің соңынан ереді деген сұрақ ерекше маңызға ие [4].

Жастар арасында ең танымалы – «Жас Отан». Оның еліміздің барлық өңірлерінде, Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ аудандық пен қалалық деңгейдегі бөлімдері бар. «Жас Отанның» орталық кеңесінің құрамына Парламент мәжілісі депутаттары, барлық деңгейдегі мәслихаттар, жастардың НПО жетекшілері, жас спортшылар мен мәдениет қайраткерлері бар. Сондықтан респонденттердің 51,1%-ы ол ұйым туралы естігендерін, 26,4%-ы (ең жоғары) бұл ұйым жайында жақсы білетіндіктерін көрсетті және 22,5%-ын (ең азы) «Жас Отан» туралы ештеңе естімеген немесе білмейтін жастар құрайды.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, жастар саяси партиялар мен қозғалыстар жайында хабардар [5].

Жастар партияны таңдау кезінде басқарушы «Нұр Отан» партиясын таңдап, оған көбірек қолдау көрсететіндіктерін байқауға болады. «Сіз Қазақстанның қандай саяси партиясына көбірек қолдау көрсетесіз?» деген сұраққа жастардың 41,2%-ы «Нұр Отанды» қолдайтынын мәлімдеді. Сонымен қатар сұралғандардың үштен бірі ешқандай партияны қолдамайтынын, 13,9%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналатындықтарын айтты, 14,5%-ы Қазақстанда қандай партиялардың бар екенін білмейді (7.6-сурет).

Аймақтарға жасалған сауалнаманың деректері бойынша Атырау облысы жастарының 88,2%-ы сенімді түрде «Нұр Отан» партиясын қолдайды. Бұл аймақта Қазақстанда



қандай партиялардың бар екенін білмейтін жастардың үлес салмағы төмен, ал ешқандай партияны қолдамайтындардың үлесі – 0,0% және 5,9%.



Қазақстандық партияларды білмейтін респонденттердің ең жоғарғы пайызы Ақмола (37,5%) және Павлодар (35%) облыстарында болып шықты, ал ешқандай партияға қолдау көрсетпейтін жастар үлесінің 44,5% көрсеткіші бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы алда тұр. Астана және Алматы қалаларының жастарын салыстырғанда «Нұр Отан» партиясын қолдайтындардың көпшілігі – астаналықтар (тиісінше 43,9%, қарсы 29,9%), ал ешқандай партия болмауын дұрыс санайтын жастар Алматыда көп (39,0%, қарсы 35,7%) [3].

Басқа партиялармен салыстырғанда «Ақ-жол» партиясының жас жақтастары Маңғыстау облысында (1,5%) және Ақмола облысында (1,3%), Шығыс Қазақстан облысы (1,3%) «Ауыл» партиясын, Жамбыл облысының 2,5%-ы «Азат» партиясын ұнатса, Батыс Қазақстан облысының 2,8%-ы коммунистерге қолдау көрсетеді.

Осылайша, жастардың арасында Қазақстандағы саяси партиялардың ішіндегі ең танымалы және оң көрсеткішпен қабылданатын партия – Нұр Отан. Біздің еліміздегі жастардың көпшілігі аталған партия өз қызметін бел-

сенді атқарып жатқандығын атап өтті. Бұл іс жастар арасында оң көзқараспен қабылдануда.

Басқа саяси партиялардың қазақстандық жастарға төмен қолдау көрсетуі мынадай себептерге байланысты.

Біріншіден, көптеген саяси партиялардың қызметі жаңа саяси шынайы өмірге сәйкес келмейтіні ерекше рөл атқарады.

Екіншіден, жастардың белгілі бір бөлігі өз мәселелерін сол саяси партиялар арқылы шеше алмайтындығы. Сонымен қатар халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру, әртүрлі талаптарға жауап беруге саяси партиялардың мүмкіндігінің шектеулілігі.

Үшіншіден, сайлау алды бағдарламаларының бір-бірінен айырмашылығы аз, оларда жастардың өзекті мәселелерін нақты шешу тетіктері қамтылмаған.

Жастар «Жасыл ел» (26,3%), «Болашақ» стипендиясының қауымдастығы және «Жас Отан» (51,1%), «Жас ұлан» (50,1%), Қазақстан студенттерінің Альянсы (48,6%), жас кәсіпкерлер қауымдастығы (46%) сияқты ұйымдардың қызметін жақсы біліп және оларға қатысып тұрады. Жастардан сұраған кезде ештеңе білмейтін, естімеген ұйымдардың арасында жұмысшы жастардың одағы (49,8%), ауыл жастарының одағы (48,8%), студенттік жастардың еңбек отрядтарының Республикалық штабы (42,8%) және жас депутаттардың қауымдастығы (42,7%) болды [6].

Ең көп және белсенді түрде жұмыс істейтін жастар ұйымы Қостанай, Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында байқалады. Ең азы Атырау, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында байқалады.

Біз Қазақстанда жастардың белгілі бір мәселелерін шешумен айналысатын қоғамдық ұйымдардың (мүгедектер, тәрбиесі қиын жасөспірімдер, әлеуметтік жақтан қорғалмаған жастармен жұмыс) өте аздығын мәселе ретінде қойғымыз келеді.

Респонденттердің тек 15,3%-ы жастар ұйымдарын жастарды қолдау көзі ретінде қарайды. Жас қазақстандықтардың қалыптасуына жастар ресурстық орталықтардың рөлі, тіпті, төмен бағаланады (6,9%). Бұл жастар-



ға көрсетілетін аталған құрылымдардың, олардың мақсаттары, міндеттері мен қызмет көрсету саласынан хабарсыз екендігіне байланысты болуы мүмкін. Сондықтан олардың рөлін нақтылап және әрбір өскелең ұрпаққа осы ақпаратты жеткізу қажет.

Сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерге тіркелумен қатар, жастар этномәдени бірлестіктерге тіркелу арқылы өз этносының мүдделерін білдіріп және қорғай алады. Аталған бірлестіктерді құру және басқарумен Қазақстан халқы Ассамблеясы айналысады.

Біз Қазақстанда еріктілер қызметін дамыту қажеттігін атап өтеміз. Бұл Қазақстан жастарының жауапкершілік сезімін, кәсіби дағдыларын, азаматтық белсенділігін дамытуға ерекше әсер етеді. Қазақстанның барлық өңірлерінде еріктілер қозғалысы қарқын алып келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының әлеуметтік зерттеулер жүргізу барысында аймақтардағы респондент жастардың көп бөлігі еріктілер қызметімен айналысуға, ауқымды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға, жастар саяси мектебінен өтуге және белсенді азаматтық позицияны ұстануға дайын екендіктері байқалды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша еріктілер қызметін максималды түрде қолдайды және әрі қарай дамыту қажет деп есептейді (42%); қатысқысы келеді, алайда уақыттары жоқ (12%); естіген, алайда қатыспаған (15%); кейде қатысқан (11%); жауап беруге қиналды (12%); білмейді және естімеген (8%) [1].

«Жастар» ҰЗО мәліметінше, жастардың 17,6%-ы мүгедектерге, зейнеткерлерге, жетімдерге көмек көрсетуге қатысқан; 13,5%-ы балалар алаңын салуға қатысқан; сұхбаткерлердің 20,2%-ы жаппай спорттық іс-шараларға қатысқан [3].

Өзін-өзі басқару және ұйымдастыруды жетілдіру үшін қажетті институттар құрылып, жастарға қажетті жобалар мен бағдарламалар іске асырылды. Бұл процесте жастардың ресурстық орталықтары ерекше рөлді атқаруы керек [1].

Сонымен қатар жастар ұйымдарының жұмысын белсенді түрде насихаттау мен қаржыландыру, қызығушылықтары бойынша клуб құру, белсенді жастарды қолдау және ынталандыру; барынша көп ақпарат тарату, жастар үшін бұқаралық PR компаниялар; ақысыз жұмыс істетуге жастарды құлшындыра түсу (сыйақы, сыйлық, моральдық тұрғыдан ынталандыру жүйелері); мемлекеттің қатысуымен жастардың әлеуметтік жобаларының санын көбейту. Сондай-ақ спорт қондырғыларына қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.

7.3. ЖАСТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ДЕҢГЕЙІ


Өздеріңіз білетіндей, жастардың наразылық себептері олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне ғана емес, сондай-ақ құндылықтары мен саяси көзқарастарына байланысты болып келеді. Сондықтан жастардың наразылық себептері кешенді сипатқа ие және әртүрлі факторлардың бір мезгілде бірігуінің нәтижесі болып табылады деп айтуға болады.

Жастардың наразылық әлеуетін бағалау бойынша әлеуметтік сауалнама қорытындысы негізінен жас респонденттер белгілі бір себепке байланысты жаппай қарсылық акциясының болуы екіталай деп санайды [2]. 84,4%-ы болу мүмкіндігін жоққа шығарса, 9,7%-ы ғана «иә» деп жауап беріп, 5,8%-ы жауап беруге қиналды (7.7-сурет).


Қазақстандық жастардың белсенді іс-әрекетке икемділігі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Саясаттану кафедрасында КИСЭП «Қоғамдық-саяси тұрақтылық Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің негізі ретінде» жобасы аясында жүргізілген сараптамалық сауалнамасында қарастырылды (7.8-сурет).

Сарапшылардың 28,5%-ы жаппай наразылық шарасын жоққа шығармайтындығына назар аударған жөн. Ал сарапшылардың 39,3%-ы қойылған сұраққа сенімді емес. Осыған байланысты, аталған құбылыстың себептерін болжай білу қажет. Әлеуметтанушылардың зерттеулері бойынша, наразылық шарасының

факторлары мен себептері көп жағдайда материалдық мәселемен байланысты болып келеді. Респонденттерге: «Қандай мәселе сізді жаппай наразылық шарасына қатысуыңызға итермелейді?» – деп қойылған сұраққа бірнеше нұсқадағы жауаптар берілді. Сұралғандардың 21,8%-ы ашық наразылық шарасына қатысуға ештеңе де итермелемейтінін айтса, жастардың 23,9%-ы жұмыстан қысқару мен шығару себептері ашық түрде қарсы көтеріліске шығуға алып келетінін айтты. Ал респонденттердің 18,6%-ы айлықты төлемеу мәселесін көрсетті [3].



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы («Жастар» F30 мәліметінше)



Дереккөзі: КИСЭП пен Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Саясаттану кафедрасының сараптамалық сауалнамасының қорытындысы

Тұтас алғанда, Қазақстан жастары деструктивті әрекетке баруды қолдамайды. Қазақстанда жастардың наразылық шарасына шығуға әсер ететін саяси күштер жоқ [7].

Жастардың көбі ұлттық бірлік, татулық пен келісімді ең жоғарғы құндылық деп бағалайды [8]. Респонденттердің 28,5%-ына Қазақстан халқының біртұтас болашағы маңызды болса, 18,3%-ы ұлттық қауіпсіздік екенін көрсетті (7.9-сурет).

Дегенмен әлемдегі экономикалық дағдарысқа байланысты, яғни «төмендеу механизмнің» орын алуы наразылық шарасының болу мүмкіндігін күн тәртібінен түсірмейді. Сондықтан наразылықтың әртүрлі триггерлері мен наразылықтың әлеуетін сезіну арасындағы айырмашылықты білу маңызды. Алайда бұл әр мемлекет пен дәуірдің ерекшеліктерімен, көп жағдайда саяси сенім мен жекелеген саясаткерлердің қолдауы және саяси институттардың деңгейімен байланысты анықталды [9].

Жалпы наразылық сипатында емес, бірақ жастар арасында кең тарап келе жатқан – флэшмоб, хэппенинг, перфоманстер секілді жаңа қарсылық түрлеріне ерекше көңіл бөлген жөн.

Жекелеген сарапшылар ғаламтор мен әлеуметтік желілердің дамуын наразылыққа итермелейтін фактор деп есептейді. Сонымен қоса әлеуметтік желілер болып кеткен көтерілістің себептері емес, қарсылыққа толы көңіл күйді тарату, наразылық білдірушілердің әрекетінің үйлестірілуінің, болған оқиғалар туралы халықаралық қауымдастықтың хабардар болуының заманауи құралы. Дегенмен көтерілістің басталуына негізгі шарт – саяси, әлеуметтік-экономикалық себептер, сондай-ақ наразылық шараларына қатысуға ел азаматтарының белгілі бір бөлігінің бейім келуі (психологиялық дайындығы) [10]. Алайда жастардың әлеуметтік желілеріне назар аудару керек, себебі, ол наразылық әлеуетін қозғаушы күшке айналып кетуі мүмкін.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтары өз мәселелерін шешуде қарсылық білдіру әрекетін қолдануға бара



бермейді, сол себепті зорлық-зомбылық сипатындағы наразылық шараларының ықтималдығы күрт азайды. Алайда Қазақстан қоғамында наразылық түрлерін болдырмау мақсатында, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған шараларды атқару қажет.

Жастардың құндылықтар туралы қөзқарастары

7.9
сурет

Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы («Жастар» ҒЗО мәліметінше)

7.4. ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН

Жыл өткен сайын Қазақстанның әлеуметтік-мәдени өмірінде дін маңызды орынға ие болып, діни фактор жастардың тұлғалық қалыптасу үдерісінде, олардың өмірлік бағдарында, әлеуметтік азаматтық тұрғыда қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Діннің құндылықтық әлеуеті жастар арасындағы маскүнемдік, есірткі құмарлық және т.б. теріс құбылыстардың алдын алуға ықпал етеді. Сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік экономикалық, мәдени үдерістер жастардың дүниетанымы мен мінез-құлқына ықпал етеді.


2003-2009 жылдар аралығында Қазақстанда жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулерді салыстырмалы талдау негізінде жастар арасында діни айқындалудың тұрақты өсуі байқалады. Жастардың көбі ислам мен православие сенімін ұстанады. Зерттеушілердің пікірінше, жастардың діндарлығы атүсті сипатта. Олардың діни білімі және діни қызметке қатысуы төмен деңгейде. Жастар діннің қоғамдағы рөлін оң бағалай отырып, өзінің діни сенімін этникалық және мәдени дәстүр негізінде сипаттайды (қазақ, демек мұсылман, орыс, демек православ) [11].

«Жастар» [8] ғылыми зерттеу орталығы жүргізген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың 35,2%-ының пікірінше, жастардың діндарлығының өсуі қоғамға теріс ықпал етуі мүмкін. Респонденттердің 19%-ы зайырлы құндылықтарға бағдарын жоғалтып алу қаупі бар десе, 16,2%-ы конфессияаралық шиеленістің болуы туралы қауіптенген. Жауап бергендердің 27,7%-ы Қазақстан азаматтарында зайырлы сана басым, сондықтан бұл елдегі жағдайға еш ықпал етпейді деп жауап берген. Респонденттердің ширек бөлігі жастардың діндарлық деңгейінің өсуін жағымды деп бағалаған. Респонденттердің 15,4%-ы жастардың рухани адамгершілік деңгейі қалыптасады десе, 10,7%-ы діни нормалар мен зайырлы заңдар бір-бірімен сәйкес деп санайды, 10,9%-ы жауап беруге киналды (7.10-сурет).

Сауалнама деректері көрсеткендей, «діндар» және «дінге сенуші», «діндарлық» және «зайырлылық» ұғымдарын бұрыс түсіну бар екендігін көрсетеді. «Діндар» және «дінге сенуші», «діндарлық» ұғымдары жиі сәйкестендіріледі. Шын мәнісінде, бұл – түрлі ұғымдар. Діндарлық – бұл көбіне сенімнің сыртқы сипаттарының көрінісі. Сенім – бұл көбіне адамның ішкі әлемімен байланысты. Дін әлеуметтануында дінге сенушілердің бірнеше түрлері бар: *шынайы сенушілер*, олардың діни сенімі олардың мінез-құлқы мен өмірінде айқындаушы рөл атқарады. *Сенушілер*, олардың діни сенімі екінші мәнде және мінез-құлықтарына әлсіз ықпал етеді. *Діни сенімі айқындалмағандар*, олар дін мен атеизм арасында нақты ұстанымдары жоқ [13].



"Сіздің ойыңызша дін ұстанушы жастар санының өсуі елдің қоғамдық-саяси өміріне қалай әсер етуі мүмкін?" деген сұраққа респонденттердің пікірі, %

7-10
сурет

Дереккөзі: «Жастар» F30 деректері

Бұл тұрғыда, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының тапсырысымен жасалынған «Қазіргі замандағы жастардың дүниетанымдық және рухани құндылықтары: жағдайы, мәселелері, шешу жолдары» атты әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелері негізінде жасалынған Аналитикалық есептің көрсеткіштері қызығушылық туындатады. 18-29 жас аралығындағылардың 75,7%-ы өзін діндар деп көрсетеді. 16,7%-ы өзін дінге сенбейтіндерге жатқызады. 7,6%-ы жауап беруге қиналған [12, 19-22 бб.]. Конфессионалды белгілері бойынша, 58,3% мұсылман, 36,7% өздерін православ христиандар деп санайды. Жастардың аз бөлігі түрлі конфессионалды топтарға жатады. 0,2%-ы буддист, 0,1%-ы католик, 0,1%-ы протестант. Ешбір дінді ұстанбайтындар – 2,3%, жауап беруге қиналғандар – 2,3%.

Көрсетілген деректер қазақ қоғамында ислам мен православиелік христиандықты ұстанушылар басым екендігімен қатар, өзін католиктік және протестанттықпен сәйкестендіретін адамдар бар екендігін көрсетеді. Азаматтар арасында өзін нақты сәйкестендірмейтіндер де бар. Сандар олардың шыннайы діндар не сенуші екендігін пайыздық

тұрғыда көрсетпейді. Демек, қазақстандық жастардың діни бірегейлік ерекшелігі мен себептерін анықтау өзекті болып отыр. Жастардың діндарлығының өсуін әлеуметтену институты немесе рухани-адамгершілік ізденіс ретінде қарастыру керек. Жастар неге дінді таңдайды? Бұл әлемдік үрдіс ретінде өсе түседі немесе қайсыбір өзгеше құбылыс. Олардың таңдауы неден туындаған? Олардың түрткілері қандай? Зайырлылық, діндарлық, руханилық ұғымдары қалай сәйкестендіріледі?

Әлеуметтік зерттеулер қорытындысына сәйкес, 14-29 жас аралығындағы респонденттердің 86,8%-ы өздерін дінге сенушілер ретінде санайды. Оның ішінде, респонденттердің 15,6%-ы діни рәсімдер мен жөн-жоралғыларды қатаң сақтайтын болса, респонденттердің басым бөлігі (71,2%) өздерінің діндарлығы діни мерекелер мен басқа да діни салт-дәстүрлерді формалды түрде орындаумен шектелетіндігін көрсеткен. Дінге сенбеушілердің үлесі – 10,6%, агностиктердің үлесі 2,2% көрсеткішті құраған.

Жоғарыда көрініп тұрғандай ең көп топты орта жолды ұстанатын дінге сенушілер, яғни діни мерекелер мен салт-дәстүрлерді ұстанумен шектелетін адамдар құрайды. Олардың қатарында, негізінен, православие (96,5%) және ханафи мазхабындағы ислам (83,1%) өкілдері жиі кездеседі.

Жалпы, 14-29 жас арасындағы Қазақстан жастарының басым бөлігі өздерінің этникалық, жыныстық және жас ерекшеліктеріне тәуелсіз орта жолды ұстанатын дінге сенушілер болып табылады.

Сонымен қатар әрбір 10-ыншы респонденттің өздерін дінге сенбейтіндер деп көрсеткендерін айта кету керек. Мұндай көзқарасты ұстанушылар, негізінен, облыс орталықтары мен шағын қалаларда жиі кездеседі. Орта есеппен облыс орталықтары тұрғындарының әрбір үшінші тұрғыны өздерін дінге сенбеушілер ретінде көрсеткен болса, шағын қалаларда бұл көрсеткіш 14% құраған.

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің діни жүріс-тұрыстары олардың діндарлығының тым атүсті екенін көрсеткен. Атап



айтар болсақ, респонденттердің 60%-ы күніне 5 мәрте намаз оқымайтын болса, сауалнамаға қатысқандардың 9,3%-ы ғана намазды үзбей оқитындықтарын көрсеткен. Олар – негізінен, шағын қалалардың, Алматы, Ақмола Қызылорда және Маңғыстау облыстарының тұрғындары. 5 мәрте намаз оқитындардың үлесін көбінесе ер адамдар 11,6% (әйелдер арасында 7,2%); 25 пен 29 жас арасындағылар (13%) және діндар тұрғындар 20,4% құрайды.

Әрбір төртінші респондент діни рәсімдерді сирек орындайтығын көрсетсе, бұл көрсеткіш православие сенімін ұстанушылар арасында 28,6%, ал ханафи мазхабындағы исламды ұстанушылар арасында 24,1% құраған. Респонденттердің басым көпшілігі 14-25 жас арасындағы азаматтар болып табылады.

Респонденттер арасында діни әдебиеттерге қатынаста үнемі қызығушылық танытатындардың үлесі келесідей:

- ер адамдар – 12,6%, әйел адамдар – 7,6%;
- ересек жастар арасында (12,6% – 25-29 жастағылар арасында, 9,5% – 19-24 жастағылар арасында, 7,7% – 14-18 жастағылар арасында);

- діни рәсімдер мен ғұрыптарды үнемі орындайтын діндарлар (17,8%) көрсеткен болса, православиеліктер арасында бұл нұсқаны бірде-бір респондент көрсетпеген, ал ислам дінінің ханафи бағытын ұстанушылардың 11,6%-ы бұл нұсқаны атап көрсеткен.

Діни тақырыптағы медиафайлдарға қатынастағы қызығушылық жастардың белгілі бір азғантай бөлігіне тән болса, респонденттердің 42%-ы бұл бағытқа мүлдем қызығушылық танытпайды. Респонденттердің 12,6%-ы бұл бағытқа тұрақты қызығушылық танытатын болса, 17,9%-ы анда-санда, ал 27,3%-ы тым сирек қызығушылық танытатыны анықталды.

Осы ретте зерттеу нәтижелері жастардың жалпы дінге қатынастағы қызығушылығы өте төмен деңгейде екенін көрсетіп отырғанын айта кету керек.

Тұтасынан алғанда респонденттердің 20,5%-ы дінге қызығушылық танытатындығын атап көрсеткен болса, оның ішінде

10,5%-ы өздерінің сол бағыттағы сауаттылығын арттыру үшін қандай да бір ақпарат іздеуге талпынбайды.

Әрбір екінші респондент дінге қандай да бір жоғары қызығушылық танытпайтынын көрсеткен болса, сауалнамаға қатысқандардың 11,5%-ы дінге мүлдем қызығушылық танытпайды.

Аналитикалық есеп көрсеткіштері жастардың діни санасының қалыптасуына әсер ететін факторларды ашып көрсетеді [12] (7.11 сурет).

Жастардың діни санасын қалыптастыруға ықпал жасайтын факторлар

7.11
сурет



Дереккөзі: Сараптамалық есеп
(Философия, саясаттану және дінтану институты)

Жауаптардың нәтижесінде қазақстандық жастардың басым бөлігінің діни санасының қалыптасуына негізінен ата-ана және туысқандар әсер ететіндігі айқындалды. Сонымен қатар назар аударар жай егде жастағы туыстар ықпалының жоғарылығы. «Қиын сәттерде қолдайтын сүйеніш іздеу» және «дінге берік достар, таныстардың» әсері әрбір 10-шы респонденттің діни санасының қалыптасуына



әсер етеді. Бұл топтың өкілдерін дәстүрлі емес немесе деструктивті діни ағымдарға, оның ішінде экстремистік сипаттағысы да, тартылу қауіпі жоғары деп қарастыруға болады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитетінің мәліметтеріне сай республика аумағында әр жыл сайын діни бірлестіктердің арту үрдісі байқалып жатыр. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2014 жылы республикада 3514 діни бірлестік, 18 конфессия тіркелген [14]. 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында 3563 діни бірлестік тіркелді. Бір жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 49-ға артқан. Діни бірлестіктердің артуы Алматы қаласында, Алматы, Ақмола және Павлодар облыстарында байқалуда. Діни бірлестіктер мен олардың филиалдары ОҚО (848), Алматы (553), Жамбыл (325), Қарағанды (316), Шығыс Қазақстан (309) облыстарында шоғырланған.

Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, бағым жағдайда респонденттер дінді біріктіруші және тұрақтандырушы ретінде қарастыруға бейім, олар 54,8% құрайды. Сұралған респонденттердің үштен бір бөлігінен көбі керісінше қарастырады, олар 37,2% құрайды. Жауапты білмейтіндер – 8,1%.

Әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары қазақстандық жастардың діни толеранттылығының жоғары деңгейде екенін көрсетті. Бұл олардың барлық діндердің тең екендігін мойындайтығынан анықталды. Мұны респонденттердің 58,3%-ы көрсеткен болса, діни изоляционизм әрбір төртінші респондентке тән, ал сауалнамаға қатысқандардың 16,6%-ы бұған жауап беруге қиналған.

Діни толеранттылық мемлекеттің дін саласындағы саясатының негізгі міндеттерінің бірі дейтін болсақ, мемлекеттің осы бағыттағы жұмысының табысты іске асырылып отырғанын сауалнамаға қатысқандардың 80%-ы көрсеткен.

«Жастар» F3O [8] ұсынған мәліметтері бойынша Қазақстан жастарының пікірінше, дін адам өміріне сөзсіз әсер етеді деп есептейді. Атап айтқанда, діни фактор отбасы қатынасы мен ұлттық қауіпсіздікке әсер етеді. Білім беру саласындағы ықпалы елеулі түр-

де сезіледі, ал мемлекетіміздің экономикасына, денсаулық сақтау мен қаржы саласына азырақ әсер етеді. Еліміздің жастары діннің ұлттық қауіпсіздікке әсер ету проблемасын мемлекетімізге түрлі экстремистік пен террористік топтардың ішке кіруі мен тұрақсыздықты тудыруы деп есептейді.

Террористік топтарға азаматтардың қатысуының бірі дүниетанымдық себептермен де түсіндіріледі. Мәселен, Қазақстанның қауіпсіздік кеңесінің мәліметтері бойынша бүгінгі күні 400-дей Қазақстан азаматтары ИГИЛ топтарының бақылауындағы Сирия мен Ирак қалаларына әскери әрекетке қатысуға барғанын айтады [16].

Қазақстан арнайы қызметінің ақпараты бойынша, ИГИЛ жағында 300-ден астам Қазақстан азаматтары соғысып жатыр [16]. Теологтар мен діни қызметкерлердің пікірінше, олар болашақта елімізге қайтып келуі әбден мүмкін. Радикалдық діни ағымның ізбасарлары, яғни түрлі экстремистік әрекеттерге дайын содырлардың мемлекетімізге оралу үдерісіне Қазақстан қауымының дайын болуын қажет етеді.

Қазіргі кезде діни экстремизм мемлекетіміз бен қоғамымыздың қауіпсіздігіне шыннайы қауіп-қатер төндіріп отыр. Экстремистер заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жастарды өз қатарларына тартады. Қазақстанның БАҚ-қа сәйкес соңғы жылдары экстремистік-террористік бағыттағы сайттар саны үш есе өскен. Мұндай сайттардың негізгі қатысушылары 12-17 жастағы жасөспірімдер, 18-35 жас аралығындағы жастар болып табылады. Жиһадқа шақыруды көптеген «жасырын» танысу, туристік компаниялар, т.б көптеген сайттардан, белсенді сілтемелерден көруге болады. БАҚ құзыретті органдарға жүгіне отырып, мұндай сайттармен күресу өте күрделі, қиын деп айтады. Жабық экстремистік сайттар басқа аттармен қайтадан ашылып жатыр. Осы жайлы эксперттер де айтады, егер де 2014 жыл интернет желісінде жиһадтық бағыттағы 432 қауымдастық анықталса, 2015 жыл үш тоқсанының ішінде ол алты есе өскен екен [15].



Келтірілген мәліметтер жас қазақстандықтар арасында діни радикализм, экстремизм, радикализм идеяларына қатысты алдын алудың кешенді, ауқымды және жоспарлы жұмыстарын жүргізу қажет. Бір айта кетерлігі, бұл бағытта ауқымды жұмыстар басталып кетті. 2014 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетінде Үкіметтік емес ұйымдармен өзара ықпалдастық жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес құрамына әртүрлі бағыттағы (зерттеу, ақпараттық-реабилитациялық, білім беру, әскери-патриоттық, құқық қорғау, жастар ұйымы және т.б.) 30 қоғамдық ұйымның басшысы енді. Кеңес құрамында «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан жастарының конгресі, ҚР Президентінің Болашақ халықаралық стипендианттар ассоциациясы тәрізді ұйымдар бар. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті өз жұмысына барынша белсенді қоғамдық қозғалыстарды қоса отырып, оларды республикалық және аймақтық деңгейдегі ақпараттық-түсіндіру шараларына тартуда.

Әр жыл сайын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, жастар арасындағы экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша шаралар жоспарын әзірлеуде және іске асыруда. 2014 жылы 750 мың жас азаматтың қатысуымен 8 мыңға жуық іс-шара өткізілді. Ол жұмыстар экстремизм және терроризмнен азат сананы қалыптастыруға бағытталды. 2015 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша 560 мың жастың қатысуымен әртүрлі форматтағы 9 мыңға тарта іс-шара өткізілді [13].

Жастардың діни радикалдануына қарсы қолданып жатқан шаралардың бірі – террористік құрылымдар мен экстремистік қызметті насихаттауға бағытталған интернет сайттарды жабу. Ескертпелі басымдылық шаралар

ретінде, қоғамда экстремизм мен терроризм идеяларын қабылдамауды қалыптастыру үшін көпшілік аудиториямен ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізу қолға алынды.

* * *

Жастар қоғамдық-саяси үрдісте белсенді қатынасып, жоғары электоралдық мәдениетін көрсетуде. Саяси қатынасын көрсету формасы азаматтық бейбіт өмірді қолдау және саяси тұрақтылықты нығайту бағытында екендігінің дәлелі.

Жастардың дінге қатынасты көзқарасының ерекшеліктері келесіде: жастардың бір бөлігі қоғам өмірінде дін мәселесіне аса назар аудару қажет емес деп санайды; сырқы және ішкі саясатта, білім бері, денсаулық саласында діни ұйымдар әрекетін қатаң шектеу керектігін қолдайды. Үштен бір бөлігі өздерін діндарларға да, дінге сенушілерге де жатқызбаса, тағы үштен бір бөлігі өзінің діни айқындалғанын көрсетті.

Жастардың басым бөлігі елміздегі діни жағдайға алаңдайтынын айтып, деструктивті діни ағымдарға күдікпен қарағанымен, басым бөлігі нақты конфессиялардың өкілдеріне толерантты қатынаста екендігін көрсетті.

Осылайша, қазіргі заманауи қалыптасқан жағдайды ескере отырып, өскелең ұрпақ арасында зайырлы мемлекет принциптерін насихаттау және оларды дәстүрлі қазақстандық құндылықтар аясында тәрбиелеу қажет. Терроризм мен экстремизмнің алдын алуға қатысты тиімді жұмыстар жүргізу, интернет кеңістікте заманауи сұраныстарға сай келетін жаңа технологиялар әзірлеу осы қатарға кіреді. Жауапты мемлекеттік органдар жастардың әлеуметтік тұрғыдағы барлық мәселелерін шешуге жіті назар аудару керек. Олардың қатарына білім алу, еңбекпен қамту, жұмыссыздық, баспана жайы және т.б. мәселелерді жатқыза аламыз.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Результаты социологического исследования Института государства и права. – Алматы, 2015.
2. Exit-poll, проведенного Центром социальных и политических исследований «Стратегия» // www.ofstrategy.kz на Президентских выборах 2015 года
3. Изучение общественно-политической ситуации в молодежной среде. Аналитический отчет по результатам социологического исследования НИЦ «Молодежь». – Астана, 2015.
4. Шойкин Г. Участие казахстанской молодежи в деятельности политических партий // Казахстан-Спектр. – 2004. – №3. – С. 60–66.
5. Ешпанова Д.Д. Социально-политические ориентации казахстанской молодежи // Институт парламентаризма. – 2013. – №1(19). – С. 78–87.
6. Национальный доклад «Молодежь Казахстана -2014», МОН РК.
7. Насимова Г. Уровень социальной конфликтности в Казахстане: риски и потенциальные угрозы //Центральная Азия и Кавказ. – 2012. – №4. – С. 104.
8. Состояние государственной молодежной политики: потребности и социальные практики. Аналитический отчет по результатам социологического исследования НИЦ «Молодежь». – Астана, 2015.
9. Онук О. Кризис и социальная мобилизация в государствах переходного периода //http://europeandcis.undp.org/
10. «Сумерочная зона» или «ловушки» переходного периода. – Алматы, 2013. – С. 264.
11. Билялов С.А. Особенности религиозности современной казахстанской молодежи. – 2011. – Электронный журнал «edu.e-history.kz» – http://e-history.kz/ru/contents/view/1332
12. Аналитический отчет по итогам проведения социологического исследования «Мировоззренческие и духовные ценности молодежи на современном этапе: оценка состояния, проблемы, пути решения» по заказу Института философии, политологии и религиоведения МОН РК в рамках тематического плана Администрации Президента РК / Абдирайымова Г.С., Алимбекова Г.Т., Лифанова Т.Ю., Веревкин А.В., Шабденова А.Б., Кенжакимова Г.А. – Алматы, 2015. – 78 с.
13. Данные Комитета по делам религии Министерства культуры и спорта РК.2015 г.
14. Жукова Е.В. Изучение религиозности молодежи г. Петропавловска // Молодой ученый. – 2013. – №5. – С. 604-610.
15. Кирбетов Т. Нам грозят, а мы – не дремлем // Общественно- политическая газета Казахстана. – 20.11.2015/ http://www.time.kz/articles/zloba/2015/11/20/nam-grozjat-a-mi-ne-dremlem
16. Телеканал «Хабар» 400 казахстанцев воюют за ИГИЛ // http://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/item/26473-400-kazakhstantsev-voiyuyut-za-igil



8 тарау

Жастармен жүргізілетін әскери-отансүйгіштік жұмыстар



8.1. ЖАСТАРДЫҢ ӘСКЕРИ-ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕСІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Әскери-отансүйгіштік тәрбие – мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтар қызметтерінің мақсатты және үйлестірілген жүйесі. Әскери-отансүйгіштік тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың бойында Қазақстанға адалдық сезімін, азаматтық борышты, Отанды қорғаудың маңызды заңнамалық міндеттерін орындауға дайындық және жоғары отансүйгіштік сананы қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында жастарды (әскер қатарына дейінгі және әскер жасындағы азаматтарды) әскери қызметке даярлау үдерісі «Азаматтарды әскери қызметке даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 11 маусымдағы №329 және «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасын бекіту туралы» ҚР ҚМ 2014 жылғы 19 желтоқсан №606 бұйрықтарымен белгіленген. Ол төмендегілерді қамтиды:

- бастапқы әскери даярлықты;
- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери даярлықты;
- әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлықты;
- запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықты.

Қазақстан әскерінің өз бағыттарын жақсартқаны Global Firepower ұйымының жаңаша құрастырған әлемдік рейтингінде айтылған. Тізімде көрсетілген 126 елдің ішінде Қазақстанның 80 орыннан 66-орынға көтерілгені байқалды. 18 миллионға жуық тұрғындары бар еліміздің 8,3 миллион азаматтары елін қорғауға дайын екендіктерін білдірген [1].

Жедел әскери қызметке шақыру жылына екі рет Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңына сәйкес ұйымдастырылып өткізіледі [2]. ҚР Қорғаныс министрінің мәліметтері бойынша 2015 жылдың күзінде 18-27 жас аралығындағы 12 мың қазақстандық азамат жедел әскери қызметке шақырылған. 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында ҚР Қарулы күштер қатарында әскери қызмет ететін жастардың (18-29 жастағы) нақты саны 27 212 болса, ҚР әскери жоғары оқу орындарында (соның ішінде шетелдерде) – 2356, жоғары кәсіби білім алушылар мен курсанттар, ал Республикалық «Жас ұлан» мектебінде 372 жасөспірім оқитыны анықталды.

Тұтастай алғанда, әскерге шақыру нәтижелері қазақстандық шақырылушылардың әскери қызметтен бас тартуының азайғандығын көрсетеді. Қазіргі жастардың Отан қорғау қызметінің қажеттігіне көз жеткізуі әскери қызметтің тұрақты әлеуметтік қамтамасыздандырылуымен байланысты болып отыр.

Осы 2015-2016 оқу жылынан бастап Қазақстанның 26 жоғары оқу орнында жігіттермен қатар қыздар да әскери кафедраларда оқи алады.

Бұл нәтижелер жастардың әскери-отансүйгіштік тәрбиесінің белсендірілуімен, Отан қорғаушылардың оң имиджінің қалыптасуымен, әскери қызметтің уәжделуімен және әскери мамандық мәртебесінің нығаюымен өзара байланысты.

ҚР ҚК мекемелерінде және әскери бөлімдерде әскер жасына дейінгі жастарды кең қамту үшін әртүрлі іс-шаралар: соның ішінде («Ашық есік күндері», «Ерлік сабақтары», «Әскерге шақырушылар күні», «Бір күн Қазақстан әскерінде», «Балалардың көзқарасындағы әскер», «Ардагерлерге құрмет, олардың ерлігіне тағзым!») әскери-отансүйгіштік акциялары; байқау-конкурстары; әскери-қолданбалы және спорттың техникалық түрлері мен т.б. әскериленген кростар мен эстафеталар ұйымдастырылды. Әскери бөлімдері мен мекемелеріне 6 мыңнан астам мектептер, лицей және колледждер бекітілген [3].

2014 ж.

25 МЫҢ әскерге шақырылғандар
(көктемгі және күзгі шақыртулар)

2015 ж.

30 МЫҢНАН астам жастар
(көктемгі және күзгі шақыртулар)

Дереккөзі: ҚР ҚМ



Оқушылардың әскери-отансүйгіштік тәрбиесінде, әскери іске оқытуда, оларды біздің Отанымызды қорғап еңбек етуге үйретуде республикалық «Алау» және «Жас ұлан» әскери спорттық ойындарының рөлі зор. 2015 жылы Жамбыл облысы Тараз қаласы әскери бөлімінің территориясында «Жас ұлан» әскери спорттық ойындардың республикалық финалы өткізіліп, оған Алматы және Астана қалаларының, облыстардың жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары оқушыларының арасында облыстық турдың 128 жеңімпазы қатысты. Щучинск қаласындағы ҚР Қорғаныс министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы Кадет корпусының базасында «Алау» әскери спорттық ойындары өткізілді. Бұл ойындардың мақсаты отансүйгіштік тәрбие жұмыстарын белсендіру және балалардың бойында өз халқының тарихи-мәдени құндылықтарына деген құрмет сезімін дарыту болып табылады.

Республикалық қосымша білім беру ғылыми-әдістемелік орталығында әртүрлі, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған «Біздің жеңісіміз!», Отан қорғаушылар күніне арналған «Даңқ. Ерлік. Қаһармандық» сияқты байқаулар өткізілді. Бұл байқаулардың мақсаты әскери-отансүйгіштік тәрбиені насихаттау болып саналады. Қазақстанның барлық аймақтарының қатысуымен әскери-отансүйгіштік бағыттағы клубтардың басшыларының республикалық үйлестіру кеңесі жұмыс істейді.

Жастардың әскери-отансүйгіштік тәрбиесінің негізгі бағыттарын жергілікті орындарда жүзеге асыруда мемлекеттік органдар әскери-отансүйгіштік клубтармен, жас әскери орталықтармен бірлесіп жұмыс істейді. Тек соңғы 15 жылдың ішінде ғана әскери-отансүйгіштік клубтар, үйірмелер мен секциялардың саны 11 есеге өсті. 2015 жылдың 1 шілдесіндегі мәліметтерге сәйкес орта мектептер жанындағы 2193 әскери-отансүйгіштік клубтар, үйірмелер және секцияларға 63 мың әскер жасына дейінгі шақырылушы азаматтар тіркелген.

Республикадағы әскери-отансүйгіштік тәрбиені жүзеге асыру Ауғанстаннан әскер-

лерді алып шығудың 25 жылдығы; ҰОС 70 жылдық жеңісі; кейбір батырлар мен тұлғалардың жетістіктерін көрсету; әскерге шақыру мәселесін, жаңадан шақырылғандардың өмірін талқылау; мемлекеттік символдарға, ұлттық мәдени дәстүрлерге және т.б. құрмет қалыптастыру сияқты алуан түрлі мазмұннан тұрады.



Ауғанстан соғысы ардагерлерінің қоғамдық бірлестігінің әлеуеті белсенді түрде қолданылады. «Жас қыран» қоғамдық жастар ұйымының, «Бүркіт» және «Тараз барыстары» отансүйгіштік клубының және т.б. жұмысқа тартылады. Мәселен, «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық ұйымында Ұлы Отан соғысына қатысқандарға арналған: Кеңес Одағының екі мәрте батыры, әуе күштерінің майоры Т.Ж. Бигелдинов, Кеңес одағының батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов және милиция генерал майоры А. Болсамбеков туралы деректі фильмдер түсірілген; Кеңес Одағы Батырларының 528-ТВ энциклопедиясын құрастыруға мұрағат материалдарын жинақтау толық аяқталды; Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің әлеуметтік мәселелері туралы кездесулер мен «дөңгелек үстелдер өткізіледі»; қоғамның лаңкестікке қарсы сана-сезімін қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күшейту және т.б.

Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында ҚР Тұңғыш Президенті күні аясында жыл са-



йын ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен өткізілетін «Мен жастарға сенемін!» атты республикалық студенттік фестиваль танымалдық танытуда. Оның басты мақсаты әлеуметтік маңызды топ ретінде студент жастардың отансүйгіштік деңгейі мен азаматтық жауапкершіліктерін арттыру болып табылады. Фестивальдың міндеттеріне студенттердің белсенділігін қолдау, қарым-қатынас және тәжірибемен алмасуға жаңа жағдайлар туғызу, дарынды жастарды, әлеуметтік-белсенді студенттерді таңдау және марапаттау, жастардың мемлекеттік құрылымның өкілдерімен, қоғамдық және бизнес ұйымдарымен тиімді диалог ұйымдастыруы кіреді.

ҚР ҚМ-мен «Ержүрек» атты қазақтың ұлы батырлары және Отан қорғаушы ұлттық батырлардың өмірін, тарихи үлестерін баяндайтын 10 томдық жинақ шығарылды.

Тұтастай алғанда, жүзеге асырылып отырған жобаларды талдау қазіргі жағдайда жастардың әскери-отансүйгіштік тәрбиесінің жергілікті орындардағы маңызы мен мазмұнының артып отырғандығын білдіреді.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталатын және Қарулы күштер туралы жағымды пікір қалдыратын ақпараттық жұмыстардың ішінде радио, әлеуметтік хабарлар, уәждемелік және жарнамалық бейне клиптер оның маңызды құрамдас бөліктері деп танылады.

«Хабар» және «Қазақстан» телеарналарында «Айбын» және «Ақсауыт» әскери-отансүйгіштік бағдарламалары көрсетіледі. Әскери әндердің «Жас Ұлан» фестиваліне Қазақстанның барлық 14 облысындағы, Астана және Алматы қалаларындағы әскери-отансүйгіштік клубтардың тәрбиеленушілері, ҚР ҚК барлық түрлерінің әскери қызметкерлері, әскери оқу орындарының курсанттары мен студенттері, сондай-ақ дарынды орта мектеп оқушыларынан құралған 300-ге жуық вокалистер қатысты. Қорғаныс Министрлігі аясында әскери-отансүйгіштік әндерді дәріптеу үшін өткен жылы Қазақ радиосында кең көлемде таратылған «Әскери әндер» атты музыкалық жоба ұйымдастырылды.

Орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты (әрі қарай АӘД) ұйымдастыру жұмыстары үнемі бақылауда болып отыр. Қазіргі уақытта АӘД 455 579 жасөспірімді, соның ішінде 230 241 бозбала қатыстырылған, 5966 білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Әскери-отансүйгіштік тәрбие бойынша жергілікті респонденттердің берген бағасын мысалға келтірейік. Сұралғандардың 29,2%-ы оларда жұмыстың өте жақсы жүретінін, 32,7%-ы жалпы алғанда жақсы ұйымдастырылғандығын, ал 22,9%-ы орташа баға береді. Әскери-отансүйгіштік тәрбиенің жағдайы туралы толық мәліметтер 8.2-суретте көрсетіледі.

Жастардың әскери-отансүйгіштік тәрбие жұмыстарын бағалауы, %

8.2
сурет

	Бұл бізде бар және мұндай жұмыстар жүргізіледі					Бізде мұндай жоқ	Мен бұл туралы білмеймін
	Өте жақсы	Тұтастай алғанда жақсы	Орташа	Нашар	Өте нашар		
Әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары	29,2	32,7	22,9	4,2	1,9	1,8	7,3


Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (әл-Фараби атындағы Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Сауалнама сұрақтарының келесі блогы жастар саясатының кейбір бағыттарының шешілу өзектілігін жергілікті орындарда анықтау деңгейіне байланысты болды. Сұ-

ралғандардың 39,5%-ы оларды бірінші кезекте шешу қажеттігін, 30,3%-ы мұны кейін де істеуге болатынын атап көрсетті (8.3-сурет).



Әскери-отансүйгіштік тәрбиені шығару бойынша сұхбатталушылардың жауаптарын бөлу



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Сол сияқты респонденттердің 35,6%-ы әскери-отансүйгіштік тәрбиені мемлекеттік деңгейде жастармен бірге шешу мәселесінің маңыздылығын атайды (8.4-сурет).

«Кім немесе қандай орган әскери-отансүйгіштік тәрбие бойынша қызметті жүзеге асыруы, реттеуі және жақсартуы тиіс?» деген сұраққа жауаптардың бөлінуі, %



Дереккөзі: Әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Әскери-отансүйгіштік іс-шаралардың мазмұны мен қамтылуы туралы фокус-топтық зерттеуге қатысушылар бұл істердің төмендегідей қажеттіліктерін бөліп көрсетеді:

– жүйелік жұмыстарды республикалық деңгейде күшейту;

– ақпараттық түсіндірулерді қамтамасыздандыру (БАҚ белсенді қолдану, әскери басылымдарды дамыту, жағымсыз негативтерді жою және т.б.);

– әскери-отансүйгіштік тәрбиені жүзеге асыру және басқаруда әртүрлі құрылымдар мен органдарды ғылыми-теориялық және әдіснамалық қамтамасыздандыру;

– әскери бөлімдер мен бөлімшелердің әскери мектептермен өзара байланысының практикалық бағытын нығайту;

– мектептердегі әскери-отансүйгіштік іс-шараларды (ойын әдістері, тарихи жағдайларды қайтадан құрастыру, бағыттылық бойынша іс-шаралар және т.б.) сапалық қамтамасыздандыру;

– жастар арасында әскери-тарихи өткендерді дәріптеу мақсатында жылына бір рет «Жыл жауынгері» (номинациялар бойынша) атты БАҚ-та (радио, телехабарларда) ауқымды жарияланатын жалпы республикалық интерактивтік конкурс өткізу.

Қорыта айтқанда, жүргізілген сауалнамалар нәтижесі респонденттердің көпшілігінің әскери-отансүйгіштік тәрбиені жүзеге асыруды, осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың маңыздылығын түсінетіндіктерін және жағымды көзқараста екендіктерін көрсетеді.

8.2. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БОРЫШТЫ ТҮСІНУІ


Қазақстан жастарының отансүйгіштік мәселесін зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің көпшілігінің өздерін Қазақстанның патриоттарымыз деп санайтындары байқалды.

ҚР БЖҒМ мәліметтеріне сүйенетін болсақ, сұралғандардың 36,5%-ы өздерін өз елдерінің патриоттары, 34,2% жастардың жартысына жуығы өздерін Қазақстанның патриоттары деп санайтынын білдірді. 16,1%-ының айтуынша, отансүйгіш болуға бейімделген жастар аз, 11,8%-ы Қазақстанның жастарын



отансүйгіш деп айтуға қиналатындар деп атап көрсетті [4].

Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі жастардың отансүйгіш туралы түсініктерінің өзгергенін айқындайды [5, 53-54 с.]. Бұл сұрақтар барлық қатысушыларға қойылды және онда Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық негізгі мәселелердің бірі ретінде саналатынын респонденттердің 52,6%-ы; мемлекеттің тарихы мен ата-бабаларымызға деген құрметті 27,6%-ы; өз ұлтының мәдениетіне қамқорлықпен қарау туралы 13,1%-ы дәйектеді. Оның құрылымында тарих пен салт-дәстүрлерге құрмет пен мәдениетіне деген қамқорлық қамтылды (8.5-сурет).



Дереккөзі: Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

Бұған ұлттық деңгейде жүзеге асырылатын іс-шаралар ықпал етеді.

Осылайша, ҚР мемлекеттік символдарының танымалдығын насихаттау бойынша республикалық жастар форумы, «Үздік еріктілер-2015» республикалық конкурсы, халықаралық және қазақстандық жастар ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен Қазақстандағы шетелдік студенттік ұйымдарының слеті өткізілді.

«Жастар – Отанға!» атты жастар лагері белсенді жұмыс істейді, мемлекеттік тілде

«Жайдарман» және «Жайдарлы Жас ұлан» КТК ойындары өтіп тұрады [6].

Ұсынылған мәліметтер қазіргі заман жастарының рухани құндылықтары және дүниетанымдарымен үйлеседі.

Бұл зерттеудің нәтижесі бойынша Қазақстан жастарының 57,8%-ы өздерінің Отанын Қазақстан Республикасы деп санайды.

8.6-суретте «Сіз өзіңізді өз еліңіздің патриотымын деп санайсыз ба?» сұрағының жауаптары берілген.



Дереккөзі: Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

Тарихи мәтіннен тыс отансүйгіштік тәрбие мүмкін емес. Фокус топ зерттеу нәтижелері қазіргі жастардың өздерінің ата-бабаларының ерліктерін білетіндігін, бірақ өткен тарихи оқиғаларға аз қызығушылық танытатындығын көрсетеді. Сауалнама сұрақтарының нәтижелері бойынша мираскерлік өткен дәстүрді білуге сауалнамаға қатысушылардың 23,8%-ы қызығушылық танытады.

Респонденттердің көпшілігі, нақтырақ айтқанда, 32,2%-ы мұны білудің міндетті емес екенін айтады. «Жауап беруге қиналамын» жауабын көбінесе қала респонденттері береді. Респонденттер соғыс қаһармандары туралы ақпараттарды, отансүйгіштік оқиғаларды «Қазақстан тарихы» курсының мазмұнынан, кинофильмдер, интернет, БАҚ арқылы білетінін көрсетеді. Демек, отансүйгіштік тәрбиені дамытуда тарих пен өткенді ұғыну арқылы жоғарыда белгіленген ресурстардың әлеуетін белсенді қолдану қажет.

Жастар санасында еліміздің азаматтық борышы заңға бағыну, өз халқы мен Отаны-

мызға құрмет пен мақтаныш, өз елінің игілігі үшін еңбек пен қызмет етумен байланысты.

Олай болса, еліміздің жастары үшін азаматтық борыш – біріншіден, еліміздің заңдарын сақтау, сонымен қатар заңға бағыну (43,4%).

8.7 сурет Жастардың азаматтық парызды түсінуі, %
Азаматтық парыз – бұл:




Дереккөзі: Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

Сарапшылардың пікірінше, фокус топқа қатысқан зерттеуде заманауи жастар үшін денсаулық пен отбасы құндылықтарынан өзге, олардың білімі мен кәсібі, азаматтық, содан кейін ұлттық тиесілілік маңызды. Сарапшылар көптеген жастардың кәсіби мансапқа жету жолдарын білім беру сапасымен, еңбекқорлықпен, мақсатқа жету үшін көп еңбектенуге дайын болумен байланысты деп есептейді.


Бұл жүргізілген сауалнама деректерімен расталады. «Кәсіби табысты мансаптың қосындыларын атаңыз» сұрағына берілген жауаптардың мәні бойынша (8.8-сурет), көшбасшылық ұстанымның үштігіне жастар білім мен біліктілік, еңбекқорлық пен қарымқатынасты жатқызады.

8.8 сурет Жастардың пікірінше табысты кәсіби мансаптың қосындылары, %



Дереккөзі: Әлеуметтік зерттеулер нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының мәліметтері бойынша)

8.9 сурет Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу бойынша аймақтардың жұмыстарын бағалау, %



Дереккөзі: Жастардың әлеуметтік сауалнама нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру бойынша тұтас жұмысты бағалау кезінде респонденттердің 93,9%-ы жұмыс жүргізіліп жатыр деп есептейді. Респонденттердің бұл жұмысты бағалауы бойынша жауаптары келесі түрлерге бөлінген: өте жақсы жүргі-



зілуде – 30,5%; тұтасымен жақсы – 36,7%; орташа – 19,5%; жаман – 19,5%; өте жаман 2,2%; мұндай бізде жоқ – 1,7%; мен бұл туралы білмеймін – 4,3%.

Қазақстандық отансүйгіштік тәрбиесін өсіру бойынша сарапшылардың ұсыныстары

8.10
сурет

Отансүйгіштікті өз ісін әділ және жоғарғы кәсіби деңгейде жүргізетін және елдің мәртебесін көтеретін жетістікке жеткен адамдардың мысалында тәрбиелеу қажет (Алматы қ.).

Жеке тұлғалық қасиеттің қалыптасуын отансүйгіштік сезіміне жетумен байланыстыру қажет (Атырау облысы). Ел отансүйгіштері күнін бекіту керек және кеңінен тойлап, сәйкес жетістіктері бар шын отансүйгіштерге құрмет көрсету қажет. Осының барлығын БАҚ арқылы кеңінен жариялау. «Отансүйгіш» түсінігі мен мазмұнын жаңа нысанда жариялау қажет (Батыс Қазақстан облысы).



Дереккөзі: Фокус-топтық зерттеу нәтижелері (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық институтының мәліметтері бойынша)

Аймақтардың отансүйгіштік тәрбие бағыты әртүрлі. Аймақтар бойынша бірнеше бірлестік кеңесі қызмет етеді. Айқын жандануы мен белсенділігін біз Павлодар (50,6%), Алматы (43,5%), Батыс Қазақстан (39,5%), Қызылорда (38,8%) және Солтүстік Қазақстан (37,9%) облыстарынан көреміз (8.9-сурет). Ұсынылған құжаттар мен есептерді талдау жастар арасында нақты акциялар мен нақты жобаларды өткізуге, жұмыстың оң сәттерінің санына жатқызуға мүмкіндік береді: Қызылордада «Жастар саясатымен отансүйгіштік тәрбие беру жөніндегі», Маңғыстауда «Менің Қазақстаным» жастарға арналған отансүйгіштік фестивалі, «Мәңгілік ел», «Қазақ хандығының тарихы» (Астана), Қостанай облысында жыл сайын «Жас отансүйгіш» әскери-отансүйгіштік клубы слет өткізіп тұрады, 2016 жылда ол 10 рет өтетін болады.

* * *

Сонымен, жүргізілген зерттеулердің нәтижесі ҚР жастар саясатын іске асыруда отансүйгіштік тәрбиенің орны ерекше екендігін көрсетеді.

Әскери-отансүйгіштік тәрбиені мемлекеттік деңгейде іске асыруда үнемі жаңарту және отансүйгіштік тәрбиенің мазмұнын байыту, оның әдістерін, формалары мен құралдарын, қоғамдық ұйымдардың өзара байланысы, мемлекеттік органдармен және құжаттарға қызығушылық танытатын басқа әлеуметтік институттар; мемлекеттік сананы қалыптастыру жиынтығы мен өз Отанының патриоты болу мәселесін көтеру қамтылған. Қазақстан жастары әскери-отансүйгіштік тәрбиеге белсенді қатысады, оның ерекше бағыты Отанға қызмет етуді түсінеді.

Ұйымдастырушы жетекшілердің және отансүйгіштік тәрбиемен айналысатын мамандардың ғылыми-әдістемелік даярлығының жоғары дәрежедегі дайындығын атап көрсетуге болады.

Отансүйгіштік тәрбие бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың қызметінің бағыттарын талдау бұл қызметтің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл қызметте жастардың отансүйгіштік құндылықтардың мәнін түсінуі, олардың азаматтық ұстанымдарының белсенді дамуы және құқықтық тәрбиенің, саяси мәдениеттің, әлеуметтік белсенділіктің қоғамдық-маңызды жұмыстар арқылы дамуына назар аударылды. Жастардың әскери қызметке моральдық-психологиялық даярлығының қалыптасуына, мақсатты түрде Отанға қызмет етуіне көңіл бөлінеді.

Берілген бағытта жұмысты жақсарту және оны одан әрі жүзеге асыру мақсатында ЖОО әскери кафедраларымен, жергілікті атқарушы немесе басқару органдарымен бірлесіп бейіндік іскерлікке бағытталған іс-шараларды, елдің қорғаушысы кәсібін насихаттауда тиімді жұмыстар жүргізу; ҚР ҚМ мен ҚР БжҒМ-не жаңа білімділік және әлеуметтік-мәдени технологияларын әскери отансүйгіштік тәрбиеленушілердің нұсқалары мен кеңестерін іске асыру.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. http://asker.kz/blog/army_news/armiya-kazaxstana-podnyalas-na-14-strochek-v-mirovom-rejtinge.html желісінің материалдары
2. «ҚР әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы заңы. 16.02.2012 ж. <http://www.mod.gov.kz>.
3. ҚР ҚМ 06.08.2015 ж. №01-3-06-6/2639-И (күпия емес) 8 беттік статистикалық мәліметтері.
4. Социологиялық зерттеу нәтижесі бойынша талдаушылық есеп. «Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайларды оқыту». – Астана, 2015.
5. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша талдаушылық есебі. «Жастардың заманауи кезеңіндегі дүниетанымдық және рухани құндылықтары: жағдайды бағалау, мәселелер, шешу жолдары» Философия және саясаттану институтының тақырыптық жоспары бойынша арнайы тапсырысы ҚР Президент әкімшілігі / Г.С. Абдырайымова, Г.Т. Алимбекова, А.Б. Шабденова, С.Е. Сағденов, Г.А. Кенжакимова. – Алматы, 2015. – 78 б.
6. «Жастар және жастар ұйымдарымен жұмыс жасаудың жүйелілік тұрғылары» атты семинардың әдістемелік материалдары. Жеке категориядағы жастарға арналған технологиялық пакет. Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін арттыру, талдау, мониторинг жасау және рейтингтер жүйесі. – Тараз: ҚР БжҒМ, ҒЗО «Жастар», 2015. – 88 б.



ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстан жастары – 2015» Ұлттық баяндамасында жастар мүмкіндіктерінің даму үрдісі мен жай-күйіне қатысты мәселелер кешенін қарастыру бірқатар тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы халық санындағы жастардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары болып табылады. Статистика комитетінің ақпараттары бойынша, еліміздің әрбір төртінші тұрғыны зерттеліп отырған жас тобына – 14-28 жасқа (қоса санағанда) жатады. Жастар құрылымындағы ең үлкен санға ие 24-28 жастағылардың тобы құрайды, алайда, жақын жылдарда бұл жастағылар санының төмендеуі байқалады. Ауыл жастарының үлестік салмағы қала жастарының үлесінен төмен болып қала берген және оның төмендеу үрдісі соңғы 2 жыл бойына сақталып келеді.

Соңғы бес жылда барлық жас топтарында туылым көрсеткіштері өсті. Отбасы жастар үшін басты өмірлік құндылықтар қатарында сақталып қалып отыр.

Аймақтардың экономикалық дамуындағы әркелкілігі ішкі миграцияның өсуіне септігін тигізеді. Ауылдар мен кіші қалалардағы әлеуметтік инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі мен жұмыссыздық – ауыл халқының қалаға қарай ағылуы мен ішкі миграцияның негізгі қозғаушылары болады. Ішкі миграция бойынша ерекше үлкен оң сальдоға Астана мен Алматы қалалары ие болып отыр.

Соңғы жылдары, ерлер мен әйелдердің неке тұру жасы біртіндеп өсіп келеді. Жастар арасындағы ажырасу деңгейі айтарлықтай жоғары. Жастардың пікірінше, ажырасудың негізі себептеріне: жұмыссыздық, жұмысқа орналасу, материалдық қиыншылықтар, жас отбасының өз тұрғын үйіне қол жеткізуі мүмкіндігінің төмендігі, жас жұптардың отбасылық өмірге психологиялық тұрғыдан дайын болмауы мәселелері жатады.

Миграциялық әлеуеттің үрдісі теріс сальдомен белгіленген, жастар Қазақстан қалаларына жұмысқа орналасу мақсатымен көшеді, ал шетелге эмиграция, негізінен, білім алу мен өмір сүру жағдайын жақсартумен байланысты.

Жастар әлеуметтік тұрғыда елеулі мәнге ие аурулар бойынша қауіп-қатер тобының айтарлықтай үлесін құрайды, сондықтан осы аурулардың алдын-алу шараларына бағытталған мақсатты және кешенді жұмысты талап етеді. Зиянды әдеттердің қалыптасуы мен әлеуметтік икемсізденуінің алдын-алу мақсатындағы спорттық-көпшілік және т.б. әлеуметтік белсенділіктермен қамтылмайтын жастардың жекелеген топтарымен әлеуметтік жұмыстарды жүргізу қажеттілігі аса өткір мәселе болып тұр.

Білім беру мен жұмыспен қамтылу едәуір жоғары деңгейде және дамыған елдердегі замандастарының көрсеткіштерімен салыстыруға әбден болады. Алайда, білім беру, жұмысқа орналасу аясында Қазақстан облыстарының әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейінің теңсіздігін көрсететін аймақаралық айырмашылықтар байқалады, оның нәтижесінде сапалы білім алуға қолжетімділік теңсіздігі, ақырында, адам капиталы мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі деңгейінің төмендеуіне алып келеді.

Жастар санасында болашақ өмір үшін білім алудың маңыздылығы жоғары дәрежеде зерделенген және де бұл көптеген әлеуметтік сұраулармен дәлелденген. Жастардың жоғары деңгейдегі және қосымша білім алу қажеттілігі де өсіп келеді.

Жастардың ортасында қылмыстылық динамикасы төмендегені де байқалады. Аймақ қимасында барлық дерлік жас топтарында қылмыс жасағандар бойынша ең жоғары қылмыстылық – Қостанай, Шығыс-Қазақстан және Алматы облыстарында байқалған. 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда еліткіш, психотропты заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланушы кәмелеттік жасқа толмағандар саны 2,5 есеге төмендеген.

Өз өміріне қол жұмсаумен күрес жүргізуде «шұғыл» сипаттағы кешенді шараларды қолдану 2014 жылы жастардың өзіне-өзі қол салу жағдайларының санын төмендетуге және 2015 жылдың бірінші жарты жылында осы үрдісті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Аймақтардағы өзіне-өзі қол салу әрекеттері санында үлкен айырмашылықтар бар. Ең жо-



ғарғы әрекеттер жасау коэффициенті Шығыс Қазақстан облысына және ең төменгісі – Батыс Қазақстан облысына тиесілі. Осылайша, қоғамға қарсы құбылыстардың аймақтық негіздері әлеуметтік қауіп-қатер тобындағы жастармен жеке-жеке жұмыс жүргізуді жергілікті жерлерде атқаруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруы, мәдени-бос уақыттық әрекет инфрақұрылымының жақсаруы, мәдени-ойын-сауық мекемелері объектілерінің меншіктік құрылымын өзгерту бойынша шаралар кешені жастардың аталмыш аядағы іс-шараларға ризалығын жоғарылаты. Спорттық және көпшіліктік ойын-сауықтық қызметтегі жағдайларды бағалау динамикасы маңызды. Мәдениет саласында өнерлі жастарды қолдауға қатысты мемлекет жасап отырған жағдайлар оң көзқараста бағаланып отыр. Сонымен қатар, қала мен ауылдың бос уақытының жағдайларына қатысты айырмашылық бар. Ұсынылып отырған бос уақыттағы мәдени қызметтердің сапасының жоғарылауы маңызды болады. Халықтың әлеуметтік тұрғыдағы әлсіз топтарының бос уақыттағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің нашарлау қаупі бар.

Жастардың бос уақытын ұйымдастыру – олардың девиантты, теріс тәртіптерінің алдын-алу үшін қажет. Қазақстан үшін жастардың өзіне-өзі қол жұмсау, аддитивтік тәртіптерінің алдын-алу мәселелері өзекті. Аталмыш құбылыстардың статистикалық тіркелулерінің жүйесін жаңарту, сонымен қатар, осы ақпараттардың аймақтар, мемлекет деңгейінде жүйелі, аналитикалық және тоғыспалы талдауы, бос уақыттық шараларды жақсарту мақсатындағы кешенді алдын-алу бағдарламаларын жасау қажет болып табылады.

Жастар жоғары сайлаушылық мәдениетті көрсетіп, қоғамдық-саяси қозғалыстарға қатысады, 2015 ж. Қазақстан Республикасының Президенті сайлауында белсене қатысты. Жалпы, қазақстандық жастар теріс әрекеттердің нақты түрлеріне әуестенбеген. Солай бола тұра, қазақстандық қоғамда наразылықтың ақырғы шараларына жүгінуін болдырмау мақсатында, ең алдымен әлеуметтік-эко-

номикалық мәселелерді шешуге бағытталған шаралар қажет.

